

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

8/2011 ТАМЫЗ

## МАЗМҰНЫ

<b>Таным табиғатында</b>	
Айым ЕРІМБЕТОВА.	Қазақ және түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерінің пайда болуына әсер етуші факторлар.....3
<b>Көкейкесті көзқарас</b>	
Амангүл ТӨЛЕУБЕКҚЫЗЫ.	Қатені болдырмау үшін жүргізілетін жұмыстар.....9
Өтебай СЕРӘЛІ.	Сын тұрғысынан ойлау әдісін ұлттық ойындармен сабақтастыру.....13
<b>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
Анархан БАРЛЫБАЙ.	Іс-қағаздарының түрлері, тілдік-құрылымдық ерекшелігі.....16
Гүлмира АРЫСТАНБЕК.	Сын есімнің мағыналық түрлері.....22
Гүлмира ӘДІЛГЕРЕЙҚЫЗЫ.	Аралас құрмалас сөйлем.....25
Ардақ СЕЙІТҚАЗИНОВА.	Сын есім туралы түсінік.....29
Меңжамал ШОТАНБЕКОВА.	Лексика тарауын шолу: шығармашылық жұмыс.....32
<b>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
Жанар ТЕМІРХАНҚЫЗЫ.	«Қорқыт ата кітабы».....36
Сағындық РАМАЗАНҰЛЫ.	«Аяз би» ертегісін блок-модуль жүйесімен оқыту.....41

Әлмира ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ.	Рабғузи қиссаларындағы адамгершілік идеясы.....	47
Бақыт АХАНОВА.	«Батыр Баян» поэмасындағы кейіпкерлер....	53
Гүлден ЕРМЕКБАЙҚЫЗЫ.	Ахмет Иассауи өмірі, шығармашылығы.....	58
Гүлжәмила ҚАРЖАУБАЙ.	Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады».....	60
Ұлбосын БЕРДЕШОВА.	Ахмет Байтұрсынұлы. «Өгіз бен бақа».....	64
<b>Оқулыққа қосымша</b>		
Фазылбек БИСЕНҒАЛИ.	«Кенесары-Наурызбай» жырының нұсқалары.....	68
Алма ДОСОВА.	Тахауи Ахтанов прозасының танымдық табиғаты.....	76
<b>Сыныптан тыс тәрбие</b>		
Жұмабақыт РАХМЕТОВА.	«Өнер керек, ұрпаққа өлең керек».....	86
Ханбибі КҮНБОЛҚЫЗЫ.	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» жарысы..	92
<b>Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы</b>		
Қалдықыз НҰРТАЗАЕВА.	Мұқағали өмірі, шығармашылығы. «Қайырлы түн» өлеңі.....	96
Мүгілсім СӘТБЕКҚЫЗЫ.	«Бір өлеңі бір елдің мұрасындай», «Елім барда».....	100
<b>Оқушы ізденісі</b>		
Әсия РЫШКЕН.	«Тазының өлімі» және «Көкбалақ» повесіндегі ұлттық сипат.....	104
<b>Сыныптан тыс сабақ</b>		
Айнұр САҚТАҒАНОВА.	Даланың дара тұлғасы.....	108
Ботагөз АХМЕТЖАНОВА.	Ғабит Мүсірепов. «Жаңа достар».....	112
Айымхан ТӨРЕНИЯЗОВА.	Тілім менің - тірлігімнің айғағы.....	114
<b>Оқырман ой қозғайды</b>		
Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ.	Қисса жанры неге жоғалды?.....	117
<b>1-қыркүйек - Білім күнінде</b>		
Сафура ТЕМІРБАЕВА.	Бала жанын сүйеді жыр-жүрегім.....	122
<b>Жас маманға жәрдем</b>		
Ботагөз ЖОЛДАСҚАЛИҚЫЗЫ.	Лексика тарауы бойынша тест.....	128
Әйгерім ӘМЗЕҚЫЗЫ.	Қосарлану жолымен жасалған туынды сөздер.....	131
Айғаным ҚҰРЕСҚЫЗЫ.	Әдебиеттен тест.....	132
Әлия НИЕТАЛЫҚЫЗЫ.	Тұрақты сөз тіркестерінен өткенді қайталау.....	135
Әсемгүл ӘБЕНОВА.	Тест (7-сынып).....	138

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшиһур Жүсіп, Серік Мақпырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Айым ЕРІМБЕТОВА,  
Тұрар Рысқұлов атындағы  
ҚазЭУ-нің доценті, ф.ғ.к.

# ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ДЫБЫС СӘЙКЕСТІКТЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Тіл эволюциялық дамуының барысында бірнеше заңдылықтарды дүниеге әкеледі. Солардың ішіндегі негізгі сөздік қорымыздың жүйесін құрайтын тілдік бірліктердің өн бойында табылып отыратын және тілдің тарихымен астасып жатқан заңдылықтардың бірі – дыбыс сәйкестіктері. Дыбыс сәйкестіктері тарихи заңдылық ретінде барлық халықтар тілінде орын ала отырып, әрбір этностың базистік лексикасының дамуына тікелей әсер етеді.

Айналадағы құбылыстар мен заттарды танып-білуде және оларды атауда тілдің сыртқы қабығы мен ішкі мазмұндық жағы қатар қызмет атқарады. Адамның танымының тереңдеуіне байланысты таныған нысанның да қыр-сыры ашылады. Ал бұл үдеріс өз кезегінде сол нысанға тағылған тілдік бірліктің мазмұны мен тұрпатындағы өзгерістерді туғызады. Тілдік бірліктің тұрпаты дыбыстардың белгілі бір ретпен тіркесімділігі арқылы көрінеді. Дыбыстардың алмасуына сыртқы факторлар және сонымен бірге тілдің дамуын туғызатын ішкі факторлары әсер етеді. Дыбыстардың ішкі факторларлардың әсерінен алмасуы әр түрлі болады: грамматикалық алмасу және позициялық алмасулар, тарихи алмасу және фонетикалық алмасулар. Фонетикалық алмасу дыбыстар сәйкестігі арқылы көрінеді. Бір тіл ішінде де, туыс-

тас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың вариантталып, тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысын дыбыстар сәйкестігі дейміз.

Қазіргі қазақ тіліндегі дыбыстар сәйкестігінің табиғатын тереңдей тану үшін барлық түркі тілдеріндегі салыстырмалы-фонетикалық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене одан да арғы алтай дәуірінің тілдік жүйесі туралы пікірлерді ескереміз. Сонымен қатар жалпы тілдің пайда болуы мен дамуы туралы ғалымдардың айтқан пікірлерінің де дыбыс сәйкестіктерінің табиғатын танытуда маңызы зор. Тіл білімінің барлық салаларына қатысы бар дыбыстардың сәйкесуіне себепші болған дыбыстардың жаңа сапаға, қасиетке ие болуына итермелеген жалпы адамзаттың дамуына әсер етуші факторларға тоқталайық.

Фонетикалық құбылыстардың тілдегі өзгерісін, тіл дыбыстарының жаңа сапаға ие болуын тарихи тұрғыдан қарастырғанда сөйлеу мүшелеріне тікелей қатысты. Тіл білімінде сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасаудағы қызметінің көмейден ерінге, ауыздың төменгі жағынан жоғары жағына қарай жылысуы сияқты заңдылыққа негізделетіні туралы пікірлер бар. Айталық, белгілі ғалым Бодуэн де Куртенэ оның негізгі себебі ретінде тіл дыбыстарының айтудағы үйлесімділікке, әуезділікке ұмтылуын айтады да, адам ақыл-ойының тілдік қолданыстағы мынадай үш бағытын көрсетеді: 1. «Орталықтан сыртқа қарай, фонация (сөйлеу). 2. Сырттан орталыққа қарай, аудиция (тыңдау). 3. Ми орталығындағы ақыл-ой қозғалысы, церебрация» (ойлау). Ғалым ықшамдалу ұстанымының сөйлеу дағдысымен қатар ақыл-ой қызметімен де тікелей байланысты физиологиялық құбылыс екеніне ерекше тоқталады. Ол ықшамдауды тіл дамуының жалпы себептерін тудыратын үйлесімділікке ұмтылумен сабақтастырады. Тілдің дамуына тікелей ықпал ететін үйлесімділікке ұмтылу заңдылығын былайша сипаттайды: «Дыбыстар мен дыбыс сәйкестігінің ең

қиыннан жеңілдеуіне қарай бейімделуінде бұлшық ет пен жүйке қызметі жеңілденуіне күш салу; ықшам формаға бейімделу; нақтылықтан абстрактілікке өтуде ойдың дерексіздігінен арылу, т.б.». Шынында да, ойды нақты түрде тіл арқылы беруде сөйлеу аппараттарына көп күш түсірмей, сөйлеуге аз энергия шығындай отырып іске асыру ұстанымы дыбыстардың жаңа сапаға ие болуына ықпал етті. Осы ұстанымнан туындайтын ықшамдалу қызметінің негізгі себептерінің бірі – сөйлеу мүшелерін, жүйке жүйелерін қозғалысқа келтіретін бұлшық ет қызметін үнемдеу болып табылатын психофизиологиялық фактор деген ғалымның пікіріне қосыламыз.

Жалпы адамзат баласы тіліне тән қасиет – сөйлеуге кететін күшті барынша аз жұмсауға ұмтылу. Сөзді айтуға кететін физикалық қуатты үнемдеп жұмсауға барлық тілдің мүмкіндігі бар. Дүние жүзі тілдерінің ішінде түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың өзгерістері түрліше таралуы бұл құбылыстың тек үнемдеу заңымен ғана байланысты емес, сонымен қатар ықшамдалу мәселесінің халықтың этногенезі мен глоттогенезіне тікелей қатысты бола отырып тілде заңдылық ретінде қалыптасқандығын көрсетеді.

Тілдің белгілі бір тарихи кезеңдерден етуіне байланысты тілші Бодуэн де Куртенэ былай дейді: «Переход от языкового состояния животного и дочеловека к языковому состоянию человека состоял в общем выходе звукопроизводительной деятельности из полости гортан и полость рта и в появлении настоящей членораздельности (артикулированности) произношения. ... Первоначальное очеловечение языка состояло в выходе главной массы произносительной деятельности из полости гортан и в полости рта».

Сонымен қатар ғалым еңбегінде тілге қатысты элеуметтік факторларды көрсете отырып, үңгір адамдарының иек-тіл бұлшық еттері өте әлсіз болғандықтан тіл алды дыбыстарын айтуға қабілетсіз, тек тіл арты дыбыстарын айту мүмкіндігіне

не болғандығы туралы пікір айтады. Осы пікірге сүйене отырып тіл алды дыбыстарының адамзаттың биологиялық, физиологиялық дамуы негізінде олардың артикуляциялық мүмкіндіктерінің жетілуіне байланысты қалыптасқан деген тұжырымға келеміз. Мұндай физиологиялық үдерістер ұзақ мерзімді қамтиды. Ал тіл арты дыбыстарының тіл алды, тіл ортасы дыбыстарына өзгеру процесі тілдің бүкіл жүйесіне әсер етеді. Сондықтан сөз мағынасының өзгеруі, жіктелуі, саралануы, жаңа сөздердің жасалуы арқылы жүзеге асатын тілдің даму үдерісі адам миының физиологиялық жағынан дамуымен және психологиялық, логикалық, танымдық жетілу үдерістерімен бірге жүреді. Осындай жалпы адамзаттың дамуына тән үдерістердің негізінде тілдің фонологиялық-морфологиялық-семантикалық дамуы да жүзеге асады.

Дыбыстар сәйкестігінің пайда болуына негіз болатын мынадай фонетикалық және физиологиялық құбылыстарды атауға болады: 1) сөзді айтуға, дыбыстауға кететін энергияны үнемдеу; 2) дыбыстауға кететін күшті (қуатты) мейлінше аз жұмсау; 3) үйлесімділікке ұмтылу; 4) әуезділікке ұмтылу; 5) дыбыстардың өзгеруге табиғи бейімділігі; 6) тілдік жүйені жетілдірудің ішкі қажеттілігі; 7) фонемалардың функционалдық сипатына қарай саралау; 8) дыбыстардың артикуляциялық орнын өзгертуі; 9) бір дыбыстық кешендегі дыбыстардың позициялық жағдайы; 10) өзгертін дыбыстың белгілі бір дыбыстардың қоршауында келуі; 11) екпін; 12) әлеуметтік орта; 13) географиялық жағдайдың өзгеруі; 14) тілдердің бір-бірінен ажырасуы; 15) тілдердің бір-бірімен тоғысуы және т.б. Осы аталған кез келген физиологиялық немесе фонетикалық құбылыстар дыбыстардың ауысуына белгілі бір дәрежеде үлес қосады. Аталған құбылыстармен бірге белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасқан дәстүрге бейімделу немесе белгілі бір ұрпақтың келесі бір жаңа кезеңдегі ұрпаққа ауысуы сияқты қоғамдық-әлеуметтік факторлар да тілдің жүйесіне әсер етіп, дыбыстардың

өзгеруіне әкеліп соғады.

Тіліміздің фонологиялық жүйесін құрайтын фонема басқа фонемалармен морфема деңгейінде ғана емес, сонымен қатар фонологиялық деңгейде де үндеседі. Сондықтан дыбыстар сәйкестігінің пайда болуына әсер етуші факторлардың бірі ретінде фонемалардың позициялық-комбинаторлық ерекшеліктерін атауға болады. Бұл туралы Н.А.Баскаков түбірге аффикстердің жалғануы кезінде дауыссыздар тоғысып ассимилятивті және диссимилятивті үдерістер жүретіндігін айтады. Бір буынды сөздерден көп буынды сөздердің қарқынды жасалуы да дыбыстардың сәйкесінуіне оң әсерін тигізеді. Зерттеуші О.Прицак диссимилятивті өзгерістердің нәтижесінде әлсіз дауыссыздар күшейетіндігін мынадай фактілермен дәлелдейді: нд>нт, лд>лт, рд>рт: *барді* 'он пошел' > *барті*, *бәрдім* 'я дал' > *бәртім*. Әрине, бұл пікір әлі де тереңей зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, сәйкесетін дыбыстар генетикалық жағынан бір-біріне жақын, туыс болып келетіні анық. Бұл туралы проф. Б.Сағындықұлының еңбегінде дыбыстардың өзгеруге табиғи бейімділігі, позициялық жағдай, дыбыстар қоршауы, дыбыстардың артикуляциялық орнын өзгертуі, екпін, үнемдеу құбылысы, үндесу, тілдердің бір-бірінен ажырасуы немесе тоғысуы, тағы осы сияқты толып жатқан ішкі және сыртқы факторлар фонетикалық өзгешеліктерді, сонымен қатар дыбыстар сәйкестігін де айқындаушы тегершіктер болып табылатындығын айтады.

Қазақ тілінің дамуындағы тарихи ерекшеліктерді танытатын дыбыстар сәйкестігі сөз семантикасының мағыналық дәлдіктерін толық сақтай отырып туыстас тілдер арасында болатын тарихи өзгерістермен ұласады.

Басқа да тіршілік иесіне тән пайда болу, өсу, өрбіп-өну, өлу сияқты биологиялық қасиет тілге де тән болғандықтан түркі халықтарына ортақ болған баба тілдің де өзіне тән даму кезеңдері болғаны баршаға аян. Мыңдаған жылдарды

камтитын ұзақ мерзімдік даму барысында баба тілден бөлініп шыққан тайпалық говорлардың жеке тіл болып қалыптасуы да бір мерзімде болған жоқ. Дүниедегі алуан түрлі объективті, субъективті себептермен тығыз байланыста дамитын кез келген тіл сол тілде сөйлеуші халықтың қалыптасуымен де тікелей қатысты. Сондықтан туыс тілдердің туыстастығы қаншалықты дәрежеде екенін ажыратуда тарихи дыбыс өзгерістерін, соның ішінде сәйкестіктерді негізгі айырым белгі ретінде алуға болады. Синхронды тұрғыдан қарағанда жекелеген бір тілдің ішінде дыбыстардың сәйкесуіне артикуляциялық-акустикалық ықпал анық көрінбегенімен, тарихи тұрғыдан алып қарағанда адам физиологиясының жетілуіне орай жүретін артикуляциялық дамудың белгілері анық байқалады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. I том. М., 1963.
2. Бодуэн де Куртенэ. Об одной из сторон постепенного изменения языка в области произношения, в связи с антропологией. Введение в языковедение. Хрестоматия. М., 2000.
3. Е.Д.Поливанов. Факторы фонетической эволюции языка как трудового процесса. Статьи по общему языкознанию. М., 1968.
4. Н.А.Баскаков. Историко-типологическая морфология тюркских языков. М., 1979.
5. А.Щербак. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., «Наука», 1970.
6. Б.Сағындықұлы. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А., 1994.







**Амангүл ТӨЛЕУБЕКҚЫЗЫ,**  
**«Көктөбе» ауылындағы**  
**мектептің мұғалімі.**  
Павлодар облысы,  
Май ауданы.

## **ҚАТЕНІ БОЛДЫРМАУ ҮШІН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР**

Мұғалім грамматика мен емледен оқушылардың білімін, дағдысы мен шеберлігін есепке ала отырып, олардың жақсы және олқы жақтарын біледі, ол өзінің дәптерінің бірнеше бетін сыныптағы білімі анағұрлым нашар балаларға арнайды. Осы дәптерге үнемі сол балалардың қатесін белгілеп жазып жүреді. Мұғалім оқушылардың орфографиялық сауаттылығын қадағалап, кейбір оқушыларға жеке тапсырмалар береді.

Оқушылар жазу жұмыстарында қате жібермеу үшін өздігінен жұмыс жүргізуге тиіс. Осы тұрғыдан олар өздері қате жіберген сөздерін дәптерлеріне жазады, оны жою жолында жұмыстанады. Оқушы мұғалімнің басшылығымен сөздерді жазып қоюға ғана емес, сонымен қатар өздерінің қателерін жою үшін өздік жұмысқа да үйренуге тиіс. Біршама уақыт өткеннен кейін мұғалім сыныппен жұмыс кезінде керекті сөзді жазғызады, қалай жазылып тұрғанын талдатады. Мұндай жұмыс балалардың белсенділігін арттырады.

Тоқсан соңында, жарты жылдың соңында, оқу жылы соңында мұғалім оқушылардың жұмыстарына толық талдау жасайды. Кейбір оқушыларға тән қателерді теріп жазады, осының нәтижесінде әрбір оқушының және бүкіл сыныптың

үлгерімі жөнінде тұтас карта жасалады. Мұғалім балалардың төмендегідей қате жіберу себептерін анықтайды:

1. Оқушы ережені білмегендіктен (кезінде түсінбеген немесе ұмытып қалған) жіберген бе?;

2. Ережені біледі, бірақ оны жазуда дұрыс қолдана алмаған, яғни, ережені жазуда қолдану дағдысы қалыптаспаған;

3. Ережелерді араластырып шатастырады;

4. Жазып отырған сөзінің мағынасына (не жазып отырғанының өзінде түсінбейді) түсінбей, зейін қоймай, механикалық түрде әрекет етеді;

5. Кейбір дыбыстарды қате естиді немесе өзі қате айтады да өзін-өзі бақылай алмайды;

6. Асығыс, ұқыпсыз орындау салдарынан қатені байқамайды, т.с.с.

Себептерін анықтағаннан кейін соған сәйкес қосымша жұмыс ұйымдастырады.

Оқушылардың жұмыстарында кеткен қателерді түзету жолдары да алуан түрлі. Қателерді қай кезде түзету керек? Егер жұмыс шағын болса, сол кезде-ақ түзету керек. Мәселен, ескерту, түсіндірме диктанттары, көшіріп жазу жаттығуларын сол сабақтың үстінде-ақ түзетуге болады. Ал бақылау диктанты, мазмұндама, шығармадағы қателер соңынан түзетіледі. Қате түзетуде жазу жұмыстарына талдау жасаудың пайдасы зор.

Жұмыс осы сыныптағы оқушылардың көпшілігіне тән қателерден басталады. Мұғалім өзі (немесе тақтаға шақырылған оқушы) балалардың көбі қате жіберген сөзді немесе сөйлемді тақтаға жазады, оны қалай жазу керектігі, неге олай жазатынымыз анықталады, ережесі еске түсіріледі. Мұндай жалпы сыныпқа тән қателер онша көп болмайды, сондықтан оларды талдауға бір сабақ жеткілікті. Егер уақыт қалса, оқушылар ол сөзге сөйлем құрап дәптерлеріне жазып алады.

Екінші сабақта жеке оқушылардың жіберген қателерін талданады. Осы мақсатпен балалардың дәптерлері таратылып беріледі. Олар мұғалімнің түзеткен қателерін табады, оны жұмыстың соңғы жағында теріп көшіреді, қосып сөйлем құрастырады, т.б. Қатемен жұмыс тек бақылау диктантына байланысты ғана жүргізіліп қоймайды, сонымен қатар басқа сабақта да жүргізіледі.

Балалардың жұмыстарындағы қателерді мұғалім түрлі жолдармен түзетеді: 1) қате жазылған сөз сызылып, үстіңгі жағына сөздің дұрысы тұтас жазылады; 2) қате жазылған әріп немесе сөздің асты сызылады; 3) қате жазылған әріп немесе сөздің асты сызылады да, тұсына ескерту жазылады (керекті әріптің я сөздің дұрысы немесе соны еске түсірерліктей сөз көрсетіледі немесе тиісті сұрау қойылады, кітаптан тиісті параграф ережесі көрсетіледі т.б.); 4) қате әріптің астын сызып қояды, ешқандай ескерту берілмейді.

Бұл көрсетілген жағдайлардың қайсысын қалай қолдану 1) сыныптың ерекшелігіне байланысты (1-2-сыныптарда айқынырақ түзетулер қолданылады, 3-4-сыныптарда күрделірек әдістер қолданған мақұл), 2) оқушылардың дайындық дәрежесіне қатысты. Мәселен, жақсы оқитын оқушы қате жіберсе, оның қатесінің асты сызылып қана қойылады, ал нашар оқитын оқушылардың қателерін түрлі әдіспен түзету керек (Кейде қалай түзету керектігіне нұсқау көрсетілсе, кейде дұрысын жазады). Мүмкіндігіне қарай қателерді түзетуге оқушылардың өздерін қатыстыру керек. Мұғалім қате жазылған сөздердің дұрысын, тіпті болмаса, мәтінді түгел балаларға қайта көшіртеді. Мұнда қате жазылған сөздерге емшелері ұқсас я қарама-қарсы сөздерді теріп жаздыру әдісі өте пайдалы.

Оқушылар бір түрлі қатені қайталай беретін болса, онда динамикалық стереотип орнайды да, одан құтылу

оңайға түспейді. Сондықтан олардың қателерін есепке алып, бір қатені екінші рет қайта жібермеу үшін дереу алдын алу шаралары қолданылады. Оқушыларды қате жазудан сақтандыруда жазылуы қиын сөздерді ескертіп, көрсетіп жаздыру, жазылу ережесі оқылмаған сөздерді жаттығу жұмыстарына енгізбеу, егер бірен-саран кездессе, ондай сөздерді тақтадан немесе оқулықтан қарап жазуға дағдыландыру керек. Мұғалім оқушылардың жазуларын тексеріп, қателерін түзетіп болғаннан кейін әр оқушының жұмысына баға қояды. Бүкіл сыныпқа берілген тапсырманың үстіне жеке оқушыға арнаулы тапсырмалар береді. Мысалы: ережені пысықта, сөйлем құрастыр, белгілі бір жаттығуды орында, т.б. Бастауыш сыныптарда, әсіресе, сауаттылық жағын қамтитын бір баға қойылады. Ал мазмұндама мен шығармада тек орфографиялық қателер ғана емес, сонымен қатар пунктуациялық қателер, сөз қолданудағы, сөздерді байланыстырудағы, жоспардағы, сөйлем құрудағы, мәтіндегі қателер де, тіпті, жазу жұмысының көлемі де есептеледі.

Оқушылардың жазғандары, айтқандары орфографиялық жағынан сауатты, стилистикалық жағынан дұрыс болуға тиіс. Оқушылар мұғалімнің сөзіне еліктейді. Ендеше мектептегі мұғалімдердің өзі сауатты сөйлеулері керек, тақтаға, оқушылардың дәптерлеріне жазғандары әдемі, қатесіз болғаны жөн.



## ӨТКІР СӨЗ ӨНМЕНИҢНЕН ӨТЕДІ

Майлықожа дін иелерінің сорақы іс-әрекетін «Сопылар» атты өлеңінде де былай түйреп өтеді:

- Дүниеден аңқау да өтті, пысық та өтті,  
Аңдысып тышқан менен мысық та өтті.
- Мал дегенде жүгірген сопылардың  
Басынан сәлделері ұшып кетті.

*(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988, 62-бет.)*

## СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІСІН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРМЕН САБАҚТАСТЫРУ

Сын тұрғысынан ойлау әдісінің жаңа сабақты түсіндіру барысында берері мол. Сабақ жоспарын жасау кезеңінде мұғалімнің сынып оқушыларының белсенділігін, жас ерекшелігін және психологиялық жай-күйлерін ескергені жөн.

Сын тұрғысынан ойлау әдісін қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Мұндай сабақтардың дәстүрлі сабақтардан өзгешелігі де – осында. Сабақ кезінде мұғалім назарынан тыс қалатын оқушы болмайды.

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларының әрқайсысының өзіндік мәні бар. Осындай әдістерге «Топтастыру» және «Венн диаграммасы» жатады. «Топтастыруда» оқушы өзінің белгілі бір кейіпкер немесе зат, құбылыс туралы білгендерін жинақтайды. Ал «Венн диаграммасында» белгілі заттармен кейіпкерлерді салыстырады, олардағы ортақ жайды анықтайды. Мұндай әдістер оқушы білімінің тиянақты болуына септігін тигізеді. Бұл әдістер топпен де, жеке оқушыларға беріліп те орындала береді.

Жаңа технология әдістерін қолдану мұғалімнің кәсіби, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытуына, азаматтық,

оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі жаңаша оқыту технологиясы сабақтарын өткізуде оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында танымдық қызықты дидактикалық ойындарды қолданудың да пайдасы мол. Бұл ойындар балаға үйретуде маңызды рөл атқарады. Оқушы ойында өзін қалай ұстаса, алдағы жұмыста да солай ұстайды.

Оқушыларға жаңа сабақты түсіндіру барысында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді ұлттық ойындармен сабақтастыра жүргізудің берері көп. Оқушылар сабақ барысында өз ұлтымыздың салт-дәстүрлерімен, ойындардың шығу тарихымен тереңірек танысады, өз білім, біліктерінің тиянақтылығымен танылады. Алған білімдерін өмір тәжірибесінде қолдана білу машықтары қалыптасады. Өз тәжірибемде кейбір сабақтарда ұлттық ойындарды пайдаланып көрдім. Атап айтқанда, «Орамал тастамақ», «Кел, сақинам, кел», «Көкпар» ойындарын сабақ тақырыптарына байланысты қолдануға болады.

**«Орамал тастамақ».** Бұл ойынды 5-сыныпта «Фонетика» бөлімін оқыту барысында пайдаландым. Шиыршықталып түйілген орамалды жүргізуші әліпбидің бір әрпінен басталатын мағыналы сөз айтып бір оқушыға лақтырады. Орамалды алған бала жаңағы әріптен басталатын сөзбен әрі қарай жібереді. Келесі оқушы одан әрі қарай лақтырып ойынды жалғастырады. Ойын осылайша өте шапшаң, бір оқушы қателескенше жүре береді. Жаңылысқан оқушы айып төлейді. Ендігі ойында басқа әріп таңдалып алынады. «Орамал тастамақ» ойыны оқушыларды шапшаңдыққа, жинақылыққа, ой ұшқырлығына бейімдейді. Ойын соңында қателескен оқушылар айыптарын өтейді. Өтілген сабақ материалдары бойынша өз достары қойған сұрақтарға жауап беріп, білімділігін көрсетеді.

Дәл осы ойынды әдебиет сабағында «Мақал-мәтелдер» тақырыбын өткенде де пайдаландым. Жүргізуші еңбек, ерлік, достық, жақсылық, жамандық, т.б. туралы мақал-мәтелдер айтады да, орамалды бір оқушыға лақтырады. Ол әрі қарай айтылған тақырып бойынша мақал-мәтелдерді жалғастыру керек. Мұнда да қателескен ойыншы айып төлейді.

**«Көкпар».** Сыныптағы оқушылар екі топқа бөлінеді. Топ басшысы сайланады. Көкпар салатын қазандықтар белгіленеді. Бірнеше парақтар дайындалады. Парақтарда өтілген материалдар бойынша бірнеше сұрақтар жазылған. Үстел үстіне бір парақ тасталады. Топ мүшелерінің бірі парақты алып, сұрақты дауыстап оқиды. Әр топ мүшелері өзара екі-үш минут кеңеседі де, жауаптарын береді. Қай топтың жауабы толық, тиянақты, дұрыс болса, сол топтың мүшесі қарсыластың қазандығына парақты (көкпарды) салады. Соларға ұпай жазылады. Ойын соңында жеңімпаз топ қазандықтағы парақшалар санымен анықталады.

**«Кел, сақинам, кел».** Сынып оқушылары дөңгелене жайғасады. Ортаға шыққан жүргізушінің қолында сұрақ жазылған қағаз бар. Сақина – сол қағаз. Жүргізуші сол қағазды оқушылардың барлығына жағалап салған болады. Сақина бір ғана оқушыға салынады. Бәрін жағалап шыққан жүргізуші «Кел, сақинам, кел» дейді. Қолында қағазы (сақинасы) бар оқушы атып тұрады, қағаздағы сұрақтарға жауап береді. Егер көрші отырған бала оны тұрғызбай ұстап қалса, сұрақтарға сол жауап береді. Жауап толық болмаса, топтағы оқушылардың бірі жауап беруіне болады. Бұл жағдайда жауап бере алмаған оқушы айып төлейді. Ойын соңында оны сатып алады.



Анархан БАРЛЫБАЙ,

№50 Абай атындағы  
орта мектептің мұғалімі.

Қызылорда облысы,

Шиелі ауданы,

Балаби ауылы.

# ІС-ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ, ТІЛДІК-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушыларға жеке адам өміріне қатысты іс қағаздары түрлері мен тілдік құрылымдық ерекшеліктерін меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың іскерлік дағдысын дамыту, ізденімпаздыққа баулу, танымдық қабілетін жетілдіру; **тәрбиелік** – оқушыларды сыйластыққа, бір-бірінің пікірін тыңдауға тәрбиелеу. **Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** ішінара іздену, зерттеу. **Көрнекілігі:** проектор, слайдтар, сызбалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

**Үй тапсырмасын сұрау.**

1. Іскерлік қатынаста телефонмен сөйлесу.

2. 81-жаттығу. Синтаксистік талдау .

**Үй тапсырмасын бекіту** (телефонмен сөйлесу).

**Жаңа сабақ.**

**I. Білу.**

*Бүгінгі сабақта нені білуіміз керек?*



- 1) Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздарының түрлері.
- 2) Өмірбаян,оның тілдік-құрылымдық ерекшелігі.
- 3) Өтініш, оның құрылымдық ерекшелігі.

## II. Түсіну.

**Іс қағаздар дегеніміз** – жеке адамның, ұжымның, фирмалардың, мекемелердің атқаратын қызметіне байланысты пайда болатын жазбаша (ауызша) қарым-қатынас құралы.

### Ресми іс қағаздар

#### Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздар

өмірбаян

өтініш

арыз

жеделхат

түсініктеме

сенімхат

қолхат

күнделік

#### Мекеме, ұйым жұмыстарына қатысты іс қағаздар

хабарландыру

жарнама

анықтама

кепілдеме

мәжілісхат

бұйрық

келісімшарт

**Өмірбаян** – автордың өзі туралы жазатын құжаты.

**Өтініш** – мекеме басшысының атына жазылып, белгілі бір тілек-өтінішті білдіретін құжат.


**Арыз** – мекеме басшысына белгілі бір ақпаратты жеткізу үшін жазылатын іс қағаздың бір түрі.

**Қолхат** – белгілі бір іс-әрекетті растайтын, адамдардың мекемеден немесе жеке адамнан ақша не құнды заттар алғандығын, не бергендігін растайтын жазбаша құжат.

**Сенімхат** – белгілі бір адамның өз өкілеттілігі мен құқығын екінші бір адамға берілгенін жазбаша растайтын құжат.

**Түсініктеме** – мекеме басшысының атына жазылып, белгілі бір келеңсіз жағдайға байланысты түсінік берілетін құжат.


**Күнделік** – әрбір күн оқиғаларын жазу құжаты.



**Өмірбаян** – оқу орнына немесе жұмысқа орналасатын адамның жеке басының сапалық қасиетін, өміріндегі негізгі кезеңдерді нақты фактілермен көрсететін іс қағазы.

**Стильдік белгісі:** қысқа да тұжырымды сөйлемдер қолданылады.

**Кейбір бөлімдері мен құрылымы міндетті түрде қалыптасқан үлгі бойынша жазылады.**



Оқушының ізденіс жұмысы. (Оқушылар өмірбаянның үш түрі туралы ізденіс тапсырмаларымен таныстырады).

**Өмірбаянды жазуда мына сұрақтарға жауап беріледі:**

1. Аты-жөнің кім?
2. Қашан тудың?
3. Ұлтың кім?
4. Әкеңнің аты-жөні.
5. Әкең кім болып қайда істейді?
6. Шешеңнің аты жөні.
7. Шешең кім болып қайда жұмыс істейді?
8. Аға-інілерің бар ма?
9. Олар немен шұғылданады?
10. Қарындасың, әпкелерің бар ма?
11. Олар немен айналысады?
12. Сен қай жылы мектепке бардың?
13. Мектепті қашан бітірдің?
14. Мектепте қандай пәндерді тереңдетіп оқисың?
15. Мектепті бітірген соң қандай мамандық иесі болғың келеді? Қайда жұмысқа орналасқың келеді?

**Өтініштің құрылымы:** мекеменің толық аты; басшының қызметі, атағы, аты-жөні, тегі; құжаттың аты; мәтіні; жазылған мерзімі; өтініштің иесінің қолы,

аты-жөні.

**Мекеменің толық аты, басшысының қызметінің толық аты, аты-жөні, тегі** парақтың оң жағын ала жазылады.

**Кұжат аты** парақ ортасына адресациядан төмен жазылады.

**Негізгі мәтінде** азаматтың талап-тілегі қысқаша баяндалып өтіледі. Мәтін парақтың бар кеңдігіне, тақырыптан төмен жазылады.

**Жазылу мерзімі** өтініштің негізгі мәтінінен төмен, парақтың сол жақ бөлігінде орналасады.

**Қолы.** Өтініш иесінің атқаратын қызметінің аты жазылады, қолы қойылады.

Парақтың оң жағына аты-жөні жазылады.

### **III. Қолдану. Өзіндік жұмыс.**

**5-тапсырма.** Өмірбаян стиліне сай өз өмірбаяндарыңды жазыңдар.

**3-тапсырма.** Өтініш жазыңдар.

**Сабакты қорытындылау.**

### **IV. Жинақтау.**

1. Өмірбаян қандай құжат? 2. Өмірбаянда қандай мәліметтер жазылады? 3. Өтініш дегеніміз құжаттың қандай түрі? 4. Өтініш қандай мақсатта жазылады?

### **V. Тест тапсырмасы.**

**1. Автордың өзі туралы жазатын құжаты:**

а) мінездеме; ә) сенімхат; б) өмірбаян.

**2. Өмірбаян жазғанда құжаттың аты ... жазылады.**

а) шетіне; ә) оң жақта; б) ортасында.

**3. Өмірбаянда ата-ана туралы мәлімет ... жазылады.**

а) бірінші бөлім; ә) екінші бөлім; б) үшінші бөлім.

**4. Өмірбаянның жазылған мерзімі, қолы, аты-жөні ...**

**жазылады.**

а) соңында; ә) басында; б) шетінде.



# СЫН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – сын есім туралы алған білімдерін бекітіп, сын есімнің мағыналық ерекшелігін таныту, жасалу жолдарын ажырата білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ой қабілетіне әсер ету арқылы өздігінен жұмыс әрекеттерін, тапқырлық, ізденімпаздық, алған білімдерін пайдалана білу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – сөз мағынасына мән беруге тәрбиелеу, білім алуға, оқуға деген құштарлықтарын ояту.

**Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ- жауап, талдау, топтастыру, ойын әдістерін пайдалану. **Көрнекілігі:** кестелер, сызба-нұсқалар, алтын түстес арба жапсырылған плакаттар, парақшалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру.** Сәлемдесу, зейіндерін сабаққа жұмылдыру.

**Үй тапсырмасын сұрау.** 1. Жаттығу жұмысын тексеру.  
2. «Алтын арба» ойынын ойнату, сыныпты екі топқа бөлу.

Алдарында алтын түстес екі арба ілініп тұрады, кедергілер мен мәре белгіленеді, әр кедергіде бір сұрақтан жасырылған, кім мәреге бірінші жетеді, сол топ жеңіп шығады.

*Сын есім дегеніміз не?*

*Сын есім тұлғасына қарай қалай бөлінеді?*

Сын есім құрамына қарай қалай бөлінеді?

Негізгі, туынды сын есім дегеніміз не?

Дара және күрделі сын есім дегеніміз не?

Сын есім жасайтын жұрнақтарды ата. Мысал келтір.

Қорытындылаймын.

**Жаңа сабақ.**

## Сын есім мағынасына қарай

### Сапалық сын есім

түбір күйінде заттың  
сынын тікелей білдіреді.

Мысалы: *жақсы,*  
*үлкен, қызылдау.*

### Қатыстық сын есім

Басқа сөз таптарынан жасалған  
сын есім. Мысалы: *өнерлі,*

*бойшаң, кешкі.*

**Кітаппен жұмыс.** 146-жаттығу (жазбаша). 147-жаттығу (ауызша). Қатыстық сын есімдерді тауып, қай сөз табынан жасалғандығын айту.

**«Ойлан, ізден, тап!»**

1. Екі әріптен ғана тұратын сын есім.
  2. Үш әріптен ғана тұратын сын есім.
  3. Тек қана «қ» әрпінен басталатын сын есім.
- 151-жаттығу. Өлеңді жатқа жаздыртамын.

**«Жылдам жауап» ойыны.**

асқақ	т	ж	а
семіз	ә	а	л
қасқа	т	қ	а
ала	т	с	с
қоңыр	і	ы	а

**«Өзімді-өзім сынаймын» тест жұмысын орындау.**

**Сын есім**

- а) заттың сынын білдіреді;
- ә) заттың атын білдіреді;

б) заттың қимылын білдіреді.

**Сапалық сын есім:**

а) қорқақ;      ә) білгіш;      б) ашушаң.

**Сын есімнің сұрақтары:**

а) кім, не;      ә) қандай, қай;      б) қанша, неше.

**Туынды сын есім:**

а) жақсы;      ә) тәртіпті;      б) биік.

**Сын есім:**

а) таза;      ә) кешкі;      б) екінші.

**Негізгі сын есім:**

а) иықты;      ә) ақылды;      б) сары.

**Дара сын есім:**

а) тап-таза;      ә) ақ;      б) өте әдемі.

**Қатыстық сын есім:**

а) заңғар;      ә) ымырт;      б) өнегелі.

**Есім сөзден жасалған сын есім:**

а) өткір;      ә) тебеген;      б) азаматтық.

**Етістіктен жасалған сын есім:**

а) жолбарыстай;      ә) ұрысқақ;      б) бойшаң.

Тест жұмысын ауыстырып, бірін-бірі тексереді,

бағалайды.

9-10 жауап - «5»; 7-8 жауап – «4»;

6-5 жауап – «3»; 1-4 жауап – «2».

**Сабақты қорытындылау.** Осы парақшаны таратып

беремін, балалар толықтырады.

Сын есімнің біздің өміріміздегі маңызы қандай?	Сын есім туралы не білдім?

**Бағалау кезеңі.** Белсенділік танытқан оқушыларды

бағалау, тест жұмысын ескеремін.

**Үй тапсырмасы:** көркем әдебиеттен сапалық және

қатыстық сын есімі бар сөйлемдер жазып келу.



Гүлмира ӘДІЛГЕРЕЙҚЫЗЫ,  
М.Бегалиева атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөкейордасы ауданы,  
«Бөрлі» ауылы.

# АРАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – жаңа сабақты меңгерту, өткен сабақтармен байланыстыру, сабақтас құрмалас сөйлем мен салалас құрмалас сөйлемнің ерекшелігін таныту, оқушының өзіне талдату арқылы өздігінен қорытынды шығару; **дамытушылық** – дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз бетімен әрекеттенуге дағдыландыру, сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; **тәрбиелік** – ұжымдасып еңбектенуге, әдептілікке, ұлттық тәлім-тәрбие алуға, ұқыптылыққа, мысалдағы сөйлемдер арқылы елжандылыққа тәрбиелеу.

**Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** іздендіру сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, оқулықпен жұмыс, альтернатив тест, тақтамен жұмыс, салыстыру. **Көрнекілігі:** компьютер, слайд. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, тарих.


**Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру:** а) оқушылармен амандасу; ә) оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру; б) көңілдерін сабаққа аудару.

**1-слайд.**


«Әрбір тілде сөйле адамды таң қылып,  
Ана тілін білмеу қандай заңдылық?!  
Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда  
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!»

## 2-слайд. II. Үй тапсырмасын тексеру.

а) Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлеріне мысал келтіру.



## 3-слайд. Венн диаграммасы.



## III. Жаңа сабақ.

### Аралас құрмалас сөйлем

1. Сәкен ауылға ертерек келсе, шөп шабуды бастаймыз. (Шартты бағыныңқы сабақтас)
2. Сәкен сөзді әрі қарай тереңдеткісі келмеді, сондықтан әңгіме желісін бұрып жіберді. (Себеп-салдар салалас)
3. Күн шығып, ел тұра бастады, - Сәкен әлі жоқ. (Аралас құрмалас сөйлем)

**Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.**

4. Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті. (Аралас құрмалас сөйлем)

**Сызбасы:** *Бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.*

5. Кеген ауданына келгенше, мен де аңшы емес едім, мұнда келген соң, еріксіз үйрендім. (Аралас құрмалас сөйлем)

**Сызбасы:** *Бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.*

*Құрамында жай сөйлемдері бір-біріне салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрі аралас құрмалас сөйлем деп аталады.*

**Оқулықпен жұмыс. 1-тапсырма.**


Оқулықтағы 151-жаттығуды *ауызша* орындау. *Бағыныңқы, басыңқы* сыңарларының орналасу тәртібін түсіндіру.

Оқулықтағы 152-жаттығудан *көп бағыныңқы құрмалас* сөйлемді тауып, жасалу жолын түсіндіру (жазбаша).

**2-тапсырма.** Ырымдарға байланысты сөйлемдер берілген. Орындары ауысып кеткен салалас сөйлем мен сабақтас сөйлемнің сыңарларын орналастыру керек.

**Салалас**

**Сабақтас**





Ардақ СЕЙІТҚАЗИНОВА,  
№2 Қабанбай орта мектебі  
мектеп жасына дейінгі  
шағын орталығы бар  
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.  
Алматы облысы,  
Алакөл ауданы.

# СЫН ЕСІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) сын есім туралы жалпы мағлұмат беру, сын есімнің сындық қасиеттерін ашу; 2) оқушыларға қазақ тілін оқыту арқылы ой-өрісін, таным қабілеттерін дамыту, ойларын дәл, нақты айтуға дағдыландыру; 3) тілді құрметтеуге, Отанды сүйуге, адамгершілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

**Әдісі:** түсіндіре жинақтау, көрнекілік арқылы ой түйіндеу.

**Түрі:** дамыта оқыту. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.** а) Оқушылармен амандасып, назарларын сабаққа аудару. ә) Психологиялық даярлық.

*Жабырқауды білмейміз,*

*Жалқаулықты сүймейміз.*

*Біз – талантты жас ұлан,*

*Үлгі аламыз жақсыдан.*

**II. Үй тапсырмасымен жұмыс.** 126-жаттығу.

**III. Жаңа сабақ.**

1. Кіріспе сөз.

Сурет бойынша сөйлемдер құрату. Оқушылардың өздеріне ереже шығарту. Тақтадағы кесте бойынша анықтау.

**Сын есімнің белгілері****Мысалы**

Заттың түрін, түсін білдіреді.	Сары көйлек, қызыл алма, жасыл қаша, ақ гүл, көк аспан.
Заттың көлемдік, салмақтық белгісін, сынын білдіреді.	Үлкен үй, жеңіл киім, ұзын жіп, қысқа киім.
Заттың сапалық белгісін, сипатын білдіреді.	Сараң адам, пысық бала.
Заттың дәміне, иісіне байланысты белгілерін білдіреді.	Қатты құрт, ащы пияз, тәтті алма, жұмсақ ойыншық.
Заттың сынын, сипатын, сапасын, түр-түсін, көлемін білдіретін сөз табы сын есім деп аталады.	<i>Қандай, қай</i> деген сұрақтарға жауап береді.

2. Сергіту сәті. *Аспанға қарап Ай көрдік,  
Төменге қарап Жер көрдік.  
Оңға бұрылып, солға бұрылып  
Егеменді ел көрдік.*

Мақал-мәтел интерактивті тақтадан көрсетіледі: сын есімді табу.

- а) Ағаның үйі – ақ жайлау.
  - ә) Жаман ағайын – күншіл, Жақсы ағайын – сыншыл.
  - б) Қызыл ет кетер, Қызарған бет қалар.
  - в) Мәртебең биік болса, Жұрт алыстан көреді.
3. Оқулықпен жұмыс. 127-жаттығу ауызша орындалды.  
128-жаттығу интерактивті тақтада орындалды.  
129-жаттығудағы өлең жолдарынан сын есімді тапты.

**IV. Сабақты бекіту. Сөзжұмбақ шешу.**

<b>С</b>						
<b>Ы</b>						
<b>Н</b>						
<b>Е</b>						
<b>С</b>						
<b>І</b>						
<b>М</b>						

1. Апта күні.
2. Бірлік сөзінің синонимі.
3. Туыс атауы.
4. Орман жануары.
5. Адам есімі.
6. Сүттен жасалған тағам.
7. Білім беретін орын.

#### V. Сабақты қорытындылау. Тест жұмысы.

1. Заттың сынын, сипатын, сапасын, түр-түсін, көлемін білдіретін сөз табы.

- а) зат есім;                    ә) сан есім;                    б) сын есім.

2. Сын есім сұрақтары.

- а) қандай, қай;            ә) кім, не;                    б) неше, қанша.

3. Сын есім мағынасына қарай қалай деп бөлінеді?

- а) негізгі, туынды; ә) дара, күрделі; б) сапалық, қатыстық.

4. Сын есім тұлғасына қарай қалай бөлінеді?

- а) сапалық, қатыстық; ә) негізгі, туынды; б) дара, күрделі.

5. Дара сын есімді тіркес:

- а) хош иісті зат;            ә) аппақ қар;                б) көгілдір аспан.

6. Заттың атын білдіріп, кім, не деген сұраққа жауап беретін сөз табы:

- а) зат есім;                    ә) сын есім;                б) сан есім.

7. Біріккен сөз:

- а) Талдықорған;            ә) Бес дәптер;                б) Қайырымды адам.

8. Дара сөзді тап.

- а) тізесін бүкті;            ә) әкімшілік;                б) жақсы көру.

9. Қысқарған сөз:

- а) көз шырымын алды;            ә) кетіп бара жатыр;  
б) педколледжді бітірді.

10. Қайталама қос сөз:

- а) балапандар;            ә) бетпе-бет;                б) киім-кешек.

Жауабы: 1-б, 2-а, 3-б, 4-ә, 5-б, 6-а, 7-а, 8-ә, 9-б, 10-ә.

VI. Үй тапсырмасы: 130-жаттығу, ереже жаттау.

# ЛЕКСИКА ТАРАУЫН ШОЛУ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

(5-сынып)

**Сабақ мақсаты:** білімділік – лексика тарауы бойынша өтілген тақырыптарға шолу, алған білімдерін еске түсіру, пысықтау, бекіту; **дамытушылық** – шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы алған мәліметтерді тереңдету, сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін, мазмұнды жеткізуге баулу, есте сақтау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – ана тілін құрметтеуге, ұжымшылдыққа, сауатты сөйлеп, жаза білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** бекіту, аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, СТО, жаттығу, ойын элементтері, топтық жұмыс. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, сызба-кестелер, анаграмма, үлестірмелі қиықшалар, тест сұрақтары.

**Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру:** а) оқушыларды түгелдеу; ә) назарларын сабаққа аудару.

**II. Психологиялық дайындық.** Әр топ бір-бірлеріне тілек айту, сәттілік тілеу.

**III. Қызығушылықты ояту.** Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінен үзіндіні жатқа айтып беру.

*Алыстан сермен,*

*Жүректен тербен,*


*Шымырлап бойға жайылған.*



Қиядан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған –  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл!

Абай «Сегіз аяқ» атты өлеңінде тілдің құдіретін осылай білдірген еді, ендеше біз де сабағымызда тіліміздің қасиетін түсіне білейік.

- Балалар, біз қандай тарауды өттік?
- Лексика тарауы.
- Лексика деген ұғымды естігенде қандай сөздер естеріңе түседі? Қане, топтастырып көрейікші.



**IV. «Кім білімді?»** тест сұрақтары, алдымен дәптерге түсірейік. Жауабын интерактивті тақтада берілген жауаптармен сәйкестендіреміз.

1 – В      2 – А      3 – В      4 – А      5 – А

**V. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.** Үлестірмелі қиықша.

Мына сөздердің ішінен тура мағыналы сөздерді тап, теріп жаз.

1) адамның тілі, орыс тілі, ана тілі; 2) жұмыстың аяғы, құстың аяғы, жиналыстың аяғы; 3) өткір ой, өткір мінез, өткір пышақ.

Қалған оқушылар Венн диаграммасымен жұмыс істейді.

Мақал	Ұқсастығы	Мәтел
-------	-----------	-------

## VI. Топтық жұмыс. «Мықты болсаң, тауып көр».

Берілген сызбалар бойынша зат есім, сан есім мен етістіктерді қатыстырып, тұрақты сөз тіркесін құрап, мағынасын ашу.

Әр топқа үш тапсырмадан беріледі:

I топ 1) *төбесі көкке жету* – қуану.

2) *қырық пышақ болу* – араздасу.

3) *ит өлген жер* – алыс.

II топ 1) *тіс жармады* – үндемеді.

2) *қыздың жиган жүгіндей* – әдемі.

3) *жерден жеті қоян тапқандай* – шаттанды, қуан-

ды, мәз-мейрам.

III топ 1) *ат ізін салмады* – хабарласпады, қатыспады.

2) *айы оңынан туды* – жолы түсті, жолы болды.

3) *екі құлағы езуіне жетті* – мәз-мейрам болды,

қуанды.

## VII. «Кім жылдам?». Синоним сөздерді сәйкестендір.

*ертеде*

*азанда*

*алыс*

*баяғыда*

*үлкен*

*дәм*

*кішкентай*

*дәу*

*ажар*

*биттей*

*тамақ*

*келбет*

*таңертең*

*шалғай*

## VIII. «Тіл – өнер», «Мен ұнатқан үш пән».

Мақал-мәтелдердегі жасырын тұрған сөзді тауып, қазақ, орыс, ағылшын тілінде айту.

1. Бірлігі жарасқан ... бұзылмас. *ел – страна - country*

2. Татулық – табылмас ... *бақыт – счастье - happiness*

3. ... – ұлы қару. *сөз – слова - word*

4. Адамды ... үйретеді. *өмір – жизнь - live*

5. ... – таптырмас байлық. *еңбек – труд - work*

6. ... байқап сөйлер. *жақсы - хорошо - gut*

### IX. Ойын элементі. Топтық жұмыс.

«Сен маған, мен саған», мағынасы қарама-қарсы болатын сөздерді айту. I топ бастайды, екінші топ аяқтайды.

*ақ – қара, үлкен – кіші, жақсы – жаман.*

### X. Сабақты қорытындылау. Анаграмма

1. Сөз байлығын зерттейтін сала (*лексика*)
2. Жаңа сөз (*егемен*)
3. Белгілі бір кәсіпке байланысты сөз. (*кәсіби*)
4. Бір-біріне мағынасы жақын сөз (*синоним*)
5. Діни сөз (*имам*)
6. Қолданыстан шығып қалған сөз (*көнерген*)
7. Мағыналары қарама-қарсы сөз (*антоним*)

Л							
Е							
К							
С							
И							
К							
А							

XI. Үйге тапсырма. Тест сұрақтарын ақ параққа (10 сұрақ) жазып келу.

### XII. Білімдерін бағалау.



п) ерлік туралы; р) қыпшақ тілінің сөздігі;

с) хандар туралы.

**4. “Күлтегін” жырының басты идеясы:**

к) батырды дәріптеу; қ) ел тәуелсіздігі; л) өмір сүру.

**5. “Күлтегін” жырын қай жыр үлгілерінің алғашқысы деп тануға болады?**

ы) батырлық; і) лиро-эпостық; б) тұрмыс-салт.

**6. Күлтегін неше жасында қайтыс болды?**

р) 37; с) 40; т) 47.

**7. “Күлтегін” жырын жаздыртқан кім?**

а) Тоныкөк; ә) Білге; б) Елтеріс.

**8. Түнде ұйықтамадым, Күндіз отырмадым,**

**Біріккен халықты от-су қылмадым, - дегендегі астыртын сызылған сөз тіркесі көркемдік элементтің қай түрі?**

с) эпитет; т) шендестіру; у) теңеу.

**9. Руна жазуының сырын ашқан кім?**


а) В.Томсен; ә) М.Ядринцев; б) В.Бартольд.

Дұрыс жауап: «Қорқыт ата» сөз тіркесін құрау.

**Жаңа сабақ:** «Қорқыт ата кітабы».

**Ойға шабуыл.** 1. Күннің жадын жазартұста Тәуелсіздіктің 20 жылдығына неше күн қалғанын айтып кету, Тәуелсіздік туралы ой қозғау. 2. Қорқыт есіміне «ата» сөзінің тіркесуі неліктен? Қандай мәнге ие?

3. Қорқыт жайында не білеміз?



**Қызығушылықты ояту.** Мұғалім сөзі: - Мына кілемшеде ораулы зат бар. Бұл не болды екен? Оның мынадай қасиеті

бар:

1. Түрікше “кеманча” деп аталады.
2. Емдеу құралы ретінде қолданылады.
3. Ысқыш құралы бар.
4. Философиялық мазмұндағы жанрға тән.
5. Біздің мектептің бес оқушысы жақсы меңгерген.

1. Жанар Айжанованың орындауындағы «Қорқыт» әнін тыңдату не бір оқушыға орындату.

2. Қорқыттың «Сарын» күйін тыңдау.

### **Қорқыт мұралары**

**Күйлері:** “Аққу”, “Желмая”, “Қорқыт”, “Сарын”, “Тарғыл тана”, “Әуппай”, “Ұшардың ұлуы”, “Башпай”, “Байлаулы киіктің зары”, “Елім-ай”, “Абыз толғау”.

**Он екі тарау жыры:** 1. Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр. 2. Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы. 3. Қам Бурабекұлы Бамсы Бейрек әңгімесі. 4. Қазанбекұлы Оразбектің тұтқын болуы. 5. Доқа Қожаұлы Дели Домрул әңгімесі. 6. Қазылық Қожаұлы Икенекебек әңгімесі. 7. Қаңлы Қожаұлы Торалы әңгімесі. 8. Бисаттың Төбекөзді өлтіруі. 9. Бегілулы Еміре әңгімесі. 10. Үйсін Қожаұлы Секірек әңгімесі. 11. Салор Қазанның тұтқын болуы. 12. Бейректі өлтіргеннің баяны.

Жыр атауларында кездесетін жалқы есімдердің ерекшелігіне тоқталып, күллі әлем жұртына ортақ қазына екендігін атап өту. Оның ішінде Бамсы Бейрек батырдың есімі батырлар жырындағы Алпамыс есіміне ұқсайтындығын, «Бамс» Алпамыс екендігін ғалымдардың зерттеп жатқандығын тілге тиек ету.

**Сабақты дамыту.** «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат батыр» жырын талдау. Мазмұндай отырып жоспар құру.

### **Жоспар**

1. Қоржыннан түсіп қалған бала.
2. Қойшының басынан өткен оқиға.
3. Төбекөздің дүниеге келуі.

4. Адам жеуші дәу.
  5. Қорқыт ата бітімі.
  6. Бисаттың қапалануы.
  7. Жекпе-жек.
  8. Төбекөз аяласынан Бисаттың құтылуы.
  9. Жыр қандай шығармаға ұқсайды?
- (Оқушыдан күтілетін жауап)

Литота	Гипербола	Теңеу
1. Денеге тиген садақтың оғын маса деп білуі.	1. Емізу қауіпті болған соң, баланы сүтпен асырайтын болды. Бір қазан сүт бір күнге жұқ болмады. 2. Қамшы тиген сайын мес үлкейе берді, үлкейе берді.	1. Найза дегенің курай құрлы болмады. 2. Жолбарыс сияқтанып ақырып. 3. Ботадай боздап.

**1-кеспе қағаз.** «Асқар тауым едің, ағам!

Дәу біздің берекемізді алған екен, ағам!

Тасып аққан өзенім едің, ағам!

Аузыма суат, бойыма қуат болған, ағам!

Сол ағамнан айырылыппын ғой, сорлы басым» деп Бисаттың қайғыруы қандай дәстүр боп табылады?

Жауабы: жоқтау ← тұрмыс-салт жыры ← көңіл-күй жыры

**2-кеспе қағаз.** «Сенің атыңды мен Қиян Сейілхан елінен шыққан аңға ұқсатып, Бисат қоямын! Өмір жасыңды ұзақ қылсын!» деген жолдардан қандай дәстүрді көреміз?

Жауабы: балаға ат қою ← шілдеhana ← баланың дүниеге келуі

**3-кеспе қағаз.** «Бисат аттан түсіп, әкесінің қолын сүйді. Барлығы бас қосып, ботадай боздап жыласты. Бисат анасының үйіне келді». Қандай дәстүр суреттелген?

Жауабы: сәлемдесу, алдымен әкемен амандасу, содан соң анамен. Орайы келсе «Абай жолы» роман-эпопеясымен таныстыру.

**4-кеспе қағаз.** «Қара таудың басына шығар болсаңдар, қанаттарың талмасын, өзен суы қанға толса, одан да жүзіп өте біліңдер! Құдай жүзінді жарық қылсын!»

Бұл арнау сөз не деп аталады?..

### Жырдағы салт-дәстүр

жоқтау      үлкенге сәлем беру      балаға ат қою      бата

**Сабақты бекіту.** Бисат батыр бойындағы қасиет қандай?



4 «Т» - ЕҚЫҰ ұраны

**Сабақты қорыту.** 1. «Жыр» бізге қалай жетті?

2. Жырдың қолжазбасы қай жерде сақтаулы?

Жыр XV ғасырда жазылды. Жырды қағазға түсірген оның мұрасын зерттеушілер еді.

Қорқыт ата өмірі, шығармалары әлі зерттеліп жатыр

Ватиканда 6 жыр, Дрезденде 12 жыр сақтаулы, неге?

Мүмкін, жырдың бізге жетпеген нұсқалары бар шығар?..

Сендердің де араларыңнан ««Қорқыт ата кітабын» зерттейтін ғалымдардың шығуы ғажап емес! Сондықтан да барды бағамдай білейік! (Көрнекіліктермен таныстыру)

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» мемориалды кешені (Суреттері көрсетіледі).

**Үйге тапсырма:** «Салор Қазанның үйі тоналуы туралы әңгімені» оқып мазмұндау.



# «АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІН БЛОК- МОДУЛЬ ЖҮЙЕСІМЕН ОҚЫТУ

(5-сынып)

(Соңы. Бастапқы бөлігі өткен санда)

## Төртінші блок-модуль

### 3-деңгей

### Сурет сыры

#### **Мақсатын ашу:**

оқушылардың өздері салған суретін қорғауы, сурет бойынша сұрақтарға жауап беру, үшінші деңгей оқушыларын сабаққа тарту.

**Жаманның  
суреті**

#### **1-сурет**

#### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Суретте кім бейнеленген?
2. Оның Жаман екенін қайдан білдіңдер?
3. Ол неге «Аяз би» деп аталды?

#### **2-сурет**

#### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Суретте кім бейнеленген?
2. Оның Мадан екенін қайдан білдіңдер?
3. Мадан өз қателігін қалай түзеді?

**Мадан хан  
суреті**

**Пысықтау сұрақтары:**

**Дардағы Жаман,  
аттылы жұмбақ  
кісі**

1. Дарға асулы тұрған кім?
2. Жаман не үшін дарға асылды?
3. Аттылы кім?
4. Ол не үшін келді?

**Бесінші блок-модуль**

**1-денгей**

**Шығармашылықпен іздену тобы**

**Мақсатын ашу:**

оқушыларды өз бетімен сөздік,  
энциклопедия, баспасөз  
нұсқаларымен жұмыс істеуге,  
өз ойларын ауызша, жазбаша  
баяндай білуге дағдыландыру.

**Деңгейлік  
тапсырмалар.  
Оқулықпен  
жұмыс.**

**Шығармашылық  
жұмыстар.**

**А**  
10-  
тап-  
сыр  
-ма

**В**  
11-  
тап-  
сыр  
-ма

**С**  
8-  
тап-  
сыр  
-ма

**Іздену  
жұмыстары**

**Географ**  
Барса-  
келмес

**Этнограф**  
Күлдіреуіш

**Лингвист**  
Шеңгел

**Ой  
толғау.**  
«Ертегіден  
алған  
әсерім».

**Биолог**  
Шеңгел

**Венн диаграммасы**

**Жаман**

Ақылымен хан  
көңілінен шы-  
ғады. Ешкімге  
жамандық  
ойламайды.  
Әділдігімен  
халыққа жақын.  
Адал жар.

**Ортақ**

Ханға қызмет  
жасайды.  
Оған ақыл  
беретін,  
ойласатын  
кеңесші.

**Қырық үзгір**

Күншіл,  
қызғаншақ,  
ақылсыз,  
арсыз,  
намыссыз,  
парықсыз.

Топтастыру стратегиясы бойынша ертегінің тәрбиелік мәнін ашу.

жақсы мен  
жаманды айыра  
білу

сертке беріктік

адамгершілік

адалдық

әділдік

шыншылдық

«Аяз би»  
ертегісінен  
алатын  
тәрбиеміз

кішіпейілдік

тапқырлық

ақылдылық

қарапайымдылық

кешірімділік

## Жеткен нәтижем

Бағасын көтеретін болғандықтан, детальға көңіл бөлінетіндіктен оқушылар мәтінді толық оқыды әрі әдеби шығармаға қызығушылығы артты.

5-сынып оқушылары рөлмен оқуда үлкен белсенділік көрсетті.

Мәтіндегі сөз сырына үңілді.

Қазақ тілі, биология, география, этимология, этнография пәндерімен пәнаралық байланыс жүзеге асты.

Сынып оқушылары түгел сұралды, бағаланды.

3-деңгейдің 4 оқушысы 2-деңгейге көтерілді.

Ауызша, жазбаша тіл дамытылды.

Тақырыпты блок-модульге бөлу арқылы негізгі мәселелерге көңіл бөлінді, оқушылардың бәрі сабаққа тартылды.

Өз білімдерінің нәтижесін бағалау көрсеткішінен көріп, көз жеткізді.

Сынып оқушыларының сабаққа қызығушылығы, белсенділігі артты.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 5-сыныпқа арналған әдебиет оқулығы. А., «Атамұра», 2005.
2. «Аяз би» қазақ ертегісі. А., «Жалын», 1984.
3. «Қазақстан мектебі», №3, 1984, 73-бет; №3, 1986, 44-бет; №4, 1989, 35-44-б.
4. «Лениншіл жас». 12.ХІІ. 1981 ж., №238.
5. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 1973 ж., 2-кітап, 173-бет; 289-б.; 506-б.; 5-кітап, 456-457-б.; 12-кітап, 240-бет.
6. М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. А., 2002.
7. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №10, 2004, 72-75-б.; №1, 2005, 22-24-б.; №1, 2005, 104-109-б.
8. «Тәрбие құралы» . №4, 2005, 18-19-б.

### «Аяз би» ертегісі бойынша бағалау көрсеткіші

№	Оқушылардың аты-жөні	Денгейі	Ұпайлар							
			Бәйге сұрақ	Жоспар құру	Рөлмен оқу	Пысықтау сұрақтары	Мақалды еске түсіру	Ғылыми ізденіс	Ой толғау	Жалпы ұпай



### СӨЗ ЖҮЙЕСІН ТАБАДЫ

Ақан сері бір жиында қожа-молдалар арасына түсіп қалады. Шалқыған көңіл мен қалықтаған әнді, өмір туралы сөзді жақтырмаған молдалардың бірі Ақанға: «Дүние сөзін қойып, ақырет сөзін айтыңдар», - депті. Сонда ардагер ақын бет-жүздеріне қарамай:

- Қожалар құр кеудесін көтереді,

Паңданып, маңғазданып жөтеледі.

О дүние бұ дүниеден жақсы болса,

Алдымен қожа-молда кетер еді,- дей салғаны кімге болса да түсінікті болыпты.

(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988. 86-бет.)

# РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ИДЕЯСЫ

(«Асылдың бірі – адалдық». 8-сынып)

**Сабактың мақсаты:** а) Алтын Орда дәуірінде туған, сол кезде өмір сүрген Рабғузи қиссаларының мазмұнын, идеялық мәнін ашу, меңгерту; ә) әңгімелерінің тәрбиелік мәнін ашу арқылы оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке, қайырымды болуға тәрбиелеу; б) білім, білік дағдыларын қалыптастыра отырып шығармашылық қабілеттерін арттыру. **Түрі:** өзара оқыту сабағы. **Әдісі:** анализдеу (талдау), синтездеу (жинақтау). **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, презентациялық (тұсаукесерлік) слайд-шоу.

## Сабак жүрісі.

**I. Ұйымдастыру:** а) оқушылармен амандасу, түгелдеу; ә) сыныпта психологиялық ахуал туғызу.

## II. Үй тапсырмасын сұрау.

Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғ.).

1) XIV ғ. Алтын Орда мемлекетінің құрылуы, қысқаша тарихы

2) Алтын Орда дәуіріндегі жазба әдебиеттің өркендеуі.

(Қосымша ізденіп реферат жазып келу)

**1-слайд** (Үй тапсырмасын айтқан уақытта көрсетіп тұрады).

# Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет

(XIII-XIV ғ.)

Хорезми

«Махаббатнама»

Сәйф Сараи

«Түрікше Гүлістан

Әли

«Қисса Жүсіп»

Рабғузи

«Қиссас-ул

әнбиа»

**2-слайд.** «Рабғузи қиссалары» кітабының жалпы

мазмұны:

1) Табиғаттың, жаратылыстың пайда болуы жайында мифтік әңгімелер;


2) Пайғамбарлар және тарихи адамдар жайындағы деректі, дерексіз аңыз-әңгімелер;

3) Ауыз әдебиеті үлгілері, өлеңдер.

**Ой қозғау.** - Табиғат, жаратылыс туралы, пайғамбарлар жайында қандай әңгімелерін оқып едік.

«Үш түрлі топырақ», «Адам ата мен Хауа ана», «Нұх қиссасы».

**3-слайд** (Таяныш 3 әңгімеге)



1. Шыңғыс хан – Жошы хан – Алтын Орда.

2. Үш уыс топырақ.

3. Жәбірейіл жердің көңілін қимады.

4. Әзірейілдің көңілі бәрінен қатты.

5. Адамға Алла Тағала жан берді.

6. «Күшпен кір, күшпен шық!».

7. Адам ата топырақтан, Хауа ана оның бір жақ қабырғасынан жаралды.



8. Нұхтың кемесін тышқан тесі.

9. Жылан: «Ненің еті тәтті болса, соны бер!».

10. Масаның тілін жұлған қарлығаш.

11. Жылан құрбақа жейтін болды.

12. Қарлығаш – адамға дос.

- Қазақ ертегілері мен аңыз әңгімелерінің таныс тақырыбына айналған бұл сюжеттің түпкі желісі Рабғузиде осылайша жазылған. Қазақ ертегілерінде Рабғузиде айтылған әңгімелермен сюжеті жағынан ұқсас ертегілер кездесе ме? Естеріңізге түсіріп, дайындалып отырыңыздар.

- Шумер мифі, Энки құдай, Нинти-әйел құдай туралы. Шумер тілінде «нин» - әйел, «ти» - қабырға. «Нинти» сөзінің екінші мағынасы – «Өмір беруші әйел», «Нинти - Ева», «Қабырғадан жаралған».

**Қызығушылықты арттыру.** - «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі. Мазмұнын айтып бере қойыңыз.

**4-слайд.** Сұрақтарға ойланып жауап берейікші.

1. Қазақ халқы қарлығашты қандай құс деп есептейді?

2. Ертегідегі және «Нұх қиссасы» әңгімесіндегі қандай оқиғаны жақсы іске, қандай оқиғаны жаман іске жатқызар едіңіз?

3. Қарлығаштың қандай қылығын адамдарға ұқсатар едіңіз?

Бұл дүниенің мысалы

Ұшып өткен құспен тең.

Өмірде көрген жақсылық

Ұйықтап өткен түспен тең.

Атадан мирас – ақылың,

Түзік айтқан мақұлың

Ләзім болған іспен тең, - деп Шал ақын жырлағандай, өнегесі атадан балаға мирас болып келген, талай жанға жақсылық жасап данышпан атанған, мұсылман елдерінің әрқайсысында өзінің төл фольклорлық кейіпкеріне айналып

кеткен Лұқман Хакім жайындағы мифтердің түркіше ең көне нұсқасы Рабғузида жазылған...

Лұқманның түркі елдеріне, оның ішінде қазақ фольклоры мен әдебиетінде орнығуына «Рабғузи қиссалары» сюжеттерінің көп ықпалы болғандығы даусыз.

Әрі қарай сабағымызды «**Асылдың бірі – адалдық**» деген тақырыппен жалғастыра отырып, Рабғузи әңгімелеріндегі адамгершілік идеяны ашып көрсетеміз.

Заман қамын ойлаған –

Саналықтың белгісі.

Адам қамын ойлаған –

Даналықтың белгісі.

*(Халық мақалы)*

«**Лұқман**» - арабтың сөзі, «**данышпан**» деген мағынаны береді.

Лұқман Хакім туралы бір хикаятты баяндап берейін:

«**Жақсы болмақ та – тіл мен жүректен.**

**Жаман болмақ та – тіл мен жүректен...**

- Бұл әңгіменің тақырыбы мен идеясы туралы не айтуға болады?

- Қандай сюжеті жағынан, идеясы жағынан ұқсас ертегі, аңыз әңгіме, шешендік сөздер бар? («Басқа пәле – тілден»)

(Жеке жұмыс кәртiшкелерi таратылады)

**5-слайд** (3 әңгімеге таяныш).

Бірінші әңгіме:

1. Қарыз сұраған кісі.
2. Арамдық.
3. Құс пен түйіншек.
4. Екінші рет қарыз сұрау.
5. Адалдық.
6. Байлық.

Екінші әңгіме:

1. Қожа.
2. Жақсы ет.
3. Тіл мен жүрек.
4. Жаман ет.
5. Тіл мен жүрек.
6. «Тәтті болмақ та – тіл мен жүректен, ащы болмақ та – тіл мен жүректен».

Үшінші әңгіме:

1. Залым патша.
- Құдық.
2. 40 түйір құрма.
  3. Жеті жыл.
  4. Тамаққа тұрған сүйек.
  5. Тігілген үй, тамақтың иісі.
  6. Сандыққа сал, жел тигізбе.
  7. Баланың жүрегі.
  8. Қой.
  9. «Аһ» дегенде атып шыққан сүйек.

Екінші, үшінші әңгімелерді оқушылардың өздеріне айтқызу.

**6-слайд.** «Адамгершілік – рухани тәрбие негізі».

Осы Рабғузи әңгімелерінде адамгершілік идеясы қалай көрінеді?

**7-слайд.** Әңгімеге негізделген кесте.

Әңгімеден үзінді	Мақал-мәтел, даналық сөздермен ой қорыту
«Тәтті болмақ та – тіл мен жүректен, ащы болмақ та – тіл мен жүректен».	1. Тіл – қылыштан өткір. 2. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. (Абай).
«Бірінші алғанда «бермей кетейін»деп арамдық ойлап едің, ол саған бұйырмады. Екіншіде адалдық ойлап едің, пайда таптың. Бұдан былай қара ниет болма».	Адамның ұяты – бетінде, Адамгершілігі – ниетінде.


«Данышпандығын көрейін, осы құдықтан қалай аман шығар екен?»

- Ей, жігіт, саған ажал, маған бұйрық келді! Әкең үшін сені бауыздаймын, - деп қойдың тамағын пышақпен қор еткізіп тартып жібереді. «Аһ!» дегенде, сүйек атып шығады. Есін жиып қараса, баласы алдында тірі отыр екен.

«Жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі, Жамандыққа жақсылық – нар адамның ісі».

Таспен ұрғанды аспен ұр.

**8-слайд.**



**Қорытындылау. 9-слайд.**

Бүгін қазақ әдебиеті сабағы мен үшін... Неге үйрендім?

**Л** – Лұқман Хакімдей адал, қамқор жанның өмірде бар болғанын түсіндім.

**Ұ** – ұрпаққа арнаған ұлағатын ұқтым.

**Қ** – қазақ әдебиетінің терең тамырлы сабақтастығын түсіндім.

**М** – мейірімді болу керектігін түсіндім.

**А** – адамгершілік қасиеттерді жинақтадым.

**Н** – нағыз азамат болуды үйрендім.

- Жарайсыңдар, балалар! Ежелгі дәуір әдебиетінің өкілі Рабғузи еңбегіне енген қысқа-қысқа қиссалардың сіздерге берер тәлімі мен тәрбиесі мол болғанын көріп тұрмын.

Осы отырған барлықтарыңыздың да балапан жүректеріңіз:

**Р - рухани**

**А- азық**

**Б - болатын**

**Ғ - ғалымның**

**У - уағызын**

**З – зейінге тоқып алатын**

**И – инабатты да ибалы**

**Қазақтың адамгершілігі мол ұрпағы мен боламын**  
(10-слайд) деп соғары даусыз.

**Үйге тапсырма.** 1. Адамгершілік – ардың ісі (ой толғау немесе мәтін құрау). 2. Адамгершілік туралы мақал-мәтел жазып келу, жаттау.



**Бақыт АХАНОВА,**  
Қарағанды қаласындағы  
№41 орта мектептің  
мұғалімі.

## **«БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КЕЙШКЕРЛЕР**

*(8-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімдік – образ, тарихи және көркем сипаты, ақынның характер ашу шеберлігін талдау; **тәрбиелік** – елсүйгіштік, адалдық пен намыстылыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – сөйлеу мәдениетін, әдеби талдау дағдысын дамыту.

**Түрі:** бекіту, талдау сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** баяндау, сұрақ-жауап, салыстыру, сөздік әдісі, проблемалық оқыту.

тақтада слайд, флипчарт түрінде.

### **Сабақтың барысы. Ұйымдастыру.**

Мағжан ақынның бір ерлігі – «Батыр Баян» поэмасын жазуы. Ұлт тарихын, тұлғаларын айту мүмкін емес заманда Абылай хан, Баян батыр туралы асқақ рухты жыр жазу – шынымен, ерлікке тең. 1923 ж. «Лениншіл жас» газетінде бұл поэмаға Жүсіпбек Аймауытұлы былай баға беріпті: «Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі «Баянда» толық көрінеді. Абай айтқан «сөз патшасы» – «Баян». «Баян» – қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс».

### **Үй жұмысын пысықтау.**

Поэма мазмұнын оқып, дәйексөз жаттап алу тапсырылған.

1. Поэма деген не, қандай шығарма?

2. Поэма кейіпкерлері кімдер? Кімдер тарихи кейіпкер, тұлға?

3. Мына кейіпкерлердің кім екенін сипаттаудан тауып көр. (Интерактивті тақтада Active Studio-дағы «Шымылдық» арқылы).

**Ел қорғаны, ойы теңіз, алашқа артық кім? (Абылай)**

**Батырлығы алашқа аян, кең ақыл, отты қайрат, ел еркесі кім? (Баян) т.б. кейіпкерлер.**

### **Шығармашылық жұмыс.**

Тарихшылар, әдебиетшілер және тілшілер (поэма тілін зерттеушілер) болып бөлініп, кейіпкерлер образының тарихи және әдеби сипатын зерттеу.

**«Тарихшылар» тобының мақсаты:** поэмадағы образдардың тарихилық сипатын ашу.

**«Әдебиетшілер» тобының мақсаты:** кейіпкерлер образының әдеби сипатын ашу, шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау.

**«Тілшілер» тобының мақсаты:** кейіпкер характерін ашудағы ақынның тіл шеберлігін талдау.

# 1. Кейіпкер образдарын талдау.

## Абылай хан


Күндерде сонау қара тапсырған ел

Тағдырын Абылайдай данасына...

Тарихи сипаты:	Әдеби сипаты:
кеменгер басшы, көреген саясатшы, елге құрметті, үш жүздің басын қосуы, т.б.	дана, ел қорғаны, терең ой иесі, ақ туы астында алаштың табысуы, көп жаудың бірін алдап, бірін арбауы, т.б.

**Сұрақ:** Абылай туралы ел аңыздарын білеміз бе?

Абылай образын ерекшелеу үшін поэмада сол XVIII ғасырды ақын қалай сипаттаған?



Абылай туралы ой жинақтау: ел қорғаны, дана, терең ой иесі, киелі, ел ұйытқысы, т.б.

## Баян батыр

Қазақтың батырлары бәрі – қыран,

Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап...

Шоқан Уәлиханов. «XVIII ғасыр батырлары жөніндегі тарихи аңыздар» (мақала)

Мақалада	Поэмада
<p>1. – Абылайдың «Бергенін алып, сосын шауып алу» туралы ойына Баянның «Арбауға көнбей, бірден шабайық» деп қарсы болуы.</p> <p>2. Ноян мен қыз туралы ештеңе айтылмайды.</p> <p>3. Баянның қалмақтарды шабуға 1000 жігітпен шығуы.</p> <p>4. Баянның Қалмақ әскері Қытай жеріне кіріп кеткен соң қайтар жолда уланған су ішіп қаза болуы.</p> <p>5. Жанатайдың басқа шайқаста қаза болуы.</p>	<p>Поэмада бұл сюжет бар.</p> <p>Бұл – ақын қиялынан туған оқиға.</p> <p>«Жүз қыран мың сан қолға араласты».</p> <p>Жолдасы Жанатайға бұрылғанда, еңгезердей бір қалмақ қапыда көк найзасын сұғып өлтірген.</p> <p>Баянмен бірге қаза болған.</p>

### Қанай шешен

*Ту баста Абылайды хан көтерген,*

*Қамқоры Қарауылдың Қанай шешен...*

«Қазақтың би-шешендері» (Нысанбек Төрекұлов, Мұхтар Қазбеков) кітабының (А. «Жалын», 1993) 340-бетіндегі «Ақтайлақ би мен Қанай шешен» сөздерін оқып талдау.

2. Поэманың тақырыбы не? Автордың айтпақ ойы не?

3. Шығарма композициясын, құрылымын талдау.


Кіріспе	Ақынның өз жүрегімен мұндасуы
Басталуы (экспозиция)	Көкше келбеті. Абылай ойы, ордаға жиналған әскер, Баянды тосуы.
Байланысы	Баян қолына түскен қалмақ қызы, батырға қарындас болуы.
Дамуы	Інісі мен қыздың уәдесі, қыз талабы.
Шиеленісуі	Сүйген екі жастың елден кетуі, Баянның қууы.
Шарықтау шегі	Жолдыөзектегі өлім.
Шешімі	Баянның зары, сезімі.
Қорытынды	Баянның тосқан қолға қосылып, жауға аттануы, қазасы.

### Мәтінмен жұмыс (тілін талдау)

1. Кейіпкер характерін ашу үшін ақын немесе жазушы қандай тәсілдер қолданады?



## Характер ашу



2. Кейіпкер характерін ашуға қызмет ететін тілдік құралдардың қандай түрлерін білесің? (теңеу, эпитет, метафора, кейіптеу, т.б.)

3. Мәтіннен эпитет, теңеу, метафора табу.

Теңеу: өрттей ескен, атқан таңдай, сұңқардай сорғалаған, жаралы жолбарыстай, т.б.

Эпитет: дана Абылай, қанды балақ, батыр Баян, бала Ноян, асау жүрек, қайнаған қан, ақша маңдай, сұп сұлу қыз, т.б.

Метафора: сұңқар, көкжал, арыстан, бөрі, бөлтірік, қозы, ерке марқа, сұқсыр, қоңыр қаз, т.б.

Поэмадан алынған үзінділерден теңеу, эпитет, метафораны табу.

**Қорытындылау, бағалау.**

1. Баян інісін өлімге не себепті қиды?

2. Баян кім? Қылмыскер ме, ел намысын жоқтаушы ма?

3. Ноян кім? Махаббат құрбаны ма, сатқын ба?

**Үйге тапсырма:** 1) «Ерлік туралы дастан» атты шығармаға жазуға даярлану;

2) Н.В. Гогольдің «Тарас Бульба» повесімен салыстыру.





Гүлден ЕРМЕКБАЙҚЫЗЫ,  
Ақтөбе облысының  
Шалқар ауданындағы  
«Қарашоқат» орта мектебінің  
мұғалімі.

## АХМЕТ ИАССАУИ ӨМІРІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) оқушыларға Ахмет Иассауидің ақындығын, өлеңдеріндегі мақсат-мұратын ашып түсіндіру; 2) оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын дамыту; 3) Ахмет Иассауи өлеңдері арқылы оқушыларды білім-ғылымды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу. **Көрнекілігі:** слайд, тұлғалардың суреті, Ахмет Иассауидің мазарының суреті, кеспе қағаздар.

**Пәнаралық байланыс:** тарих.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру** Оқушыларды түгелдеу, сабаққа назар аударту.

**II. Үй тапсырмасын сұрау.**

1. Қазақ даласы Әбу Насыр әл Фараби өмір сүрген тұста қандай мемлекет құрамында болды?

2. Осы дәуір қандай екі бөлікке бөлінді?

**III. Үй тапсырмасын бекіту.**

1	Туған жылы	870
2	Туған жері	Отырар қаласы
3	Білім алған жері	Бағдат қаласы
4	Қайтыс болған жері	Шам шаһары

**Меңгерген тілі:** араб, парсы, грек .....

## Ғылыми еңбектері:



### IV. Жаңа сабақты меңгерту.

Қожа Ахмет Иассауи – ақын, ойшыл, ұстаз, түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни ағартушы сопылардың бірі. Ол қазіргі Шымкент облысындағы Сайрамда туып, қазақ жерін Үнді, Қытай, Еуропамен байланыстырған Түркістан қаласында тұрды.

Әкесі Шайхы Ибраһим сопылық жолды ұстаған діндар адам болған. Ахметтің анасы Қарашаш пен әкесі Ибраһимнің мазары – Сайрамда.

Ұстазы – Арыстанбаб. Шығармалары: «Диуани Хикмет». «Диуан» – жинақ, «хикмет» – Алланың ақ жолы дегенді білдіреді. Ахмет Иассауидің 90 мың шәкірті болған, олар ұстазының ілімін Орта Азия, Анадолы Түркияға дейін таратқан.

Иассауи 63 жасқа келген соң Мұхаммед пайғамбардың жағынан артық жас жасауды қажетсінбей, жер астына – қылуатке түсіп отырады. Барлық уақытын шығарма жазуға арнайды.

### V. Хикметтерін талдау

1. Хикметтерін талдай отырып мазмұндап, бөліктерге бөлу.

1. Өмір үшін күрес.
2. Адамдық, ізгілік жолында.
3. Замана зары.
4. Алланы мойындау.
5. Өмір мен өлім.
6. Достарға өсиет.

Аударған Әбіраш Жәмішев.

VI. Ахмет Иассауидің өлеңдерінен ақыл- нақыл сөздерді теріп жаз.

1	
2	
3	

**Сөздікпен жұмыс.** Хикметтерге байланысты оқулықтың төменгі бөлігінде келтірілген сөздерді дәптерлеріне жазу.

**Бекіту сұрақтары:**

1. Ахмет Иассауидің өмірлік мақсат- мұраты қандай?
2. Ахмет Иассауи нені жырлады?
3. Ахмет Иассауидің имандылық туралы ойлары қазіргі заманғы тәрбиеге сай келе ме?

**Үйге тапсырма:** 1) Ахмет Иассауидің хикметтерін жаттау; 2) Абай өлеңдерімен салыстыру.



Гүлжәмила ҚАРЖАУБАЙ,  
Атырау облысының  
Қызылқоға ауданындағы  
“Миялы” орта мектебінің  
мұғалімі.

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ. «ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ»

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – жазушының өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, оқушыларға жаңа білімді өздігінен игерту арқылы шығарманың мазмұны, тақырыбы мен идеясын ашу; дамытушылық – шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойларын нақты,

дәл жеткізе білуге, сөйлеу тіліне, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, дүниетанымын кеңейту, пәнаралық байланыс арқылы пәнге қызығушылығы мен белсенділігін арттыру; **тәрбиелік** – туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін ояту, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

**Әдісі:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, проблемалық сұрақтар, сын тұрғысынан ойлау. **Түрі:** дәстүрден тыс интерактивті сабақ. **Көрнекілігі:** жазушы портреті, интерактивті тақта.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка, география.

### Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.

Оқушылармен сәлемдесу, назарларын сабаққа аудару.

#### Блум жүйесі бойынша

#### Ой шақыру

*«Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге зашық болып өседі».*

*Мұхтар Әуезов.*

Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Қаздар қайтқанда» әнін оқушылармен орындау.

*«Құлақтан кіріп, бойды алар*

*Әсем ән мен тәтті күй.*


*Көңілге түрлі ой салар*

*Әнді сүйсең, менше сүй!».*

*Абай.*

### II. Жаңа сабақ. Ой өрбіту.

#### Ассоциация



#### Түсіну

Жоспар бойынша мазмұнын сұрау:

1. Таулы өлкеге қонақтаған қоңыр күз.
2. Жалғыз жортқан жолаушы асқан қиын асу.
3. Алдағы жолдың жоспары.

4. Ауыр айқас. Қуаныш жасы.

5. Ең соңғы қатер.

6. Ойға оралған өкініш.

7. Туған жерге табан тіреу.

8. Айнабұлақ.

9. Орындалған арман.

Әңгіме авторы – Қабдеш Жұмаділовтің өмірі, шығармашылығы туралы әңгімелеу.

<b>Туған жері</b>	Қытай Халық Республикасының Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Тарбағатай аймағы
<b>Шығармалары</b>	«Сәйгүліктер», «Сарыжайлау», «Бір тораңғы», «Қарауыл хикаяттары», «Көкейкесті», «Атамекен», «Соңғы көш», «Қаздар қайтып барады».

### III. Жаңа сабақты бекіту (Сұрақ-жауап):

1. Байтас қарт қайда сапар шегіп келеді?

2. Оның бөтен елге баруының себебі неде, не үшін барған деп ойлайсындар?

3. Жазушының өмірі мен әңгіменің арасында қандай байланыс бар?

**Әңгіменің тақырыбын ашу:** туған жерге деген сағыныш. **Әңгіменің идеясын анықтау:** туған жерді, атамекенді дәріптеу, қадірлеу.

Байтас қартты қырық жылдан кейін шекара астыртып, жолда көрген қиыншылықтарына төзе отырып алып келген бір-ақ нәрсе, ол – туған жерге деген сүйіспеншілік, туған жердің топырағы.

Қасиеті сіңген туған жерін жат елде жүріп бір сәт те ұмыта алмай, туған жерге оралған қандастарымыз қаншама! Майра Мұхамедқызы, Шұғыла Сапарғалиқызы сынды қандастарымыз туған еліне келіп еңбек етуде.

Тағдыр талайымен кезінде тарыдай шашыраған қазақтарымыз дүние жүзінің 55 елінде өмір сүріп жатыр екен.

АҚШ-та	14000
Украинада	15000
Түркияда	25000
Өзбекстанда	1550000
Иранда	12000
Тәжікстанда	10000
Ресейде	740000
Моңғолияда	100000
Қырғызстанда	45000
Қытайда	1500000
Ауғанстанда	30000

### Талдау. Ой талқы.

Шығарманың композициялық құрылысына талдау:

1. Оқиғаның басталуы ... *Жалғыз қарттың жолға шығуы.*
2. Байланысы ... *Ойға оралған өткен күндер немесе немересін еске түсіру.*
3. Дамуы ... *Өзекті өртер өкініш немесе түрмеде жатқанда немересінің аштықтан өлуі.*
4. Шарықтау шегі ... *Үміт отының жылтылдап ұзақ сапарға жетелеуі.*
5. Шешімі ... *Туған жерге жету, мойнындағы тұмардағы топырақты табыстау.*

Әңгімеде кездесетін жер-су, тау аттары: *Етікшіі, Тарбағатай, Күргейтас, Тентек-Халдай, Айнабұлақ, Арғанаты, Көкшілік, Нұра.*

### Салыстыру. Ой бейнелеу.

Бүгінгі әңгімемен өзектес, тақырыптас шығармаларды сұрау. Тұманбай Молдағалиевтің «Бауырлар» өлеңін жатқа сұрау. Әңгіменің «Қаздар қайтып барады» деп аталуының себебін қалай ойлайтындарын сұрау.

### IV. Сабакты қорытындылау. Қолдану. Ой зерделеу.

1. Туған жер тақырыбына өз шығармашылығынан өлең немесе ойтолғау оқу.
2. Поэзия минуты. Жерлес ақындардың туған жер туралы өлеңдерін оқу.

3. Бүгінгі сабақтың ұраны: «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары».

V. Оқушы білімін бағалау. Ой түйін.

VI. Үйге тапсырма. «Отаным десем ойыма...» тақырыбына шығарма жазу.



Ұлбосын БЕРДЕШОВА,  
«Жаңа таң» орта мектебінің  
мұғалімі.

Ақтөбе облысы,  
Байғанин ауданы,  
«Жаңа таң» ауылы.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «ӨГІЗ БЕН БАҚА»

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Ахмет өмірі мен шығармашылығынан білімдерін пысықтау, Ахмет еңбектеріне шолу жасау, Ахметтің халқы үшін жасаған еңбектерінің мәнінің жоғары екендігін ұғындыру, ақын мысалдарының негізгі идеясын, мазмұнын түсіндіру; **тәрбиелік** – балаларды білімділікке, мәдениеттілікке, адамгершілікке баули отырып, көрсеқызарлықтан, көре алмаушылықтан аулақ болуға тәрбиелеу; **дамытушылық** – ой-өрісін, таным қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Түрі:** слайд сабақ. **Әдісі:** баяндау, салыстыру, мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, жинақтау, топтастыру. **Көрнекілігі:** Ахмет Байтұрсынұлының суреті, ақын туралы дәйексөздер, кестелер, схемалар, «Өгіз бен бақа» суреті. **Пәнаралық байланыс:** тарих, биология, қазақ тілі, бейнелеу.



## **Сабақтың барысы. 1. Ұйымдастыру:**

- а) оқушылармен амандасу;
- ә) оқушыларды түгелдеу;
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын қадағалау.

## **2. Үй тапсырмасын тексеру, қорытындылау.**

«Ел үмітін ер ақтар» тақырыбында эссе жазу берілген болатын.

### **1-слайд. Тест.**

#### **1. «Толағай» қандай ертегі түріне жатады?**

- а) қиял ғажайып ертегісіне;
- ә) шыншыл ертегіге;
- б) әдеби ертегіге.

#### **2. Әбділда Тәжібаевтың өмір сүрген жылдары:**

- а) 1865-1932;    ә) 1909-1995;    б) 1904-1990.

#### **3. Ертегі дастанға қандай оқиға арқау болған?**

- а) қуаңшылық;    ә) топан су;    б) қатты дауыл.

#### **4. Толағайға сай сипаттама:**

- а) қорқақ, ез, қайырымсыз;
- ә) ержүрек, қайырымды, елі үшін туған ер;
- б) қатігез, өркөкірек, жігерсіз.

#### **5. «Толағай» шығармасының басты тақырыбы.**

- а) ерлік туралы;
- ә) жақсылық пен жамандық туралы;
- б) қатігездік туралы.

### **2-слайд. Мысал.**

Шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ болатын тағылымдық шығарманы **мысал** дейді. Мысалдарда жануарлар мен жәндіктер адам істейтін әрекеттерді жасайды. Бұлай суреттеуді **аллегория** дейміз.


### **Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1938)**

Бұрынғы Торғай облысында, орта дәулетті шаруа отбасында дүниеге келген. Жазықсыз жалаға ұшырап, 1938 жылы атылған. Ахмет – қоғам қайраткері, тамаша оқулықтар

жазған педагог, дарынды ақын, шебер аудармашы, ірі ғалым. Орыс ақыны И.А.Крыловтың мысалдарын Абайдан соң аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте кітап етіп шығарды.

3-слайд.

ұстаз



4-слайд. Композициялық құрылымына талдау.

Бір ө-гіз ай-дын шал-қар көл-ге кел-ді,  
Жа-ға-лап су-а-ты бар жер-ге кел-ді.  
Шіл-де-нің сар-ша та-мыз ыс-сы ке-зі,  
Бек қат-ты қа-ны қа-шып шөл-деп е-ді.

5-слайд. Сабақ жоспары:

1. Өгіздің шөлдеп келіп су ішуі.
2. Көрсеқызар бақа.
3. Бақаның қарнын керуі.
4. Бақаның жарылып өлуі.
5. Әлін білмеген әлек.

6-слайд.



### 7-слайд. «Синкуэн» әдісі.

1. Тақырып/зат есім/-
2. Суреттеу/сын есім/-
3. Қимыл/етістік/-
4. Сезіну/сөз тіркесі немесе сөйлем/-
5. Түйінді ой.

### 8-слайд. Семантикалық кесте.

Шығарма тақырыбы	Мысалдың негізгі тақырыбы, идеясы	Мысал туралы сенің пікірің

### 9-слайд. Үйге тапсырма:

1. Көрсеқызарлық, күншілдік, мақтаншақтық туралы мақал-мәтелдер жазып келу.
2. Мәтінді мәнерлеп оқу. Рөлге бөліп оқуға дайындалып келу.
3. «Екі бетті күнделік» стратегиясы бойынша кесте толтыру.

Әңгімеден алған әсерім	Пікірім

### 10-слайд. Бағалау.

№	Оқушылардың аты-жөні	Үй жұмысы	Жаңа сабақты қалай түсіндің?	Сынып жұмысы	Қорытынды баға



Фазылбек БИСЕНҒАЛИ,  
Әл Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың аға оқытушысы.

## «КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫНЫҢ НҰСҚАЛАРЫ

Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай» жыры қазақ жастарының бірнеше буынын күрескерлік рухында тәрбиелеп, Жетісудағы соғыстың қандай жағдайда өткенін жан-жақты сипаттаған, батырлардың жарқын бейнесін жасаған, хан Кене мен Наурызбай төре өмірінің аса маңызды салаларын шыншыл суреттеген өте бағалы шығарма болатын. Мұхтар Әуезовтің көрсетуінше, «Кенесарының қайғы, өкінішімен біткен жорығы қазақ баласының» барлығына да қадірлі, қасиетті әңгіме болып көп жайылған (1.152). Мұнда күллі қазақ елінің сол замандағы жағдайы ұлт-азаттық күреске саналы түрде қатысқан жауынгер жыраудың көзімен берілген. Бұл жырдың артықшылығы, саяси әлеуметтік мәні орыс зерттеушілеріне де мәлім болған. Н.Середа «Г.П. Половоратов (долго бывший секретарем султана правителя восточной части) доставлял нам песню «о Кенесары» на татарском языке с русским переводом сложенную знаменитым киргизским поэтом Нысанбаевым, очевидцем и сообщником в его богатырстве киргизский поэт изображает слезы отчаяния всех окружающих мятежного хана, с которым погибло безвременно много и радужных надежд» деп жазады.

Тарихи дерек көздеріне қарағанда, Хан Кене мен қырғыз манаптарының арасын шиеленістірген жағдайлар бірнешеу. Олар «Кенесары-Наурызбай» жырының орталық эпизодтарында да көрініс тапқан, нақтырақ айтсақ, оқырманға Кәрібоз бен Наурызбай диалогтары арқылы мәлім

болады. Алайда Нысанбай жыр нұсқаларында суреттелетін соғыстың тууына себеп болған оқиғалар тарихи еңбектердің бірде-біреуінде аталмайды. Мысалы, Қашқынбай Қараев, Жүсіпбек Шайхұлисламов, Шәді Жәңгіров нұсқаларында қырғыз-қазақ байланысының бұзылуына түрткі болған басты оқиға Наурызбайдың бірде Топжарған, бірде Тортөбел аталатын жүйрік атының ұрлануы болып көрінеді.

Ал 1872 жылы «Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества» журналындағы С.Жанторин мен Т.Сейдалининнің бастыруымен жарық көрген алғашқы нұсқада бұл көрініс, яғни, дәріптеліп отырған басты қаһарманның қырғызға жорығын ақтайтын мотивировка кездеспейді. Қырғызбен арада болған соғыстың не себепті туындағаны да белгісіз. Тек қана «...*Қырғыздан ыза көрген соң, Кененің болды арманы...Іледен өтіп хан кетті, Өр Дулатқа барғалы*» деген жолдарға қарап бір қырсықтың қырғыздан келгенін аңғаруға болады.

Демек, Нысанбай жыр нұсқаларындағы тұлпардың ұрлану мотиві жыр нұсқаларына кейін енген, бұл сарын 1912 жылы жарық көрген Жүсіпбек Шайхұлисламов нұсқасынан бастау алады деп айтуға негіз бар.

Тарихи фольклорлық үлгілерде аттың ұрлану мотиві жиі ұшырасады. Мысалы, «Олжабай батыр» жырында Олжабай батырдың алғашқы сапары әкесінің бәсіре аты – Тайкүреңді іздеуден басталады. Жолшыбай бір балгер кісі балаға жол сілтейді, болашағын болжап сын айтады. Атын ұрлап әкеткен қырғыз батыры Әтеке екен. Олжабай Атбасты тауынан асып, Ыстықкөлді жағалап, Кебенді асуында отырған Әтекенің ауылына келеді. Кермеде байлаулы тұрған Тайкүреңді көреді. Әтеке есті кісі екен, ұрыс-жанжалсыз бір тоғыз айыбымен атын қайтарып береді. Ал «Арқалық батыр» жырында Арқалық Әжі төренің Ақжол аты мен жауда кеткен бес жүз жылқысын қайтармақ болып Дүрбітке аттанады. Дегенмен, бұл мотивтің ілгерідегі шығармалар желісінде атқарып тұрған қызметі әрқалай. Мысалы, «Олжабай батырда» қаһарманның ерте есейгендігі, оның

үлкен істерге қабілеттілігі көрсетіліп, болашақта қалмақтың бетін қайтаратын батырдың тегеурінді қимыл- әрекеті сипатталған. Әйтпесе, Әтекеге ат ұрлатқандай, Олжабай бастаған сүйіндік руы ешқашан қырғызбен қоңсы қонбаған. Оның үстіне Олжабай батырдың Әтекеден жасы үлкен болмаса, кіші емес еді. Ал екінші шығармадағы Арқалық батыр аттанысы негізінен Әжі төренің кейінгі істерін әшкерелеу үшін алынған. Бұл оқиғаның төркінінде нақты өмір шындығының жатуы әбден мүмкін.

Наурызбай төренің мініс аты расында көп жылқының бірі емес. Талай жүйрікті шаң қаптырған әйгілі сәйгүлік. Сондықтан Топжарғанның қолды болуы Кенесары төңірегіндегі ел үшін айтулы оқиғаның бірі болған. Оның үстіне «Батырдың тағдыры – оның атының да тағдыры. Аттың өлтірілуі, жаралануы немесе қолды болуы батыр бағының тайғандығы және ақырының таянғандығы. Осы себептен де батыр атын қорғап, оны жанындай қадірлеуі, сақтауы керек» (2.97).

Ақын жыраулардың Топжарған атты Алатаудағы соғысқа қатыстырмай, жыр басында ұрлатуының өзі оқиғаның негізінде нақты өмір шындығы жатқанын көрсетеді. Тарихи деректерде Күрті, Ырғайты, Ұзынағаш, Қарғалы деген жерлерге келіп орналасқан Кенесары ауылдарына қырғыздың Орман, Жантай манаптары отыз-қырықтан адам аттандырып, елдің жылқысын барымталап ала бастағаны айтылады. Омар Шипиннің сөзіне қарағанда, Кенесарыны келтірмеу үшін Жанғараш пен Жантай Кенесарының шұбар жылқысынан бір үйір қысырағын ұрлайды. Оған қозғалмаған соң Наурызбайдың белдеуінен Топжарған дейтін жүйрік атын ұрлайды.

«Бұзық басы – бурылдан» деген, қырғыз-қазақтың соғысы Жанғараш пен Жантайдан басталады.

«Кенесары-Наурызбай» жырындағы қырғыздардың атты ұрлауы – бас қаһарманның кейінгі жорықтарын ақтайтын дәлел-дәйек. Сондықтан бұл оқиғаның жырдың дамуындағы атқаратын қызметі ерекше. Солай десек

те, «Кенесары-Наурызбай» жырындағы кейіпкерлердің алғашқы аттанысына себеп болған оқиғаны місе тұтпайтын жыр нұсқалары кездесіп қалады. Мысалы, Ж.Басығаринде:

*Бар күнәсі қырғыздың –  
Жалғыз атты ұрлаган.  
Атын алған қырғызға  
Хан үйінде жынданған,-*

деген жолдар ұшырасады. Міне, осындай «кемшіліктерді» түзеп тезге салу үшін Алатаудағы соғыстың тууына түрткі болған оқиғаның себебін басқа мотивтермен ауыстырған нұсқалар да байқалады.

Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде «Кенесары-Наурызбай» жырының хатқа түспеген нұсқалары көп болғанға ұқсайды. Халел Досмұхамедұлы 1923 жылы Ташкентте жарық көрген «Кенесары-Наурызбай» жырының алғы сөзінде былай деп жазады. «Кенесары- Наурызбайды» қазақ-қырғыз білім комиссиясының шығарғандағы мақсаты мынау болды: 1) Алатаудағы соғыс туралы Нысанбай ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру; 2) Ел арасындағы Нысанбай сөзі аталып, сыңар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою. 3) Мектептерде оқылатын ана тілі үшін тарихи поэманың жақсы үлгісін беру. 4) Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп жол салу... «Кенесары-Наурызбайды» баспаға берместен бұрын бірқатар қырғыз туғандарымыздың оқығандарына көрсетіп, олардың сынына салдық, олар жағынан ешбір бөтен сөз болған жоқ». Бұл арада екі жағдайдың астары анық көрінеді: біріншісі – эпикалық мұраны бағалаудағы «тарихи мектеп» ағымының әсері байқалатындағы, екіншісі – Кенесары-Наурызбай атына айтылған дәріптеуді асыра сілтеу деп есептеушілік.

Тарихи қайраткер мен жыр қаһарманы арасында еш айырмашылық болмайды деп санаушылық фольклористика ғылымында ұзақ уақыт сақталғанын еске түсірсек, Халел Досмұхамедұлының бұл тараптағы түсінігіне онша таңдануға болмайды.

«Мен бұл дастанды ертеде бірнеше жыршыдан естідім, - дейді Шұбартау қыстағының тұрғыны Сәрсенбі Бәуов. — «Кенесары-Наурызбай» жыры туралы Шұбартаудағы жыршылардан ғана емес, Алматыдан, сол маңда тұратын жыршылардан да естідім. «Кенесары-Наурызбай» жырының жарияланып жүрген нұсқаларында көп қате бар. Қырғыздармен кеңесіп өмірлік шындықты бейнелейтін жерлерін дастаннан алып тастау дұрыс емес. Бұл – тарихи оқиғаны бұрмалап, Кенесары тобының кінәсін көбейте беру мақсатымен істелген жолсыздық».

Қария бұл жерде өзі естіген, көңілге түйген жыр мазмұны туралы айтып отыр. Енді «Кенесары- Наурызбай» жырының осы нұсқасындағы қазақ пен қырғыз соғысының басты себебін сипаттайтын эпизодтың қысқаша мазмұнын келтірейік: «Кенесары ауылы көшіп бара жатқанда қырғыздың Есқожа, Қанай деген аруақты адамдарының бейітіне төрелердің бірінің өлген шешесін жерлейді. Кейін құран оқи барған бір қырғыз жас қабірді көреді. Ол елде ешкім өлмеген екен. «Бұл қалай пайда болған қабір?» деп сұрау салады. Біреулер «Төрелер осы жолмен көшіп өткен, солардың өлген біреуінің қабірі болуы мүмкін» дегенді айтады. Ол бейітке қырғыздар өлген адамын рұқсат алып қана жерлейді екен. Қырғыздар естіген соң, олардың манаптарының бірі «Қойылған адамды көрден алып лақтырып тастандар» деп жарлық береді. Шашал десе бас алатындар дереу келіп, кемпірдің сүйегін көрден суырып алып лақтырып тастайды. Оны ит жейді. Мұны қырғыздардың бірі төрелерге жеткізеді. Сол кезде тағы да мынадай оқиғалар болады. Ержан жорықтан келе жатып далада Тортөбел атын шідерлеп жіберіп, өзі біраз тынықпақ болып, көз шырымын алғаннан кейін оянса, аты жоқ, жақын жердегі қырғыз ауылынан сұраса, «Көргеніміз жоқ» деп бермейді. Бас себебі осы болып Кенесары қырғызға қарай жол тартады. Қырғыздардың бұл ісіне ыза болған Кенесары: - Қанша жерден әулие болса да көріп алдым, Есқожа мен Қанайдың бейітін зеңбірекпен атыңдар,- деп батырларының біріне бұйрық береді. Бұйрық орындалады. Сонда Есқожа



мен Қанай зиратынан екі ақбоз ат шауып шығыпты деседі. Ендігі ісінің кедергіге ұшырайтынын білсе де ашулы Кенесары қалың қолды қырғыздарға бұрады».

Сөз жоқ, ілгеріде сөз болған мотивтердің екеуі де басты кейіпкердің қырғыздарға жорығын ақтау үшін алынған. Кенесары, Наурызбайға танылған ауыр күнә Есқожа мен Қанайдың зиратын бұздыру болса, бұл нұсқада оның да жауабы табылған. Әрине, мұндағы суреттелгенді нақты өмірде орын алған жағдайлар деп айта алмаймыз. Ол — орындаушының көркемдік қиялының нәтижесі. Жырды орындаушылар қалыптасқан дәстүрлі эпос мотивін жыр желісіне кіріктірмей, тарихта болуы мүмкін оқиғаларды ойдан қосқан. Орындаушы зират бұзу әңгімесін Кәрібоз бен Наурызбай диалогында өткен шақта айтылғандықтан жыр басынан орын берген.

Тарихи жырларды өмірде орын алған түрлі тартыстар мен ұлт-азаттық күрестерінің куәсі болған ақын-жыраулар шығаратыны мәлім. Олар өздері көзімен көрген, замандастарын қатты толғандырған мәселелерге баса назар аударған. Сондықтан болар кейде тарихи жыр сюжеттерінде ресми құжаттарда мүлде сөз болмаған оқиғалар бірінші кезекке шықса, мұрағат мәліметтері мен зерттеу еңбектеріндегі маңызды оқиғалар елеусіз қалып жатады. «Кенесары-Наурызбай» жырындағы Есқожа, Қанай бейіттерінің бұзылуына қатысты әңгіменің бірде-бір тарихшы ғалымның еңбегінде аталмауы соның бір мысалы болса керек.

«Кенесары- Наурызбай» жырының Абдолла Бағдәулетұлы жырлаған версиясында Кенесарының зиратты бұзуына себеп болған жағдайлар мүлдем басқа қырынан өрнектеледі. Мұнда Андасты өлтіріп отқа өртеген қырғызға кектеніп жүрген көп Дулат Кенесарыға Байұзақты салып, Есқожа мен Қанайды көрден шығарып өртеуді сұранады. Сонда Кенесары «Отыз екі төрені, жиырма екі қожаны Дулат алдына салсын. Моласын балтамен бұзып, көр ішінен қырғыздың сүйегін аршып алсын. Шын әулие болса ұйықтаған адамдай екі

беті қып-қызыл болып миығын тартып жатқандай көрінер. Ондай жағдайда құран оқып көріне қайта қымтап жапсын. Ал шайтан болса, екеуі іріп-шіріп жатқан болар, кідірмей отқа апарып жақсын» дейді.

Дулаттар Есқожа мен Қанайды көрден қазып алса, екеуі де беттері балбырап, миығынан күліп жатыр екен дейді. Содан бұларды ақ матаға орап қайтадан арулап көмеді. Бірақ Дулаттар төрелердің бұл ісіне ырза болмайды. Наурызбай ұйқыға кеткенде тоқсан түйе томар үйіп Есқожа мен Қанайды отқа өртейді. Мұны көріп қырғыздар жылап еңіреп шулап жатады. Осы кезде Наурызбайдың түсіне Марал ишан атасы енеді, аян береді. Оның істеген кесір істері жіпке тізіледі. Атасы жаратқанның алдында Дулаттың істегені үшін бұлардың жауапты екенін айтады. «Енді сенің 14 күн өмірің қалды, болған жайтты Кенесарыға хабарла» дейді. Өзі осыны айтып аққу құсқа айналады да, көкке ұшып кетеді.

Әрине, бұл – болған оқиғаның дәлме-дәл көшірмесі емес, шындық пен көркем қиялдың жемісінен туған орындаушының өзіндік болжамы. Бұдан жыршылық дәстүр ықпалының қаншалықты зор екендігін аңғарамыз. Сонымен бірге мұнда халықтың саяси дүниетанымы мен наным-сенімінің әсері де көрініс тапқан. Бәрінен бұрын тарихты өзінше түсініп, өзінше бағалаған бұқараның болған оқиғаға көзқарасы бір арнамен жүрмейтіні байқалады. Оның үстіне ауызша туып, ауызша тараған дүниенің жыр желісіндегі нақты тарихи фактіні өзгеріссіз сол қалпында ұстап қалуы мүмкін емес. «Дәстүр жырды таратушыны оқиғаны шын мәнінде қандай екендігінде емес, қандай болуы керектігіндей етіп елестетуге мәжбүр етіп желкесінен басып тұрады» (3.19).

Жалпы қаһармандық эпоста жалғыз жүрген батырдың ісіне киелі құдіреттің де араласатыны бар. Ағат кеткен батырды әрқашан түзетіп отыратын күш те біреу-ақ. Ол – батырдың пірлері. Бағдәулет нұсқасында да солай. Наурызбай қанша жерден қайратты, айлалы болса да, жаратушы қолдамайтын істер жасап, пірін ренжітеді. Күш-қайратына сеніп ақылға симайтын іс қылады, сөйтіп желеп-

жебеуші пірлерін ұмытады. Эпикалық туындыларда пірлерін тәрк еткен батыр көп ұзамай мерт болады. Пірлерден медет сұрамаған батыр жеңіске де жете алмайды. Бұған қарағанда, Нысанбай туындысының Бағдәулет нұсқасында эпикалық дәстүр басым.

Абдолла Бағдәулетұлы жырлаған «Кенесары- Наруызбай» жырының версиясында Наурызбай батырдың пірі, демеушісі ретінде Марал ишанның аталуы тегін емес. Патша үкіметі халқымыздың дініне ауыз салып, исламнан бездіруге әрекет жасап жатқан қиын қыстау кезеңде Марал ишан мұсылман қауымға араша түсіп, зорлық- зомбылық көрсеткен кәпірлерге қарсы «Ғазауат соғысын» бастаушылардың ұйытқысы болды. Оған «Исак Марал Курманов из рода Керей, получил религиозное образование в Бухаре. В 1920 году М.Курманов прибыл в районо Торгая выдал себя за святого и разослал гонцов в разные казахские роды с приглашением прикачевать к нему призывая казахов прекратить сношения с Россией и заняться земледелием» деген А.Добросмыслов сөздері дәлел бола алады. Шекара әскерінің бастығы Карбошевтың 1838 жылы Омбы облысының басқарушысы Талызинге жазған көтерілісшілерге қарсы аттанған әскери экспедициясының нәтижесі туралы мәлемдемесінде керей руының басшысы Марал Құрмановтың көтерілісшілерді қолдайтыны айтылған.

Қазақ фольклорында Кенесары істеген ең келеңсіз оқиғалардың көш басында зират бұзу әрекеті келеді. Расында, тарихи деректерден мұндай көріністердің қазақ ішінде, түркі ұлысында бұрыннан бар екендігіне куә боламыз.

«Қырғыздар Абылайдан талай жеңіліске ұшыраған, бірақ Абылайдың 1770 жылғы шабуылы Алатау қырғыздарының ұмытылмастай болып есінде қалған. Найманның Көкжал, Барақ сұлтаны Алатау қырғыздарына шабуыл жасайды. Жолында ешбір қарсылық кездестірмей, бағына масайраған Барақ бейғамдыққа салынып, Алатау қырғыздарының қасиетті Қошқар ата моласын қорлайды» деген Шоқан Уәлиханов сөзіне қарағанда, зират бұзу әрекетінің Абылай тұсында да

болуы – тарихи шындық. Геродот мұндай жағдайдың түркі жұртында бұрыннан бар екендігінен мәлімет береді. Ал Томирис ханым мен Кир патша соғысының зират бұзудан басталуы да осыған айғақ.

Біздің пайымдауымызша, зират бұзу – аруақтар культімен байланысты салт. Аруақтар культі б.э.б VII ғасырдан бастап өріс ала бастаған. Жауға қарсы шыққанда орын алған осы салт содан он мыңдаған жыл өткеннен кейін де Кенесары хандығында сақталып қалған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұхтар Әуезов. Әдебиет тарихы. А., «Ана тілі», 1991.
2. Шынар Әли Аббас. Эпостағы арғымақ аттар. «Жұлдыз», 1998, №10.
3. Голонищев-И.Н.Кутузов. Эпос сербского народа. М., 1963.



**Алма ДОСОВА,**  
**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы**  
**Қостанай мемлекеттік**  
**университетінің доценті, ф.ғ.к.**

## **ТАХАУИ АХТАНОВ ПРОЗАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ТАБИҒАТЫ**

XXI ғасырдың басындағы қоғамдағы жаһандану үрдісі қазақ тіл біліміне де көптеген үлкен өзгерістер мен жаңалықтарды әкелді. Сондай жаңалықтардың бірі – ғылымдағы ғылыми көзқарастар мен үрдістердің өзара сабақтастықта қарастырылуы болып табылады. Осы күнге дейін тіл мен таным мәселелері философия мен лингвистика ғылымы аясында жеке-жеке зерттелсе, бүгінде лингвистика

ғылымында тіл мен танымды бірлікте қарастыру үрдіске айналып келеді. Танымдық ғылымның басты зерттеу нысанының бірі – **концепт**, яғни, тірек мағына ұғымы.

Концепт – ол тілдік тұлғаның тілдік-когнитивтік деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесінің үзіктері концептілердің көмегімен сөз арқылы таңбаланып көрініс табады, вербалданады.

Когнитивтік зерттеулер нәтижесінде концептіні ұлттық концептілік өріс элементі деп қарауға мүмкіндік туады. Осы негізде зерттеуші В.А.Маслова концепті түрлерін «жеке тұлғалық концептілер; адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер; жалпыұлттық концептілер» (Лингво-культурология. М., 2001) деп топтастырады.

Сонымен, **концепт дегеніміз** – ойлау мен таным және мәдени үдерістің нәтижесі; адам ойындағы ғалам бейнесінің өзіндік белгілерінің ассоциациялануының нәтижесі; концептілік мәнге ие болған доминанттың тілдік қолданыстағы мағынасының қайта ойлаудан өтуі және бұрынғы бар ақпараттарды лингво-философиялық тұрғыдан толықтырып тың мағлұмат беруші бірлік болып табылады.

Ғалымдар З.Д.Попова, И.А.Стернин концепт туралы «Концепт адам санасында, біріншіден, сезімдік тәжірибесі арқылы қалыптасады, екіншіден, адамның өзіндік тұрмыс-тіршілігі, қызметі арқылы ұласады, үшіншіден, бұрын санада қалыптасқан ситуациялар мен басқа да концепт белгілері мен қасиеттерін сәйкестендіре қолдану арқылы таныла түседі, төртіншіден, тілдік таңбасы жиі қолданыстан өтіп стереотиптік деңгейге жеткен таңбалармен таныту арқылы анықталады, бесіншіден, тілдік бірліктерін саналы түрде сол дүние табиғатын танытуға болады деп тұжырым жасау негізінде қалыптасады» деп түсіндіреді (Лексическая система языка (внутренняя организация, категориальный

аппарат и приемы изучения). Воронеж, 1984).

Көркем шығармаға концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білім қалыптастыру мақсатында жасалады. В.И.Поставалова «Концептілік талдаудың мақсаты – бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс-бітімін анықтау» деп түсіндіреді (Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. М., «Наука», 1988, 80-б.).

Тахауи Ахтановтың “Қаһарлы күндер”, “Шырағың сөнбесін” романдары тұтастай соғыс тақырыбына арналған. “Боран” романының өзінде соғыс тақырыбы кейіпкердің соғыс кезін еске алуы тұрғысынан да қамтылып отырады. Сондықтан Тахауи Ахтанов шығармалары дегенде, негізінен, олардың соғыс тақырыбына арналған шығармалары жайлы сөз болады. Тақырыбына сай жазушы романдарында **соғыс концептісі** негізгі концептілік жүйені құрайтын тілдік бірлік болып табылады. Ол әр түрлі сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, мақал-мәтел, нақыл сөздер, мәтіндер арқылы көрініс тапқан.

**Сөз тіркестері:** қанды қырғын айқас; өліп бара жатқан солдаттың жанұшырған ащы айқайы; кісінің бойындағы бар қайратын сығып алып, қорғансыз құмырсқадай мүсәпір еткен жау танктері; көзді қан басып, өзге дүниені ұмыттыра еліткен соғыс қызуы; қым-қиғаш табан тірескен кескілес; алып соғыстың ауыр салмағы; шапшыған қан; соғыстың ызғарлы лебі; соғыстың ызғары; соғыстың қауіп-қатері; нағыз ауыр соғыс; жалақтай жарқылдаған соғыс оты; жау бетін тойтару; қолма-қол ұрыс; соғыс қызуы; қанды майданның ызғарын жібітерлік жылу; соғыстың ызғарлы лебі; қанды қырғын соғыс; ұзын майдан; есепсіз армия; жансыз дене; айқас; соғыстың ызғары шарпу; айбатты гүрсіл; адам шығынын азайту; жауды тойтару; шығынсыз шегіну; оқ-дәрімен қамтамасыз ету; жауды

тоқтату; бекініс шебі; болашақ соғыс картинасы; соғыс өрті шарпу; жан шыдамас ащы азап; соғыс тынысына құлақ тігу; қатер төну; соғыстың араны; қым-қиғаш табан тірескен кескілес; соғыстық өмірбаян; тоғанды буган долы өзендей қаптаған жау; қан жоса соғыс; соғыс тағдыры; сұрапыл ұрыс, т.б.

Соғыс тұжырымдамасы баяндаудың ойталқы формасымен нақыл сөз, қысқа ой қорытындысы түрінде де берілген.

**«Соғыс деген – қатал нәрсе. Жүйкесі нашар адамға жұмсақ тимейді. Қаталға қатал болмасқа шара жоқ»** (Қаһарлы күндер, 96-б). **«-Соғыс деген ойыншық емес. Үйішінің хабарын білмей жазатайым болсақ – обал зой»** (137-б). **«-Соғыс деген талай адамның болашағына бөгет болды зой»**. (144-б). **«-Иә, соғыс деген әркімнің де өмірін бұзды зой»** (146-б). **«Майдан өмірі қашанда қаһарлы болады»** (184-б). **«Соғыс заңы қатал»** (186-б). **«-Соғыс деген – ұлы сын, - деді Василий ойланып (221-б). «Соғыс деген жақсының да, жаманның да сырын ашады»** (221-б).

Жазушы романында соғыс туралы ой қорытындылары мәтін түріндегі коммуниканттар арқылы да берілген.

**«Соғыс кейде ағын су, долы толқынға ұқсайды. Жүйткіп ағып келе жатқан су бар пәрменімен тоғанға соғады. Бірақ оны бұза алмай қайта лоқсиды. Көбейе түсіп тағы соғады, және шегінеді. Содан соң кейінгі ағынмен толысып толқыған толқынымен тоғанды үсті-үстіне сабалайды. Асып төгіледі. Бір жерін жырып кетеді, оны бекітсе – екінші жерін бұзады. Әлі келсе, тоғанды бұзып, кесек тастарын ағызып қуалап кетеді; әлі келмесе, тулап-тулап басылады. Бірақ бұл сырттан қараған адамға солай, сырт әсер»** (106-б). Жоғарыдағы мәтінде соғыс долы толқынға теңеледі. Теңеу формасы ұқсау сөзінің тіркесімен берілген.

Жазушы шығармаларында соғыс өмірі төбелес синонимімен алмастырылып, анықталып отырады.

*«Иә, соғыс бейбіт кездегі әскери ойын емес, күні бұрын өлшеп-пішіп қойған жерден шықпайды. Жау қимылына орай әп-сәтте әрекет ету керек. Бұл бокс та емес, кәдімгі өліспей тынбайтын төбелес» (120-б). «...біз үшін ең басты міндет – қадам басқан сайын жауды қансырата беру. ... Қысқасы төбелес екен – төбелес. Мұнда мұрным қанайды, басым жарылады деп аянғанның енесі ұрылады. – Мұрат ауыр сөзін, қызарғанын білдіргісі келмей, жымия тыңдап отырған Купциановқа көз тастады да, тез басылды» (105-б.).*

Тахауи Ахтанов романында қиян-кескі соғыс, қолма-қол айқас суреттеу формасында көріктеу құралдары арқылы шынайы жеткізіледі.

*«Осы кезде жаңағы бір әзірден бері әр жерден жүгірте атылған зеңбіректер үні көбейе келе тұтасып, конанадаға айналды. Дыбыс жігі ашылмаған ұзақ гүрсіл – ызаланып, демалыстан булығы өкірген алып бір хайуанның үніндей. Тау төңкерілгендей үсті-үстіне жарыла құлаған зіл соққыдан жер кеудесі жаншылып, ауыр ыңыранады. Селдіреген ағаш саңылауынан жай теңселген қою қара түтін көрінеді. Сол дозақ отының астында адам түгіл бір тал шөп аман қалмаған сияқты (285-б.).*

Жоғарыдағы мәтінде неміс қоршауында қалған Мұрат батальонының дұшпанмен кескілескен айқасын автор соғыс келбетін суреттеумен біте қайнастырып берген. Соғыстың, кескілескен қоян-қолтық айқастың жан түршігерлік кейпі теңеу, эпитет сияқты көріктеу құралдарымен шынайы берілген. Зеңбірек гүрілі ызаланып, булығы өкірген хайуан үніне теңелсе, жарылған жер тау төңкерілгендей жаншылады. Автор зеңбіректер жарылып жатқан жерді жай ғана жер емес, жер кеудесі деп құбылтып, “ауыр ыңыранады” тіркесін қосып, оған жан бітіргендей болады. Селдір ағаш саңылауынан шыққан қою қара түтіннің теңселіп көрінуінде де автор нағыз сұрапыл соғыс келбетін, қанды қырғын болып



жатқан табиғаттың аянышты бейнесін оқырман түйсігіне сөзбен сурет салып бергендей етіп жеткізеді.

**Метафоралық қолданыс:** *«Алыстағы әлсіз найзағайдай қараңғы түннің жиегін желіп снаряд оты жарқылдайды. Атыс даусы әлсіреп, жұмсақ естіледі. Күндізгі қансоқта жеміне күпті болған жалмауыз – соғыс ыңыраңа лоқсып ақырын төніп келеді»* (97-б.). *«Соғыс жер сілкініп, сықырлай ауыр басып, теңселе төніп келеді. Жақындаған сайын алқымнан қысып, тынысты бітеп барады»* (88-б.).

Жоғарыдағы мәтіндердегі соғыс қимылын әсерлі, шынайы суреттеу тек Тахауи Ахтанов шығармаларында кездесетін оккозианал қолданыстар болып табылады.

Соғыс қимылы, оның ауыртпалығы туралы тұжырым кейіпкердің ішкі сөз формасы арқылы беріледі, қайталама тәсілімен берілген: *Қаптай ұмтылған жауға төтеп беріп, жалғыз адам қалғанда қарысып соғысу қиын. Жауған оққа қарсы лап беріп, жау бекінісін алу да қиын. Бірақ бәрінен де арнасынан жаңа атқып шыққан тасқын сияқты жау шабуылын тоқтату қиын. Осы ауыр ой Панферовтың жанын жегідей жеді. Қандай әрекет етіп, іске беріліп кетсе де, ауық-ауық тіс ауруындай сыздап қоя береді* (124-б.).

Соғыстың табиғатқа, тіршілікке, қоршаған ортаға әсері де шынайы берілген. *«Осы күнге дейін соғыс алыс нәрсе еді, оны жауынгерлер қиялымен ғана шолып көзге елестететін. Бұлар өткен жерлердің де бейбіт реңі бұзылмаған-ды. Енді соғыстың ызғар лебін жұрт анық сезді. Төңіректегі жайнаған дүниенің де реңі суып барады. Кейініректе станцияларға дейін түн болса көз қуантып самаладай жарқырап тұратын, енді үлкен қалалардың өзі қомақты, ауыр тұлғасымен қалың ормандай қарауытып қана елес береді»* (85-б.).

*Ержүрек батыр жігіт, көзсіз батырлық; өжет болған сайын ажалдан аулақ болу; нағыз герой; өлімнен тайсалмау; даңқ; өліспей беріспес өжеттік; гажайып қайсарлық;*

жөнсіз батырлық; орынсыз батырлық; үрейді ұмыту; жүрек жұтқан ерлік; көз жұмған тәуекел; батыл іс - ерлік, батырлық концептісін құрайтын тіркестер болып табылады.

Ерлік туралы ойлар қысқа ойталқы формасында да берілген.

*«Шынайы ерлік көңілі таза адамдардан ғана шығады. Көңілі кір адам кісі өлтіргіш болғанымен, ер бола алмайды. Соғыс деген жақсының да, жаманның да сырын ашады, достым»* (221-б.).

Тахауи Ахтанов романында ерлік, батырлық концептісін совет жауынгерлерінің ерлік, батырлық іс-әрекеттері, яғни, оқиға өрімдері арқылы да кеңінен ашылған. Ол, әсіресе, шығарманың бас кейіпкерлері – ұлты қазақ командирлердің ерліктері тұрғысынан баяндалған. Баяндау «Алға!» ұранымен байланысты беріліп отырады. Автор бұл ұранды шығармада «Алға!» деген тегеурінді сөз» деп атайды. «...Мұрат шын қатердің төнгенін сезді: Соғыстың бетін бұратын бір батыл қимыл болмаса, окоптағылар дүрліге қашуы мүмкін. Ол окоптан қарғып шығып, деңгейіне келіп қалған төртінші ротаның алдына түсті де:

*- Ер соңымнан! Алға! Ура!-а!- деп айқай салып жүгіре жөнелді.*

*Өзіміздің окопқа дұшпаннан бұрын жету керек еді. Мұрат артына бұрылған жоқ, аяқ топырынан ба, әлде басқа бір түпкі сезімнен бе, әйтеуір жауынгерлердің өз соңынан жапа-тармағай жүгіріп келе жатқанын анық білді. ... Мұрат іркіле беріп, екі жағын көзімен шарпып «алға!» деп тағы да бір желпіді. Арттан келе жатқан көмекті сезіп окоптағылар да сергіп, оқты жиілетті. Бірақ неміс шебі бөгелер емес, оқ жыртып селдіреген қатарын қыса түсіп бората атып емпеңдеп келеді....* (131-б.).

Жазушы романында совет жауынгерлерінің ерлік істері қолбасшылардың өзара диалогы мен ішкі сөз формалары арқылы да беріледі. «Панферов Мұратты ертіп жолдан

оқшаулау ақырын аяңдап келе жатты. Іркіле беріп қолын

Мұраттың иығына салды.

- Айтшы, батальон қалай соғысты?

- Бастамаға жаман емес, жолдас генерал. Жаман соғысты деп айта алмаймын. Бірақ... мінекей, қашып барамыз, - деп күрсінді Мұрат.

- Сен оған қапаланба!

- **Батыр соғысқан жауынгерлерім бар. Ерекше көзге түскен жігіттер. Мен сізге айтуға тиіспін: политрук Кусков ерекше ерлік көрсетті. Нағыз қиын кезде қол ұшын берді.**

(ойталқы) ...**Политрук Кусков...** Панферов оны есіне түсіре алмады. Мүмкін талай рет көрген де болар, бірақ дивизиядағы көп командирлер арасынан ажыратып ала алмады. **Иә, қиын кезде батальонды қатерден сақтап қалу...** Анау ұзап бара жатқан колоннаның ішінде елеусіз кетіп бара жатқан біреу ғой ол. Ондайлар аз да болмас. «Иә, қария, сабыр керек, өзгелерге де сенімің молырақ болу керек. Все обернется?» – деді ішінен генерал, бір түрлі жаны жайтауып (125-б.).

(генерал Панферовтың ішкі ойы) «Дивизияның жауынгерлік тарихына жан-жақтан құйған бұлақтай ерлік істер қосылып келеді, көп ұзамай ол үлкен, арналы дәстүрге айналады. Политрук Жандосов он жауынгермен Пронино деревнясы шетінде сарайға бекінді. Оған қарсы дұшпанның екі ротасы шабуыл жасады. Екі сағат бойы Жандосов дұшпанды жуытпады. Ақырында елуден артық адамынан айырылған немістер сарайды қоршады. Бұл кезде Жандосовтың қасында тірі қалған екі-ақ жауынгер бар-ды. Үш азамат сарайдың үш қабырғасын паналап, дұшпанға оқ ата берді. Бұларды тірілей қолға түсіре алмайтынын білген немістер сарайды өртеді. Лапылдап жанып жатқан сарайдың қасына бір топ фашистер жақындап келіп:

- Русь, капут, беріл! – деп айқайлады.

Сол кезде үсті-басын жалын құшқан Жандосов от ішінен факельдей лаулап шыға келіп:

- Русьтер берілмейді! – деп, соңғы гранатымен бір топ дұшпанды жайпап барып құлады.

Пулеметші Ефремов көмекшісімен екеуі дұшпанның батальонына қарсы үш сағат соғысты. Көмекшісі қаза тапқаннан кейін де батыр пулеметші дұшпанды жайпап берді.

Осындай өжет қимыл, ерлік істердің күн санап көбейіп келе жатқанын генерал көңіліне тоқ санайтын (Қаһарлы күндер, 155-б.).

(Мұраттың ішкі ойы) «- Біз жақсы достарымыздан айырылдық. Олар асқан ерлік көрсетті. Міне, ... Василий Сергеевич жау танкін өткізген жоқ. Жанын құрбан етті. Ол өз ерлігімен шегінетін жолды кесіп тастады. Бізді де ерлікке қарыздар етіп кетті. – Оның көңілінен Василий сөзі қайта саңқ етті. – Шегінер жер жоқ! Артымызда – Москва! (Қаһарлы күндер, 367-б.).

Тахауи Ахтанов романдарының соғыс тақырыбына арналуымен байланысты соғыс қаталдығы, сұрапыл жылдардағы қолына қару ұстаған адамдардың қаталдық сезімдері қаталдық концептісін құраушы тілдік бірліктер болып табылады. Бұл концептіні қатал адам; қатал өңдері жібіп қоя беру; қатал сөйлеу; өзіне-өзі қатал болу; қатал әміршісі; қатал көзқарас; қатал сұс, т.б. сөз тіркестері құрайды.

Қаталдық дағдысы кейіпкер мінезін ашуда да көрініс тапқан. «Ержанның бойында өзі байқамаған бір құбылыс пайда болды. Ішіне қатал, әмірі күшті біреу кіріп алып бұрынғы аңғал, бейқам, босаң Ержанның әр қимылын, ойын, әрекетін қапысыз аңдап, қақпалап қатал жолға салып отыратын болды. Босаңсып бара жатса – қатайып, еркінсіп бара жатса – тежеп ұстайды. Жаңа ғана Раушанға көңілі елжіреп бара жатыр еді, әміршісі

*желкесінен тартып тұрғызып әкетті» (234-б.).*

Жоғарыдағы мәтінде қазақ командирі Ержанның қатал мінезі қанында бар қатал мінезді болуы тұрғысынан емес, соғыс талабы, әсіресе, әскербасы – командирлердің қатал болуы қажеттік тұрғысынан баяндалады. Бұл әмірші болам десек әмір жүргізетіндей шама-шарқың (адуын, қаталдық, талап ету, т.б. қасиеттер) болу керек деген дүниетанымдық көзқарастан туған. Ал төмендегі мәтінде кейіпкер мінезі тума қаталдықпен қоса кейіпкердің қатал болуға тырысуы жағынан көрінеді.

*«Соғысқа кіргелі Василийдің мінезі өзгерді. Қанды қырғын алып соғыстың бар салмағын, астанаға қарай шегінудің бар күйінішін сезді ол. «Қатал болу керек» деді өзіне. ...Василий қашан да өзіне өзі қатал болатын. Өзгеге қояр талабын алдымен өз бойына өлшеп алатын: «Өзім қайтер едім? Қолымнан келер ме еді?» Сондықтан да әр істі өзінен бастап, алдымен өзін қамшылады» (190-б.).*

Төмендегі мәтінде командир Мұраттың қаталдықты өзінен де, өзгелерден де талап етуі баяндалады.

*«- Сіздерге беретін уәдем – аяусыз қатал болам. Барлық командирлерден де қаталдықты талап етем. Жасқану, қобалжу, алақтау дегенді ұмытыңдар. Не өлеміз, не осы қоршаудан шығамыз! Басқа жол жоқ. Егер жаудан сауға сұрайтын сұмырай табылса, табанда атуға бұйырамын. Үрей салушыларға да әмір сол» (192-б.).*

Бұл мәтіндер соғыс заңы қаталдықты талап етеді деген толғамға саяды.



Жұмабақыт РАХМЕТОВА,  
Өнер мектебінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Жарма ауданы,  
«Қалбатау» ауылы.

## «ӨНЕР КЕРЕК, ҰРПАҚҚА ӨЛЕҢ КЕРЕК»

(Мүшәйра)

**Мақсаты:** 1) оқушылардың бойына ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына деген құрмет пен ризашылық сезімін тудыру; 2) жас дарындарды анықтау және дамыту.

**Ұйымдастыру:** жас ақындарды тіркеу.

**Көрнекілік:** проэктор арқылы әр бөлімді жеке көрсету, Тәуелсіздік туралы суреттер, Қасым Аманжолов суреттері, әр бөлімнің тақырыбы көрсетіледі.

### I. Кіріспе.

*Мүшәйраға қатысушылар кірген кезде “Сарыарқа” күйі орындалады.*

**Жүргізуші:** - Құрметті оқушылар, ұстаздар! Мүшәйраға қатысушы жас ақындар!

Бүгін Жарма аудандық білім бөлімі жас дарындарды анықтау мен дамыту мақсатында ауданда тұңғыш рет “Жыр мүшәйрасын” өткізіп отыр.

“Мүшәйра” – жазба ақындар сайысы. Өнері бар балаларды дамыту Жарма аудандық білім бөлімінің басты мақсаты болып отыр, осы мақсатта ауданымыздағы бұрынғы саз мектебі “Өнер мектебі” деген атауға ие болды.

Халқымыз “Өнер алды – қызыл тіл” деген. Балалар, саз өнері мен тіл өнері – біте қайнасқан өнер.

Жаңағы алдарыңызда өнер көрсеткен – “Өнер мектебінің” оқушыларынан құралған оркестр. Оркестрдің орындауында Құрманғазының “Сарыарқа” күйін тыңдадыңыздар.

Бұл сендердің өнерлерің Сарыарқадай кең, Арқадан шыққан мықты ақындармен тең болсын деген тілектен туған.

## II. Негізгі бөлім.

### «Өнер керек, ұрпаққа өлең керек»

*Сая болып жаныңа емен, терек,*

*Жетер енді жатқаның көлеңкелеп.*

*Өгейсінбей өзі боп қалу үшін*

*Өнер керек, ұрпаққа өлең керек.*

*Есіңде ме түндерің көз ілмеген,*

*Кезуде ойың өмірді, кезуде өлең.*

*Арғы атасы адамның сезім болса,*

*Адам емес сезімді сезінбеген.*

*Арғы атасы ақынның жырдан туған,*

*Жыр жолында жанын да қылған құрбан.*

*Жырлар тұнған хандардың сарайында,*

*Жыр айтылған есікте құлдар тұрған.*

*Көкейкесті жырлар жаз жез киіктей,*

*Мақтау, даттау, жәдігөй сөзді күтпей.*

*Өлең керек ұрпаққа, өзің мейлі*

*Көлеңкеде қалсаң қал көзге ілікпей.*

Міне, балалар, бұл бізге әрі тілек, әрі тапсырма, әрі аманат сынды. Бұл кімнің өлеңі, білесіңдер ме?!

Біз бүгінгі мүшәйраға Мұқағали Мақатаевтың осы “Өнер керек, ұрпаққа өлең керек” деген тармағын тақырып етіп алдық. “Өгейсінбей өзі боп қалу үшін”, яғни, нағыз қазақ болып қалу үшін өнерімізді, өлең өнерін дамыту керек. Сондықтан мүшәйраның сырттай түріне қатысып, сыннан өткен жас ақындар келіп отыр. Ендеше, балалар, бүгінгі жыр мүшәйрасына қатысушылар өз өнерін ортаға салады. Жыр

өлеміне аттанған алғашқы сапарларыңа қазір білім бөлімінің басшысы Нұрлан Оспанбекұлы Есболов ақ тілегін арнайды...

**Жүргізуші:** - Ақ тілек, ақ бата алдыңдар, балалар, енді жыр сапарына аттаныңдар! Іске сәт!

Жыр мүшәйраға қатысуға жолдама алған әр мектептен келген 13 оқушы өз өлеңдерін оқиды. (Ақындарға көрсетілетін құрмет).

**Жүргізуші:** - Осындай үлкен шара кезінде халқымыздың ұлы ақыны Абайды еске алмауымыз күнә болар, сондықтан қазір «Өнер мектебінің» скрипкашылар ансамблінің орындауында – Абайдың әні «Көзімнің қарасы»...

**Жүргізуші:** - «Сөредегі Қасымын есіне алсын». Қасымды ойлап отырып Мұқағалиға оралайық, балалар! Неге?!

Мұқағалиға да тақырыпты арнауға болушы еді, ақпан айында 80-ге толған Мұқағалиға әр мектепте жыр арнадыңдар, сондықтан біз мүшәйрада қозғалмай жатқантың тақырып – Қасым Аманжоловты алдық. Ал, ақын Қасым Аманжолов неше жаста?!

(«Қасым солай болмаса...» Мұқағалидың өлеңін жатқа оқимын).

*Дейсіңдер-ау «Қасымның несі басым?»*

*Қасым солай болмаса, несі Қасым?!*

*«Ақынмын» деп қопандап жүргендердің*

*Әммесінен Қасымның десі басым.*

*Қуат алып жырына боз даладан,*

*Ол жанған.*

*Күні жоқ-ты маздамаған!*

*Өлісінде өнеге болғаны анық,*

*Тірісінде біреуге жазған Адам...*

*Жалын жұтып, жанын жеп жазған құрлы,*

*Өлеңінің өлмеуін арман қылды.*

*Тасқа басып қалдырды тәкәппар жан*

*Қан менен жас аралас тарлан жырды.*

*Жеді.*



Тынды...

*Керемет дерттер төніп,*

*Кең кеудемде кетті зой кектер сөніп.*

*Қасым деген – қалғыған жанартау зой,*

*Жанартау зой,*

*Жанды да кетті өртеніп.*

*«Бір күй бар домбырада...»*

*(Иесі Қасым).*

*Қасым солай болмаса, несі Қасым?!*

*Жыр бәйгеге аттанған адам болса,*

*Сөредегі Қасымын есіне алсын!...*

Жыр бәйгесіне аттандындар, ендеше, 100 жасқа толарында Қасымды есімізге алмауымыз күнә болар...

Ақындар сыныбының оқушылары Қасым Аманжоловтың өлеңдерін оқиды.

Мүшәйраға қатысушылар Қасым Аманжоловқа арналған өлеңдерін оқиды.

*Ақындарға құрмет көрсетіледі.*

*Дауылхан Жалынның орындауында Сүгірдің термесі.*

**Жүргізуші:** - Еркін тақырып. Еркін тақырыпты тағы да Мұқағали Мақатаевтың өлеңімен бастайық (жатқа оқимын).

*Ақынды ақын оятпаса болмайды,*

*Ақынды ақын таяқтаса, ол – қайғы.*

*Ақынды ақын сүйемесе, болмайды,*

*Ақынды ақын күйелесе, ол – қайғы.*

*Ақынға ақын басынан-ақ жуық-ты,*

*Барлық ақын бір анадан туыпты.*

*Ақынға ақын адал болсын әмәнда,*

*Ақынға ақын арам болса, жаман да...*

*Ақынға ақын ете көрме пенделік!*

*Ақын, ақын! Пенделікті жөнделік!\_*

Ақындар еркін тақырыптағы өлеңдерін оқиды. Ақындарға құрмет көрсетіледі. «Өнер мектебінің» оқушыларының орындауында «Биыл» бii.

Матанов Біржанның орындауында халық әні «Қымыз құйғыш».

Қобызшылар, домбырашылар ансамблдерінің орындауында шығармалар орындалды.

**III. Қорытынды сөз. Марапаттау.**

**Мүшәйрада I орынға ие болған 11-сынып оқушысы**

**Мәден Самалдың өлеңі.**

### **Ат пен ақ**

Ат дегенде ақ жүрек атқалақтап,  
Атты қазақ жататын жатқа мақтап.  
Қара болсын, хан болсын, ежелден-ақ  
Біздің қазақ көрмеген ақтан аттап.

Жауға аттанып атойлап шапса жігіт,  
Ақ батаны сұрайтын атқа мініп.  
Ақ найзасын шашақтап қарт аталар,  
Ақ батасын айтатын ақтарылып.  
Үйге кірген азулы жыланның да  
Ауызына шығарар ақ тамызып.

Атқа мініп азамат танысты елмен,  
Атпен асып келеміз алыс жерден.  
Атпен барып азамат жат ауылдың  
Ақ аруын ауылға алып келген.  
Ақ шашуын шашқан соң қарт аналар  
Ақ үкіні ардақтап тағып берген.

Атқа мініп тігетін ақ отауын,  
Ат үстінде өткізген тамаша күн.  
Баланы атқа ескере мінгізіп ап,  
Ақ батасын сұрайтын қара шалдың.

Ақ самайлы анаға ат қойдырып,  
Ақ бесікке салатын ақ кидіріп.  
Есейгенде ақта деп ана сүтін  
Аттандырар ауылдан ат міндіріп.

Аңқылдаған не жетсін ақ көңілге,  
Қазақ сіңіп кеткен ғой ат теріне.

Ақ бесікке туғанда бөлейтін де,

Өлгенінде орайтын ақ кебінге.

**II орын алған 11-сынып оқушысы Ақантаева Іңкәр-дің өлеңі.**

### **Бұрым**

Бұрын	Әдемілеп өріпті.
Қасиетті болған бұрым	Шашбаулары сылдырлап,
Жылдар өте	Сиқырланып тұрыпты.
Қадірі кете бастады.	Бүгін
Келтелеп шашты бастағы,	Шашқа зауал төніпті,
Кесе бастады.	Қой қырыққандай қырқыпты
Белден асқан бұрымын	Бітейтіндей жыртықты.
Иыққа жеткізбей тастады.	Бұрым деген – баға жетпес
«Неге кестің?» дегенге	кұндылық,
Кейбіреу	Кұндылықты бағаламай жоқ
«Жұқарды» деп сылтау	қылдық.
бастады.	Бұрымды қыз көргенде
«Сәнді» деп, «әдемі» деп	Бұрылып тұрып қарадық,
Маңдайға шашты түсіріп	Қарауға ғана жарадық,
Келтелеп қиып тастады.	Қызық қып
Көзге түскен шашымен	Қызықтық.
Қылилана қарады.	Кесу оңай, қиын екен өсіру.
Қарап тұрсам кейде өмір	Оңай болған әрқашан да
Қылиланып барады.	Бар нәрсені өшіру.
Қиылған шаш кей кезде	Барымызды өшірмейік,
Ерінменен алысып	Шама келсе шашымызды
Ауызға түсіп қалады.	өсірейік.
Бұрын	«Бұрымды қыз» атанып,
«Қыз – шашымен көрікті»,	Үлкендерден бата алып
	Дәстүрлерді сақтайық,
	Үмітін халық ақтайық!

Ханбибі КҮНБОЛҚЫЗЫ,  
Ақтөбе облысы,  
Бірғыз ауданының  
Өтебай Қанахин атындағы орта  
мектебінің мұғалімі.

## «МЫҢ БІР МАҚАЛ, ЖҮЗ БІР ЖҰМБАҚ» ЖАРЫСЫ

**Мақсаты:** 1) оқушылардың халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын, шешендік өнерін, ойлау қабілетін дамыту; 2) халық ауыз әдебиетін орынды қолдана білуге, шаршы топ алдында сөз жүйесін таба білуге үйрету; 3) халық ауыз әдебиетін құрметтеп, оны дамытуға, тіл мәдениетіне, достық қарым-қатынасқа, ой ұшқырлығымен тапқырлыққа, өз ұлтын сүйуге, халық мәдениетін жалғастыруға тәрбиелеу.

### **Жарыс барысы.**

- Құрметті көпшілік қауым! Бүгін мектебіміздің 10-сынып оқушылары арасында «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» жарысы өткелі отыр. Мұндағы мақсатымыз - халық ауыз әдебиетін дамыту, халық мұрасын сақтау және жалғастыру, тапқырлық пен ой ұшқырлығына тәрбиелеу.

**Мақал-мәтелдер** – ғасырлар шежіресі, онда халық тарихы, оның тіршілігі, ақыл өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдығымен ерекшеленеді.

**Жұмбақтар** да – ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі. Жалпы алғанда, жұмбақ адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді.

Бүгін ортамызға халық ауыз әдебиетінің ең жанашырларының бір тобы келіп отыр. «Қадамдарыңа нұр

жарысын бастаймыз.

1. Мақал-мәтел айтудан жарыс.
2. Жұмбақ шешуден жарыс.
3. Жеңімпаздардың өзара сайысы.
4. Шешендік өнер.

*Жүргізуші қойған сұраққа қатысушы мақалмен жауап береді.*

- Жылан інінен қалай шығады?  
*(Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады.)*
- Қар жана ма?  
*(Қалауын тапса қар жанар)*
- Инемен құдық қазуға бола ма?  
*(Оқу инемен құдық қазғандай)*
- Аппақ қарға бола ма?  
*(Қарға баласын “аппағым” дейді)*
- Қарғыстың ең жаманы не?  
*(Өзің білме, білгеннің тілін алма)*
- Ең тәтті не?  
*(Ананың сүті тәтті, баланың тілі тәтті)*
- Не қорқақ, не батыр?  
*(Көз – қорқақ, қол – батыр)*
- Кімнен кім жаман?  
*(Олақтан салақ жаман)*
- Тауық түс көре ме?  
*(Тауықтың түсіне тары кіреді)*
- Оттан да ыстық не?  
*(Отан оттан да ыстық)*
- Шошқа үре ме?  
*(Ит жоқта шошқа үреді)*
- Ер қаруы нешеу?  
*(Ер қаруы – бес қару)*

- Отқа түсіп күймеуге бола ма?

*(Отан үшін отқа түс, күймейсің)*

- Жігітті шал деген жөн бе?

*(Жаман жігіт жасында шал болар)*

- Үлкен сөз, үлкен көз бола ма?

*(Қорқақтың көзі үлкен, ақымақтың сөзі үлкен).*

- Енді мына сөздерге мақал-мәтел құрастырыңдар.

1) қойшы

1) еріншек

1) тіл

2) бірлік

2) білім

2) той

3) жер

3) отан

3) гүл

4) арпа

4) әке

4) өтірік

5) ит

5) қылыш

5) ет

*Ұнай саны көп оқушы жеңімпаз атанады.*

- Ортамызға жұмбақшыларды шақырамыз.

Сүмбіл теректі, жасыл желекті,

Ерден қалмайды, жауға керекті. *(вешарн)*

Шеңбер жасап өседі,

Желмен бірге көшеді. *(жарбару)*

Шидиген ұзын сирағы

Аспалы тор құрады. *(итжәтә)*

Тептім, терекке шықтым. *(тәһәһ)*

Тұратұғын әр үйде,

Жайлы орын сәбиге,

Шаңғы табан үйшік ол,

Тербететін әрине. *(тәһәһ)*

Аяғы бар жүрмейді,

Аузы бар күлмейді.

Айнымайды бөпемнен,

Тек сөйлеуді білмейді. *(жәтдәһәһ)*

Емес ол кітап та, дәптер де,

Жүреді бірақ та портфельде.

Көрсетіп ондағы бағанды,

Қуантып қоясың ағанды. *(жәһәһәһ)*

Сөйлесесің әркіммен,  
Естілмейді дыбысың,  
Білінбейді бір ісің. (Әліш нәгдәу)  
Өз еркіне жіберсең,  
Дүниені бүлдірер. (шО)  
Өзі – тоқ,  
Көлеңкесі жоқ. (Мірәтү)

Кіруге адам батпайды,  
Бәрі де оны мақтайды,  
Затыңды аман сақтайды. (Мірәнар)

Жұмбақшылар бір-біріне жұмбақ жасырады.

Қатысушылардың ұпайы саналып, жеңімпаз жұмбақшы анықталады. Ортаға жеңімпаз мақалшы мен жеңімпаз жұмбақшы шақырылады. Жұмбақшы жұмбақ жасырады, ал мақалшы жұмбақтың шешуіне мақал құрайды.

Қатысушылардың ұпайы саналады.

**Шешендік өнер.** Шешен, билердің сөздерінен үзінді оқылады. Ойыншы кімнің, яғни, қай шешеннің, бидің сөзі екенін табады.

«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» жарысында өз білімділігімен көзге түскен Гүлсім Алданыш жеңімпаз атанды.



## СӨЗ ҚЫЛЫШТАН ДА ӨТКІР

Бұзаубай шешен жолаушылап жүріп, бір байдың үйіне түседі. Бай бәйбішесіне: “Мына кісіге көже бер!” - дейді. Бәйбішенің көжесін апыл-құпыл жұтқан Бұзаубай байға бата береді:

- Байеке, көже бердің удай,

Қатығы жоқ судай.

Бала-шаға үйіңнен

Жүгіріп шықсын шулай...

- Ойбай, бұл өлең елге жайылып кетпесін!- деп, бай бақырып қоя береді.

(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., “Жазушы”, 1988. 170-171-б.)

Қалдықыз НҰРТАЗАЕВА,  
№247 орта мектептің  
мұғалімі.

Қызылорда облысы,  
Жаңақорған ауданы,  
«Бесарық» бекеті.

## МҰҚАҒАЛИ ӨМІРІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. «ҚАЙЫРЛЫ ТҮН» ӨЛЕҢІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) оқушыларға ақын өмірі, шығармашылығы мазмұнын терең ұғына білуге, ақын өлеңдерін сүйе білуге үйрету; 2) сөйлеу тілдерін жетілдіру, өлеңдерін нақышына келтіріп жатқа оқу, талдаулар жасай білуге шығармашылық қабілеттерін дамыту; 3) оқушыларға өз ұлтын, елін, жерін, отбасын сүйуге тәрбиелеу, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

**Көрнекілігі:** ақын суреті, кітап көрмесі, карта, бүктемелер, қима қағаздар, сызбалар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, география. **Әдісі:** оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

**Сабақтың барысы.** Ұйымдастыру: а) оқушылармен сәлемдесу; ә) сынып оқушыларын түгелдеу; б) сабақтың мақсатымен таныстыру, оқушыларды топтарға бөлу, топ жетекшілерін сайлау.

**Үй тапсырмасын тексеру.**

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасындағы кейіпкерлерді екі топқа (жағымды,



жағымсыз) бөліп жазып келу және қосымша тақырып бойынша сұрақтар қойылады.

**Жаңа сабақ. Ой қозғау.** «Отан» туралы өлең.

*Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,*

*Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.*

*Мен оның қасиетті тілін сүйем,*

*Мен оның құдіретті үнін сүйем.*

Бүгінгі сабағымызда қазақтың ақиық ақыны, сонымен қатар қазақтың қара өлеңіне шекпен жауып қайтарған абыз, кезінде жанына жақын сырлас дос таппай «Мәңгілікке өзіммен ала кетер, Менің нәзік жанымды кім түсінер?!» деп қынжыла айтқан қарапайым да жұмбақ тағдыр иесі – Мұқағали Мақатаев өмірі, шығармашылығы туралы өткелі отырмыз.

Ақын 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, Нарынқол ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келді. Мұқағалидың шын аты – Мұқамедқали. Кезінде жеңгелері, ауыл әйелдері пайғамбардың аты аталатын бұл есімді атауға жүрексініп, оны Мұқағали деп атап кеткен екен. Ақынның әкесі Сүлеймен қарапайым шаруа адамы еді. 1941 жылы желтоқсанда майданға аттанып, содан оралмады. Шешесі Нағиман да қарапайым, мейірімді жан болған. Өмірдегі құдай қосқан сүйген жары – Лашын. Мұқағалидың алғаш өлеңдері сол соғысқа кеткен әкесіне деген сағыныштан туды.

Мұқағали аға – өмірінің соңына дейін қолынан жүйрік қаламы түспеген, қазақтың қара өлеңі құдіретіне, терең сырына қаныққан ақын. Ой орамдарын бейнелі өрнекпен кестелейтін Мұқағали ақынымыз 1976 жылы 27 наурызда дүниеден өткен.

Мұқағалидың әр түрлі тақырыптағы өлеңдері бар.

Соның бірі – ақынның «Қайырлы түн» өлеңі. Ақын өлеңде ел тыныштығын, Отан бақытын сүйетін тілек-мұратын айтқан.

## Оқулықпен жұмыс. Мағынаны таныту.

Екі топқа тапсырма беремін.

I топқа. 1. Өлеңді мәнерлеп оқытамын.

2. Тақырыпқа мазмұндас мақал-мәтел айтқызамын.

II топқа. 1. Өлеңнің мазмұнын өз ойымен тұжырымдап түсіндіру.

2. Өлең жолдарынан кейіптеу сөздерді тауып айту.

Бұл өлеңнің мән-мағынасын оқушының өзі ашады.

Ақиық ақын өмірінің соңғы кездерінде ауру мендеп, жаны қиналғанда таң мен түннің құпиясын трагедиялық ахуалда суреттеген секілді.

«Көрдің бе таң мен түннің соғысқанын?» деп сұрақ қоя отырып, «Мен көрдім, бірақ болыспадым» деп өзі жауап береді.

**Түртіп алу стратегиясы.** Түн деген шашын жайған албасты екенін, қараңғылықты үрейдің, өлімнің нышаны деп суреттейді.


**Таң деген** – үміттің, жақсылықтың нышаны. Солай бола тұрса да, қара түнді ылғи кінәлаудан аулақпыз.

«Қар ақ болса да қол тондырады, жер қара болса да қарын тойдырады» дегендей, қара түннің де жақсы қасиетін танитымыз.

## Дәптермен жұмыс.

1. Осы жоғарыда айтылған ақын өлеңдеріндегі *таң* мен *түн* сөзіне екі топ бес жолды өлең жазады.

2. Топтастыру әдісі бойынша Мұқағали кім? Поэзияның асқар шыңы



- Мұқағали Мақатаев көзі тірісінде көз майын тауысып, өмірінің ақырғы күндеріне дейін қадалып отырып жазған ұшан-теңіз жырларының мейірімді жылуын көре алмай кетті.

Ақынның жырлап отырған ұрпағы – мына біздерміз. Мәңгілікке тот баспайтын асыл жырларын келер ұрпаққа жеткізетін де – өзіміз.

Ендеше, балалар, біз тағдыр тауқыметін басынан кешірген ақиық ақынымыз туралы «**Нені білдік? Нені білеміз? Нені біліп үйренгіміз келеді?**» кестесін толтырып жіберейік.

**Қорытынды сөз.** Тарих дөңгелегі алға жылжыған сайын Мұқағали өлеңдері ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, егемен еліміздің аспанында, азат даласында қыран құстай самғап ұшып жүр.

«Мұқағалитану курсы» тестісі арқылы сабақты қорытамын.

**Үйге тапсырма.** «Ел тілегі – бейбітшілік» тақырыбында эссе жазу, ақын өлеңін оқып келу.

---

---

## АҚЫЛДЫ СӨЗ ОЛҚЫНДЫ ТОЛТЫРАДЫ

Бір күні Бұзаубайдың үйіне бір топ жолаушы түседі. Бұзаубай кедейлігіне қарамастан барын қонаққа тосатын жомарт адам екен. Қонақ келген соң әйеліне: «Барың болса қимылда, бәйбіше», - дейді. Бәйбішесі қонаққа берерлік ештеңенің жоқ екенін ескертеді. Қысылған Бұзаубай жүгіріп Нығмет деген саудагердікіне барады. Нығмет Бұзекеңнің тағы да өзінен бір нәрсе сұрайын деп тұрғанын сезіп, жақтырмаса да: «Не жұмыспен мезгілсіз жүрсің?» - дейді. Сонда Бұзаубай тұрып:

- Жәй келдім, түк жұмысым жоқ. Біздің үйде шай да жоқ, шай сұрайтын жай да жоқ. Біздің үйде ет те жоқ, ет сұрайтын бет те жоқ. Біздің үйде нан да жоқ, нан сұрайтын мен сияқты жарлыға ертең болмаса, бүгін атар таң да жоқ, - деп шығып кетіпті.

Бұзаубайдың тапқырлығына разы болған Нығмет саудагер оның үйіне зағтарын бергізіп жіберген екен.

*(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988. 170-бет.)*

## «БІР ӨЛЕҢІ БІР ЕЛДІҢ МҰРАСЫНДАЙ», «ЕЛІМ БАРДА»

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** а) ақынның өмірбаяны, шығармалары туралы қысқаша мағлұмат беру, оқыған шығармаларын, ой-пікірлерді еске түсіру, қайталау, талдау, білімдерін тереңдету, жырларының мәңгі жасай беретінін айту, өлеңнің мағынасын аша отырып түсіндіру; ә) өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландыру, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу, сөйлеуге дағдыландыру; б) елі бар адамның бақытты екенін саналарына жеткізу, елге, жерге, Отанға сүйіспеншіліктерін арттыру, ақын өлеңдерінің мәңгілік екендігін ұғындыру.

**Түрі:** іздендіру сабағы. **Әдісі:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, кестемен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** музыка. **Көрнекілік:** слайдтар, электрондық оқулық, бүктеме, қосымша деректер, кітаптар.

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру.**

**Қызығушылықты ояту.**

- Балалар, сендерге арналған мына өлең шумағының авторы кім?

*Мектебің мынау, класың,  
Осында он жыл тұрасың.  
Тарыдай болып кіресің,  
Таудай болып шығасың.*

Осы ақын жайында не білесің? (жеке жұмыстар)

(Электонды оқулықтан ақын жайлы мәліметтерді көрсетіп тұру)

**Үй тапсырмасы.** Реферат қорғау. **Өмірі.** «...Сол кезде бастық болып жүрген, Мұқаңның нағашы туысы – Бизақ деген кісі «Аупарткомда өзінің білімімен, адамгершілігі, зиялылығымен көпке үлгі болып жүрген Мұхамедқали есімді жігіт бар. Оның үстіне, бұл – қасиетті есім. Ең болмаса, жаңағы жігіттей еліне елеулі болар. Нәрестенің атын Мұхамедқали қоялық деген екен... Оның әкесі Сүлеймен... колхозда жұмысшы, сушы, шалғышы болып істеген... Шешесі – Нағиман.. Ол да – колхоздың жұмысына жегілген жан. Мұқаң осы отбасының тұңғышы болғандықтан, оның әжесі Тиын өз бауырына салған. Тиын әже – мейірімі мол, кісілігі мол, керек кезінде адуынды да бола алатын адам. Әжесінің баласы болғандықтан, Мұқаң шешесін жеңгеге балап, атын атайтын. Сонысынан жаңылмастан өле-өлгенше «Нақа» деп кеткен екен...».

**Шығармашылығы.** «Мұқағали Мақатаев поэзиясы – өзінің табиғи, қазақы болмысымен, кіршіксіз сезімталдығымен, нәзік мөлдірлігімен ерекшеленетін қазақ поэзиясының сәулелі құбылысы.

Мұқағали – әлем классик ақын-жазушыларының көбінің шығармаларын оқыған және қазақ тіліне аударған ақын. Мұқағали Мақатаевтың тырнақалды туындылары Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінде 1948 жылдары жариялана бастаған. 1954 жылы бір топ өлеңі «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында, одан кейін бір шоғыр жыры Әбділда Тәжібаевтың сәт-сапар тілеген сөзімен «Қазақ әдебиетінде» жарияланған. Мұқағалидың «Сарыжайлау», «Сөнбейді, әже, шырағың», «Кел, еркем, Алатауыма», т.б. өлеңдеріне сазгер Нұрғиса Тілендиев ән шығарған. Шығармалары: 1964 ж. «Армысындар, достарым», 1969 ж. «Дариға жүрек», 1972 ж. «Аққулар ұйықтағанда», 1974 ж. «Шуағым менің», 1975 ж. «Өмір - дастан», 1976 ж.

«Өмір-өзен», 1978 ж. «Бәсіре», т.б.

Өткен сабақта қандай өлеңімен таныстық? («Қайырлы түн»). (Электронды оқулықты пайдалану)

Өлеңнің негізгі тақырыбы қандай? (Ел тыныштығы, бейбітшілік). Бір-екі оқушының өлеңді жатқа айтуы.

**Жаңа сабақ.** Мағынаны тану.

- Ел деген сөзді естігенде санаңда қандай ұғымдар пайда болады? Жазып көр. Ел-өлке, туған ел, туған жер, Отан, т.б.

Ендеше бүгінгі сабағымызда Мұқағалидың қандай өлеңімен танысамыз? («Елім барда»)

1. Өлеңді мәнерлеп оқу (Мұғалімнің оқуы)

2. Оқушыларға шынжыр тәсілімен оқыту (Электрондық оқулықтан оқу)

3. Осы екі өлеңнің байланысы бар ма? (Оқушылардың пікірлерін тыңдау)

4. Мағынасы түсініксіз сөздерді табу. Белгілеп қояды.

**Сөздікпен жұмыс.**

5. Өзіңе ұнаған тармақ бар ма? Бұл тармақ несімен ұнады? (Мысалы: *Не сыйласын, несін берсін ел маған?!*)

*Тұрсақ екен елім де аман, мен де аман!*)

6. Метафора дегеніміз не? Өлеңнен метафораны табу, дәптерге жазу. Таулар – менің таусылмайтын бақытым, Ал, ырысым – ұланғайыр кең далам.

7. Өлең неше шумақтан тұрады? (3 шумақ)

8. Әр шумақта неше тармақ бар? (4 тармақ)

9. Буын саны, неше буынды өлең? (11 буынды)

10. Ақын өлең арқылы не айтпақ болған? (Отанға, елге деген сүйіспеншілік. Отанның, елдің амандығы, тыныштығы).

Ақынның Отанына, еліне деген ыстық ықыласын танытатын сөздерді тауып жаз.

*(Мен бақытсыз бола қойман, сірә да,*

*Туған елім болса екен бақытты!)*

**Ой толғаныс.** Осы тақырып төңірегінде жазып келген өлеңдерін «Қаламгерлер» оқиды. «Мақалшылар» Отан

тақырыбында мақал-мәтелдерді жатқа айтады. «Өнерпаздар»  
 Мұқағали Мақатаев өлеңін әнімен айтады. («Сарыжайлау»  
 Әні: Нұрғиса Тілендиев)

**Сабақты қорытындылау. Семантикалық картамен жұмыс.**

Үзінді Тақырып	Бола жатар сендердің де үлесің	Ақынмын деп мен қалай айта аламын?!	Сенің нұрың тыныш- тықпен жарасқан	Таулар – менің таусыл- майтын бақытым	Ең бірінші бақытым – халқым менің
Қайырлы түн					
Қара өлең					
Елім барда					
Үш бақытым					
Барлығы да сендердікі					

**Мұғалімнің қорытындылауы.**

*Үзбеймін күндерімді жарықтан мен,*

*Үзбеймін күдерімді халықтан мен.*

Жалпы Мұқағали – халқына ерекше сенім артып, құрметтеп өткен ақын. Қай өлеңінде болса да халқын, елін, жерін ерекше тебіреніспен жырлаған.

*...Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,*

*Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!*

Иә, өлең өлмейді. Ендеше, оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса, Мұқағали Мақатаев – тірі, күнбе-күн қасымызда.

*Жалғасы бар,*

*Жырымның жалғасы бар,*

*Жырларым жылдарменен жалғасыңдар,* - деп айтқандай, жырлары ұрпағымен бірге мәңгі жасайды. Мұқағали Абай жаққан бір сәулені алаулата түсті.

**Үйге тапсырма:** «Менің Мұқағалиым» тақырыбында ойтолғау жазу, өлеңді жаттау.



## «ТАЗЫНЫҢ ӨЛІМІ» ЖӘНЕ «КӨКБАЛАҚ» ПОВЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ СИПАТ

*Сіздерге хат жолдап отырған – Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, «Ынтымақ» орта мектебінің мұғалімі Алданыш Жолбарысбекқызы. Мен 9-сынып оқушысы Рышкен Әсияның өз бетінше зерттеп жүргізген ғылыми жұмысынан үзінді жіберіп отырмын. Ол бұл жұмысын Қарағанды қаласындағы Жас зерттеушілердің шағын ғылым академиясында қорғады.*

**Мақсаты:** Мұхтар Мағауинның ұлттық характер жасаудағы шеберлік қырларын саралау, сол арқылы повестеріндегі ұлттық идеяның көрінісін зерделеу.

**Болжам:** жазушы прозасын сын тұрғысынан саралай отырып жаңалық ашуға ұмтылу, ізденімпаздықты күшейту, осы мақсатта повестеріне көркемдік талдау жасау.

Жобаның зерттелу кезеңдері:

I. Кіріспе.

II. Жұмыстың зерттелу бөлімі.

1. Ұлттық рух және көркем характер.

2. «Тазының өлімі» повесіндегі тазы ит – Лашын.

3. «Көкбалақтағы» домбыра – ұлттық идея көрсеткен рәміздік бейне.

4. Жазушы повестеріндегі ұлттық сипат.

III. Қорытынды. Эксперимент әдістемесі:

1) жаңалық ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді;





2) сөйлеу мәдениеті, шешендікке баулиды; 3) шығармада қозғалған мәселенің түйінін табуға дағдыландырады; 4) өзіндік шығармашылық жұмыстарды орындай білуге төселдіреді; 5) өз бетінше ізденіп, қолдану, анализ, синтез жасау, баға беру деңгейіне жетелеуге талпындырады; 6) сыншылдық көзқарас қалыптастырады.

**Зерттеудің дербестік дәрежесі:** повестеріндегі ұлттық характердің жасалу ерекшелігін аша отырып, құнды мәлімет енгізуге болады.

Қорытынды нәтижелер: 1) 6-сыныпта әдебиет пәнінен Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесіндегі кейіпкердің ұлттық характерін танытуда салыстырмалы түрде осы жобаны пайдалануға болады; 2) 7-сыныптың хрестоматиясында Мұхтар Мағауиннің «Тазының өлімі» повесінен үзінді өткенде қолдануға болады; 3) сыныптан тыс оқу тақырыбында осы ғылыми жобаны таныстыруға болады.

### Модульдік блок





Қарымды қаламгер Мұхтар Мағауиннің қазіргі қазақ прозасының көркемдік даму деңгейін айқындайтын шығармалардың қатарынан саналатын біртуар туындылары – көркем сөз өнерінің табысты жемісі. Оның қай шығармасын алсаңыз да айтар ойын ұлттық характерлерге негіздеп отырады.

Автордың повестері кеңестік кезде жазылса да, сол дәуірдің шектеулеріне қарамастан ұлттық идеясын рәміздік образдардың астарына сыйғызып отырған. Мәселен, «Тазының өліміндегі» **тазы ит – Лашын**, «Көкбалақтағы» **домбыра** – ұлттық идеяның жүгін арқалап тұрған рәміз бейнелер.

Мұхтар Мағауин повестері тарихи, ұлттық санамызды түлететін, хас шебердің қолынан шыққан шынайы дүниелер екені сөзсіз. Оқырмандарды ойланып толғануға, сөйтіп ұлттық құндылықтарға немқұрайды қарамауға шақырады.

Жазушы шығармаларының құндылығы, тереңдігі де сонда деп білеміз.



## ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАНЫҢДЫ ЖАДЫРАТАДЫ

Бірде Ахметжанға ауылдастарының бірі:

- Ата, біз күй тартып, ән салып отырғанда, қозғалақтап билеп кетесіз, оны қайдан үйрендіңіз? - депті.

- Мен оны жиенімнің жампоз атанынан, нағашымның қарала торпағынан, құдамның пырағынан, өз үйімнің тастан-тасқа секірген лағынан үйрендім,- деген екен.

*(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988. 254-бет.)*

Айнұр САҚТАҒАНОВА,  
№217 Б.Шалғынбаев атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Қызылорда қаласы.

## ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

*(Абылай ханның 300 жылдығына байланысты өткізілген  
оқу конференциясы)*

**Мақсаты:** оқушылардың әдеби кітаптарды оқуға қызығушылығын оята отырып білім деңгейлерін көтеру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық жұмыстарға баулу, өз білімін көтеруге бағыт беру. **Әдістері:** сұрақ-жауап, байқау, мадақтау, сыни ойлау стратегиялары. **Көрнекілігі:** «Абылай хан» кітабы, Абылай туралы түрлі кітаптар, ғаламтор деректері, сурет (Абылай хан), плакат, нақыл сөздер, түрлі түсті маркерлер, т.б.

**Кіріспе сөз.** «Абылай хан» кітабының суретін салған Қазақстанның белгілі суретшісі Ағымсалы Дүзелханов туралы мәлімет.

**Негізгі бөлім.** Құрметті ата-аналар, оқушылар! Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына байланысты «Даланың дара тұлғасы» атты оқу конференциясын өткізгелі отырмыз.

### **I. Ой болжам.**

- Балалар, «Аян» сөзін қалай түсінесіңдер?
- Адамның есімі.
- Діни ұғым, яғни, түсінде Алла тағала бір нәрсе жайында хабар білдіреді, белгі береді.
- Жанын қинамай тартынып істеу.

II. - Балалар, енді «Абылай хан» кітабындағы «Аян» мәтіні бойынша жұмыс жүргіземіз. «Абылай хан» сөзі бойынша «Білемін.Білгім келеді.Үйрендім» кестесінің «Білемін.Білгім келеді» бағанын топта толтыру (5 мин).

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
<i>Абылай 1711ж. өмірге келді. 70 жасында қайтыс болды. 12 әйелі бар. Кенже ұлы Қасым – Кенесарының әкесі...</i>		

Жазғандарын топ мүшелері ұжымда баяндайды (5 мин).

III. Әрі қарай «Жигсо», «Мозаика» әдісі бойынша жұмыс жүргіземіз.

Оқушылар 4 адамнан тұратын 4 топқа бөлінеді. Бұл бастапқы топ «Үй тобы» деп аталады. «Үй тобындағы» оқушылар 1,2,3,4 деп саналады. Төрт топтағы бірыңғай бірлер I топқа, екілер II топқа, үштер III топқа, төрттер IV топқа топтасады. Бұлар «Эксперт тобы» деп аталады. «Эксперт тобында» эксперт оқушы тағайындалады. «Аян» мәтіні 4 бөлімге бөлінеді. Әр топ өз бөлімін оқиды.

1. Мәтінді оқуға 8 минут уақыт беріледі.

2. Оқығандарын топтарында талқылайды (3 мин).

3. Топ мүшелері «Үй тобына» келіп, әр мүше өз оқығанын баяндайды, түсіндіреді (5 мин).

4. Эксперт тобында тағайындалған эксперт-оқушылар өздері оқыған мәтін бөлімін ұжымда баяндайды: 1-топтағы эксперт-оқушы I бөлімді, 2-топтағы II бөлімді, 3-топтағы III бөлімді, 4-топтағы IV бөлімді.

IV. а) «Білемін.Білгім келеді. Үйрендім» кестесіндегі «Білгім келеді» бағанында айтылған сұрақтарға жауап алса, білемін белгісін (✓) қою.

ә) «Үйрендім» бағанын толтыру, ұжымда баяндату.

V. «Араласыңыз, тоқтаңыз, жұптасыңыз» деген қозғалысқа бағытталған әдіс бойынша жұмысымызды

жалғастырамыз.

1. Оқушылар еркін жүріп араласады.

2. Қозғалмай бір орында тұрып қалады да, жақын тұрғандар жұптасады.

Бір-біріне мәтін бойынша сұрақ бере отырып пікірлеседі, ой толғайды.

**VI.** Оқушылар «Үй тобына» шоғырланады. (Оқушылар төмендегі әдістердің бірі бойынша ой толғайды. 10 минут беріледі)

1. «5 минуттық эссе». Тақырыбы: «Аян» мәтінінен алған әсерім.


2. 5 жолды өлең.

3. «Абылай хан» сөзіне ассоциация (оқыған мәтін бойынша).

4. Т-кестесі. Тақырыбы: «Абылайдың аңға шығуы»

5. «Көнәз» әдісі бойынша жұмыс.

Тақырыбы: «Абылайдың аңға шыққанда ұйықтағаны дұрыс па?» Жазғандарын ұжымға баяндату.




1. Шаршады, сондықтан ұйықтағаны дұрыс.

2. Қалдан-Сереннің қолына түспегенде қалмақ қызына үйленбеген болар еді.

3. Қалдан-Серен Абылайдың халқы үшін туған ер, яғни, тегін адам емес екендігін білді.

4. Қалдан-Серенмен бетпе-бет кездесті, оның бас ордасын көрді.



1. Абылай қалмақтардың қолына түсіп қалды.

2. Көптеген жауынгерлерінен айырылды.

Тиімді	Тиімсіз
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Олжалы болды.</li> <li>2. Текені көріп қызықты. Текені атып, құмарын басты.</li> <li>3. Иштеріне ел қондырды, көңіл көтерді, ән айтты.</li> <li>4. Ойрат қызбен кездесті.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шаршады, әлсіреді.</li> <li>2. От жағып ас пісіргенде өздерін сездіріп қойды.</li> <li>3. Жауынгерлерінен айырылды.</li> <li>4. Абылай тұтқынға түсті.</li> <li>5. Қазақ қаны бұзылды.</li> </ol>

5 жолды өлең

1. Таутеке.
2. Сызгіш, дәу.
3. Сезді, жүгірді, қарады.
4. Таутеке жан-жағына пысқырына қарады.
5. Жануар.

## VII. Оқу конференциясын қорытындылау.

**Үйге тапсырма.** 1. «Білгім келеді» бағанындағы жауапсыз қалған сұрақтарға жауап іздеу. 2. «Оқу конференциясынан алған әсерім», «Оқу конференциясынан кейінгі ой» тақырыптары бойынша эссе жазу.



## ТАПҚЫР СӨЗ ТЫНЫСЫНДЫ АШАДЫ

Бір жолдасы Ахметжанды бірнеше рет үйіне іздеп барып, таба алмай қайтады. Бір кездескенінде:

- Сізді жоғалттым деп жер жүзіне іздеу салдым,- депті. Сонда Ахаң:

- Ей, шырағым, осы күнгі жылдамдықтың, жүгірістің заманында адамды жалғыз жер бетінен іздеп таба аласың ба? Адам біресе Айда, біресе Аңырақайда, енді бірде теңіз түбінде жүре бермей ме? Шаруасы жалғыз жер бетінде ме? - деген екен.

(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., “Жазушы”, 1988. 254-бет.)

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. «ЖАҢА ДОСТАР»

(Әдеби олимпиада. «Алтын сақа»)

**Сабақ мақсаты:** 1) Ғабит Мүсіреповтің өміріне шолу жасай отырып, «Жаңа достар» әңгімесінің мазмұнына тереңірек көз жіберу; 2) тілін, ойын дамыту, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін ұштау; 3) шапшаңдыққа, алғырлыққа, тапқырлыққа баулу. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру. **Түрі:** әдеби олимпиада, дәстүрлі емес сабақ. **Көрнекілігі:** Ғабит Мүсіреповтің суреті, Қайырғали Смағұловтың суреті, асықтар, күйме тәріздес парта, қашықтық өлшемдері жазылған плакат, сұрақ салынған конверттер.

**Сабақтың барысы.** Ұйымдастыру.

**Кіріспе.** Ғабит Мүсірепов туралы мәліметті слайд арқылы көрсету.

**Жалпы сұрақтар.** «Жаңа достар» әңгімесі қандай сөздермен басталады? («Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім - қорқып келемін»).

2. Қай романнан үзінді? («Қазақ солдаты» романынан).

3. Пейзаж дегеніміз не? (Көркем шығармада суреттелетін табиғат көрінісі).

**Ойынды бастау.** «Жаңа достар» әңгімесі бойынша жүргізілетін «Алтын сақа» ойынын бастаймыз.

**«Табалдырық» сұрақтары:**



1. Қайрош қалаға келген уақытта неше жаста еді ? (10 жас)

2. Ол не болып жұмыс істейді? (Бақташы)

3. Қайрош не бақты? (Сиыр )

4. Қарамағында неше сиыр болды? (2887)

Табалдырыққа жеткен оқушылар өз орнын иеленеді.

### «Әудемжер»

Бұл турды бастамас бұрын «Қашықтық өлшемдерін», асықтың түрлерін анықтап алып, кейін арнайы сұрақтарға жауап береді.

(Асықты иіріп отырып түрлерін анықтап алғаннан кейін арнайы сұрақтарға жауап береді)

**«Әудемжер сұрақтары:** 1. Айдынғали кім және оның сөзі (Ағасы. *«Енді естияр азамат болдың... Мына таяқты қолыңа ал, осы ауылдың сиырын енді сен бағасың!»*) 2. Қайроштың ойында не бар ? (*Сиыршының таяғын әліптің таяғына айырбастау бар*) 3. Жамбасқа жайлы төсек болған не ? (*Жұмсақ құм*)

**«Қозыкөш».** Бұл бөлімге өту үшін үш оқушы керек.

1. Шеген мен Қайроштың алғаш танысуы.

2. Шеген Қайроштың жараларын көріп, басын шайқап не деді?

**«Беласар».** Бұл бөлімде екі оқушы қалады.

1. Ойын қай жерде болды? (Тақтаймен қоршалған «Жазғы театрда» болды.

2. Мария апайдың сөзі: - *Сіз анасыз ғой. Мен де анамын. Сізде көп бала болса, он бала бар шығар. Менде елу балам бар... Балаңызды қазір алып кетем десеңіз, қазір қайтарам, өз балаларым да жетеді... Ол жағынан қауіп етпеңіз, сеніңіз... Бірақ ана болып тұрып, балалардың дәмінен татпасаңыз, балалар өкпелейді.*

**«Жолайрық».** 1. Дос туралы мақал-мәтел айту. 2. Оқу-білім туралы мақал-мәтел айту. 3. Туған жер туралы мақал-

мәтел айту. 4. Өнер туралы мақал-мәтел айту.

**Сергіту кезеңі. Көрермендерге сұрақ** 1. Бораш қандай бала? (*Аққұба гана, қағылез, қыз мінезді бала*) 2. Қайроштың аяғына білінген нәрсе не? (Түйенің қабырғасы) 3. Айдынғалидың екінші аты (Айдаш) 4. Шегеннің берген ақылы 1) Алтын жатса алмаймыз. 2) Өтірік айтпаймыз. 3) Қуана білу, мұңая білмеу.

*Оқушылардың білімі сараланып марапатталады.*

**Үйге:** «Менің досым» тақырыбына шығарма жазу.



**Айымхан ТӨРЕНИЯЗОВА,**  
Қызылорда облысы,  
Шиелі ауданындағы  
№158 орта мектептің мұғалімі.

## **«ТІЛІМ МЕНІҢ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ»**

**Білімдік мақсаты** – тілдің қоғамдағы рөлі мен қызметі, сан ғасырлар бойы дамып бізге жеткен шежіресі бай да құнарлы тіліміздің қазіргі жағдайы, мемлекеттік мәртебе алғаннан кейінгі дамуы мен кемшіліктер жайлы пікірлесу; **тәрбиелік** – ана тілімізді таза сақтап, шешен де шебер сөйлей білуге шақыру, көркем әдебиетті көп оқып, сөздік қорымызды байыту; **дамытушылық** – елімізде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып, өз көзқарастарын, ой-пікірлерін дәл, еркін жеткізе білу, шешен сөйлеуге дағдылану.

**Түрі:** дебат сабақ. **Әдісі:** топтық жұмыс, өз пікірлерін дәлелдемелер, сілтемелер арқылы дәлелдеу. **Көрнекілігі:** газет-журнал материалдары, қосымша әдебиеттер, қанатты

сөздер, мақал-мәтелдер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

**Дебат сабақ барысы.** Сайысқа қатысатындар – алты оқушы, үш оқушы – жақтаушы топта, үш оқушы – даттаушы топта. Қалғандары сайысқа қатысқандардың қайсысы өз пікірін дәлелдеулер арқылы сенімді жеткізе алғаны жайлы пікір айтып бағалайды.

Жақтаушы топ қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өз дәрежесінде екендігі, жасалып жатқан игі істер жайлы материалдар жинақтап, осы пікірді қорғайды.

Даттаушы топ қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін қағаз жүзінде ғана алып, іс жүзінде жан-жақты өз дәрежесінде дамып отырмағандығы туралы пікірді дәлелдейді.

Әр сөйлеушіге 5 минуттан уақыт беріледі.

**Жақтаушы топ. 1-оқушы:** - «Өнер алды – қызыл тіл» деп ата-бабамыз ғасырдан ғасырға мұра боп қалар асыл қазынамыз – тілді ерекше бағалап қастерлеген. Ана тіліміздің Мемлекеттік мәртебе алғанына да 20 жылдан астам уақыт өтіпті. Тіл тарихының даму жолдарына көз салып, тарих таразысына салып, істелген игі істер мен кемшін кетіп жатқан әттеген-айлар жайлы мектеп табалдырығындағы жас жеткіншектер өз пікірлерін, ойларын ортаға салмақ

**2-оқушы:** - 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы» қабылданып, 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі –қазақ тілі» делінген. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

**3-оқушы:** - Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға

қолданылады.

Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар осы Заң реттейтін мәселе болып табылады.

Мемлекеттік тілге мемлекеттік қолдау жасалып жатыр. Көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды. Қалың бұқараның мемлекеттік тілге деген құрметі артып келеді, тілдің қоғамдық қызметі кеңейді, мемлекеттік тілде оқытатын балабақшалар мен мектептер саны еселеп өсуде, мемлекеттік тілді оқытатын орталықтар көптеп ашылды. Жоғарғы оқу орындарында сабақтар мемлекеттік тілде жүргізіліп келеді. Көше, мекеме, ауыл аттары қазақшаланды, іс-қағаздар қазақша толтырылады, телеарналарда қазақ тіліндегі қойылымдар көбейді. Тіл үйренуге барлық заңдылықтар, жағдайлар жасалған.

**Даттаушы топ. 1-оқушы:** - Алматы қаласы бойынша 243 орта мектеп болса, соның 24-і ғана қазақ. 154 балабақшаның 24-і ғана қазақша. Қазақстанда әлі де солтүстік жақта қазақ мектептері жоқ ауылдар бар.

**2-оқушы:** - Қазақ тілінде шығарылған қазақ кинолары тіпті сын көтермейді. Қазақша кітап оқымайтын, үйренуді керек етпейтін жастар өсіп келеді.

**3-оқушы:** - Билік басында отырғандар қазақ тілінде сөйлемесе, тілдің үлкен жетістіктерге жетуі екіталай нәрсе. Көшелер жарымжан аудармалармен жазылған жарнамалардан аяқ алып жүргісіз.

**Қорытынды.** Тілдің ертеңі үшін алаңдайтын, тілдің мәртебесін көтеретін де – біздер, Қазақстанның болашағы – жастар осы заңды басшылыққа ала отырып, бай да құнарлы тілімізді көркейту үшін қызмет етуіміз керек. Ана тіл – ата-бабамыздың бүгінгі ұрпаққа қалдырған аманаты, соны көзіміздің қарашығындай сақтап, күтіп баптауға тиіспіз.

## ҚИССА ЖАНРЫ НЕГЕ ЖОҒАЛДЫ?

Туындыгері белгілі поэзиялық шығармаларды елге насихаттайтын өнер адамы **қиссашы** (қиссахан) еді. Қиссашылардың ел ішіндегі беделі өте күшті болған. Қиссашы ауыл аралап жүріп елге тәлім-тәрбие берерлік поэзиялық туындыларды белгілі бір әуеннің ырғағымен, белгілі бір мақаммен әндетіп оқып беретін болған.

Қиссашы-қиссахандар туысқан түркі халықтарында көптеп кездеседі.

Қазіргі кезде қиссашы-қиссахандар қарақалпақ елінде кездеседі. Қарақалпақстанда әдебиет, мәдениет ұйымдары қиссашы-қиссахандарды қазір де құрметтеп, олардың өнерін мемлекеттік телерадиодан көрсетіп һәм есіттіріп тұрады. Қиссашы-қиссахандар тойларда, мерейтойларда өз өнерлерін ортаға салып, рухани байлықтың тереңдей түсуіне септігін тигізіп отырады. Мұндай өнер қазіргі таңда Қарақалпақстандағы қазақтар арасында да кеңінен тараған.

Қазақ ауылдарында қиссаны оқып, халыққа насихаттау бұрын болған, қиссашы-ақындардың поэзияны немесе қиссаларды ел арасында жүріп мәнерлеп оқуы – қазақтың ұлттық дәстүрлерінің бірі. Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінде қиссашы-қиссахан туралы былай деп жазады: «...Кейде ел ішіне ақын келіп қонар еді. Бұл ең бір сәтті күн, ең тәтті күн болатын. Барша жұрт ақын түскен үйге жиналып, иін тіресіп тұратын. Үйге сыймағандары жабықтан

сығалап, ал кейбіреуі ақынның үнін алыстан естігеніне риза болатын...» (А., «Атамұра», 2003,43-бет).

Повесте одан әрі былай деп жазады: «Көкем келгелі ел адамдары әжемнің отауына жиналатын. Көкем әндетіп отырып халық жырларын, қиссаларды оқыр еді. Өзгелері ентелей түсіп, ұйып мүлгіп, теңселе толқып тыңдайтын. Осылай көкем жарықтық өле-өлгенінше ел ішінің ең қалаулы жыршысындай өтіп еді-ау...».

Шығармада жазушының (Бауыржан Момышұлының) көкесі – қиссашы-қиссахан. Қиссашы өз тарапынан өлең-жыр жазбайды. Өзге ақындардың, халық ауыз әдебиетіндегі жыр-дастандар мен қиссаларды қағазға немесе кітапқа қарап отырып белгілі әуенмен (мақаммен) оқып береді. Ал қиссашы-ақын өз өлеңдері мен өзгелердің өлеңдерін белгілі бір әуенмен (мақаммен) айтып (орындап) береді.

Қазіргі таңда Қарақалпақстанда қарақалпақ ақын-қиссашылар бар. Олар (ақындар) өздерінің жазған поэзиялық туындыларын белгілі бір әуенмен (мақаммен) халық алдына (сахнада, теледидарда, радиода) шығып әндетіп оқып береді. Оларды халық «ақын-қиссашылар» деп атайды.

Бізде неге ақын-қиссашылар жоқ? Қазақ ақындарынан әзірше «ақын-қиссашылар» ел алдына шықпай тұр. Бұл рухани байлығымыздың құлдырап бара жатқанынан хабар береді.

Бауыржан Момышұлы қиссашылар тарапынан оқылған қиссалар туралы былай деп жазады: «Қиссалардың маржандай тізілген таза тілі, оралымды ойы, қиял жетпестеңеулері, ертіп отыратын екпіні, ұйытып тастайтын ұйқасы тыңдаушының жан сарайын жарқыратып жібергендей сезілетін. Мен осынау халық қазыналарын алғаш рет ақындардан, көкем сияқты көзі ашық білімділерден сіңіргем. Солардан дәм татып, солардан сусындағам...».

Қиссашыларды қазақ халқы мақтан тұтып құрметтеген. Осындай құрметке Бауыржан Момышұлының көкесі ие болған. «Көкемді көрші ауылдар қолқалап шақырып әкетіп, түнімен жыр оқытатын. Көкем де мұндай кештерден бас тартып көрген емес. Көкеме жыр құмар жанның бәрі, қиссаның қай жерін жаттап алғысы келген ынтызарлар, жұрт отырған жерде бір жырдың кей шумақтарын жырымдап айтса да, «біледі екен» деген атқа ие болу үшін қызыққандар да келетін. Көкем болса ерінбей-жалықпай, әр толғауды бір айтып еске түсіретін. Шынында да, өздері қара танымайтын жырқұмарлардың кейбіреуі келесі бір кеште өзінше жыр соғатын. Сондықтан ондай кісілердің көбі көкемді «ұстазым» десетін...».

Қарақалпақ түркілерінде «қиссахан» деп аталатын өнер адамдары болатынын жоғарыда айттық. Қиссахан жыршыларға ұқсайды. Қисса-дастанды, лирикалық шығарманы белгілі бір мақаммен (әуенмен) жатқа оқып (орындап) береді. Қисса-дастанды қиссахандар белгілі бір әуенмен (мақаммен) кітапқа немесе қағазға қарап тұрып та орындай береді.

Кеңестік идеология кезінде қиссашыларға онша көп көңіл бөлінбеді. Қиссашылардың ел алдында қызмет көрсетуі рухани байлығымыздың артуына септігін тигізеді. Енді егемендік алғаннан соң осы қиссашылардың халық алдындағы қызметін бірқалыпқа түсіру зиялы қауым алдындағы міндет болып тұр.

Қазіргі кезде қарақалпақ түркілерінде қиссахан-шайырлар (қиссашы-ақындар) пайда болды. Қарақалпақ түркілерінде мұндай дәстүр бұрыннан болған. Қиссашы-ақындар өздерінің поэзиялық шығармаларын, өзгенің шығармаларын жатқа немесе қағазға (кітапқа) қарап оқып береді. Өз шығармаларын жатқа оқитын қазақтың белгілі ақындары Олжас Сүлейменовті, Төлеген Айбергеновті, Мұхтар

Шахановты, Серік Томановты, т.б. (егер олар өзгелердің шығармаларын да жатқа немесе қағазға қарап, белгілі бір әуенмен оқып берсе) қиссашы-ақындар деп атауға болар еді.

Қарақалпақ түркілерінің қиссахан-шайырларын қазақтың жырау-ақынымен салыстырып қарауға болады. Бірақ қазіргі қиссахан-шайырлар өзгенің шығармаларының сюжетін өзгертіп жырлауға құқысы жоқ, қазіргі таңда шығарманың иесінің туындыгерлік (авторлық) құқығы заңмен қорғалады. Жырауларда ақындық қабілет болады. Олар белгілі бір қиссаны (шығарманы) жаттап алып, орындай отырып, шығарманың сюжетін, эпизодын өзгертіп жырлаған.

Қиссашы-ақындардың шығармашылығын қолдап-қуаттау, жастардың рухани байлығын тереңдету мақсатында облысымызда қиссашы-ақындарға арналған бәйгелер ұйымдастырылса, олардың шығармаларын халыққа таныту мақсатында облыстық теледидарда, радиода арнаулы көрсетулер мен есіттірулер жүргізілсе, осы бір ұмытылып бара жатқан дәстүрдің қайта оралуына септігін тигізер еді.

Ал өзі өлең жазбайтын, бірақ халық туындылары мен белгілі қазақ ақындарының поэзиялық туындыларын көпшілік алдында мәнерлеп оқып беретін қиссашы-қиссахандарды қалыптастыруды облыстық мәдениет департаменті қолға алса, әдебиетіміз бен мәдениетімізде үлкен бетбұрыс болар еді.

Халқымыздың рухани байлығын молайту мақсатында, ұлттық идеологияның негізі болатын мәдени дәстүрлерді қайта қалпына келтіруді назарға ала отырып, қиссашылардың қоғамдағы орнын қайта түлету мақсатында төмендегідей іс-шараларды жүзеге асыруға ұсыныс жасағым келеді:

*1) мектеп оқушыларына арналған оқу құралдарында қисса жанры Һәм қиссашылар туралы тереңірек мәліметтер берілсе;*



2) мектеп, мектеп-гимназия жанындағы көркемөнерпаздар үйірмелерінде жас қиссашыларды тәрбиелеуге назар аударылса;

3) жоғарғы оқу орындарында, колледждерде педагогикалық бағыттарда қиссашыларды тәрбиелеуге назар аударылса, мүмкіндік болса, қосалқы мамандық дайындау қолға алынса;

4) ауылдарда, аудандарда, қалаларда, облыстарда қиссашылар бәйгесі ұйымдастырылса;

5) қиссашылардың халықаралық бәйгесі ұйымдастырылса (әлем қазақтары үшін);

6) Қазақстан телеарналарында қиссашылардың өнері насихатталса;

7) Қазақ радиосында қисса жанры мен қиссашылардың өнері насихатталса.



## ӘРКІМНІҢ ӨЗІНЕ АРЫ – СЫН

Жамбыл 1939 жылы Алматыға ақындардың республикалық слетіне бармақ болып қамданып жатады. Тоқсанның үшеуіне келген қарт ақынның жанындағылардың бірі Жәкең слетке салтанатты, сәнді барсын деген ниетпен жағасына әтір сепсе керек. Сонда Жамбыл аяқ астынан:

Иісің жақсы нәрсесің жас адамға,  
Жараспайсың тоқсанды жасағанға.  
Жас күнімде жанымнан шықпайтындар  
Ұқсап кетті бәрі де қашағанға.

Жабағыны жапсырып иегіме  
Жүргеніме өзім де күлемін де.  
Қарақшылы түйедей қаужиыппын  
Қанша жылу болғанмен жүрегімде,-

деген екен.

(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988. 256-бет.)



**Сафура ТЕМІРБАЕВА,**  
**Мұқағали Мақатаев атындағы**  
**№140 мектеп-гимназияның мұғалімі.**  
Алматы қаласы.

## **БАЛА ЖАНЫН СҮЙЕДІ ЖЫР-ЖҮРЕГІМ**

### **ЕСЕНБІСІҢ, МЕКТЕБІМ!**

Қайта бізді қыркүйекте қарсы алған,  
Есенбісің, құт мекенім – мектебім!  
Шәкірттерің қайта оралды өзіңе  
Сенде өткізіп кеткен кеше көктемін.

Жайсаң жазда құлпырып-ақ кетіпсің,  
Көрік беріп жаңа кескін – келбетің!  
Бүлдіршіннің құтты болсын қадамы  
Үмітпенен саған алғаш енетін.

Қауышқан соң әріптестер, шәкірттер  
Көңіл шіркін қуаныштан тулаған.  
Шаттық жырға толы көркем айналаң,  
Барша жанға мол шапағат сыйлаған.

Барлығы да сағынып-ақ қалыпты  
Балаған соң сені Білім-Анаға.

Көріп жаңа мауқыңды бір бастың-ау  
Елжіреп бар шәкірт атты балаңа.

Бағытың мен мақсатың нық өмірде,  
Алтын ұя – кемел білім желкені!  
Жалықпастан тәлім алар өзіңнен  
Шәкіртіңнің нұрлы болсын ертеңі!

## **ОҚУ ЖЫЛЫ ҚҰТ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!**

Қоржынында жиылған дәріпті істер,  
Ұстаздық мамандықты сүйікті іс дер,  
Жаңа үмітті жанына серік еткен  
Армысыз, тілегі бір әріптестер!

Асу көрме қиынын өткелдердің,  
Есеп беріп бәріне өткен күннің,  
Бұл жылы да жаңалық жаршысы боп  
Қилы-қилы қызықты өткергін мың!

Зейін берсін оқуға құштарға тым,  
Қалам жүйрік болсыншы ұшталғасын!  
Жетістікке бас қосып жүздесейік,  
Шәкірт бәйге алмаса – ұстазға сын!

Ұтылуға жол бермес керек істер,  
Жеңістерге бастайды демек іскер.  
Қоңырау сыңғырымен енген жаңа  
Оқу жылы құт болсын, әріптестер!

# СЫҢҒЫР ҚАҚ, КҮМІС ҚОҢЫРАУ!

Заңғар биік мектептің  
Ашайық білім қақпасын,  
«Кел, оқылық, кел, кел!» деп  
Қыркүйек есік қаққасын!

Шәкірт біткен жиналып  
Думанға думан қосуда.  
Сыныпқа енбек ниетпен  
Қоңырау үнін тосуда.

Ата-ана, ұстаз, шәкіртке  
Ғиззат күні осынау  
Білім құлпын ашайық,  
Сыңғыр қақ, күміс қоңырау!

Оқуға баста баршаны  
Айтулы күні осынау!  
Жүрекке үміт, нұр сыйлап  
Сыңғыр қақ, күміс қоңырау!

## ШӘКІРТІМ

Шәкіртім, сеніп сөзге құлақ асқын,  
Жеміссіз пайдасы аз құр ағаштың.  
Білім алып тереңге қанат жайсаң,  
Шөліркеген күнде де қурамассың.

Сонда алған биіктен құламассың,  
Ал, нанбасаң, жар таяу, қия бастың.  
Есеңгіреп ессіз күн кешкен жандай  
Кеткеніңше күш-қуат жия алмассың.

Болашаққа жол баста қамықпастан,  
Жастығыңда білім жи жалықпастан.  
Өмірінде оңбайды-ау надан жандар  
Оқуға бетін бұрмай алып-қашқан.

Тілін білген тұлпарды жауыр қылмас,  
Білімі әлсіз асуды бағындырмас.  
Қуат ап мол біліммен сусындаған  
Дегеніне жетеді жалынды жас.

Ер жеткенде қамығып қиналмайсың,  
Жас күнінде жанға азық жинағайсың.  
Өзіңдей өр жастарға сенім артқан  
Отаныңа нұрлы шақ сыйлағайсың...

## АНА ТІЛЕГІ

Жақсы азамат ойлаған болашағын,  
Арта қалсын сәбилік шала шағың.  
Еркелікті азайтып кітапты алғын,  
Сен мектепке барасың, балапаным!

Қуанышы шынында бұл анаңның -  
Сенің, жаным, оқуға жарағаның.  
Қалам ал да, ойынды доғар енді,  
Сен мектепке барасың, балапаным!

Ұстазың бар ойлайтын бала қамын,  
Мол біліммен әрленсін бала шағың.  
Сөмке алып, формаңды киші, күнім,  
Сен мектепке барасың, балапаным!

Білім жиған барлығы даналардың,  
Оқымаған өмірде адасар мың.  
Сәтті болсын қадамың, сәтті болсын,  
Сен мектепке барасың, балапаным!

## ОҚИМЫН ДЕП ТАЛПЫНҒАН БҮЛДІРШІНГЕ

Өткен күннен мен талай сыр түйдім шын,  
Естелікке енгіздім бұл күнді тым.  
Әлі есімде есіктен кіріп келген  
Оқуға ерте асыққан сол бүлдіршін.

Кіп-кішкентай жан екен қайраты мол,  
Мектепке ерте баруды ойлапты ол.  
«Әлі жасың жеткен жоқ» десе де ана,  
«Барамын» деп мектепке қоймапты ол.

Әпкесінің кеткенін көріп алып,  
Бантигін байлады шаш өріп алып.  
Мектепке қарай беттеп келе жатты  
Бақша толы гүлдерін жұлып алып.

Әпкесі оқитұғын бұл бөлменің  
Сабақ кезі гүл алып кірді ішіне.  
Мен оның гүлін алып «Отыр!» дедім,  
Күзетші де таң болды бұл ісіне.

«Оқимын!» деген жанға қой дейсің бе?!  
Бар оқушы қарайды бүлдіршінге.  
-Кешіріңіз! – деп кірді сосын ана,  
Қуып жетіп жүйрікті үлгерсін бе?!

-Тыңдамай қашып шықты қайтем енді,  
Қынжыла сөйледі ана сыймай демі.  
-Бір күн оқып шықсын,- деп мен өтіндім,  
Бізге шын, көрінсе де Сізге ертегі.

Бүлдіршінге ашқандай білім есік,  
Бал-бұл жанды бақыттың самалы есіп.  
Оқып біліп, тоқуға жаны құмар  
Міне, қандай бүлдіршін келеді өсіп...

## ҚАЖЕТТІЛІК

«Ұстаз болу – өнер» дерсіз шынында,  
Өйткені ол – нәр беруші ғұмырға.  
Нұрлы өмірге бастар жолды көрсетіп,  
Жөн сілтейді жалқау менен мырыңға...

Үйретуге қашаннан құштар жаны,  
Тәлім беру шәкіртке – ұстанғаны.  
Кенін қазып білімнің қажымаған  
Ұлықтаған жөн болар ұстаздарды!

Ұстазбенен әрленіп балалығы,  
Сол арқылы жөнделген шалалығы.  
Ұстаздарды құрметтеу – қажеттілік,  
Табылған соң бойынан даналығы!



Ботагөз ЖОЛДАСҚАЛИҚЫЗЫ,  
Федоровка жалпы орта  
білім беретін мектебінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Теректі ауданы,  
Федоровка ауылы.

## ЛЕКСИКА ТАРАУЫ БОЙЫНША ТЕСТ

*(ҰБТ-ға әзірлік кезінде қолданатын тест жұмысы)*

### 1. Лексиканың зерттеу нысаны:

а) Сөз; ә) Дыбыс; б) Сөйлем; в) Әріп.

### 2. Толық мағыналы сөзді көрсет:

а) дейін; ә) білім; б) керек; в) жөн.

### 3. Омонимдік қатарды табыңыз:

а) қайшының жүзі, суға жүз; ә) жүз, келбет;  
б) жүз, өң, дидар; в) таудың басы, ағаштың басы.

### 4. Антонимдерді табыңыз:

а) үлкен-биік; ә) тез-бар; б) үлкен-кіші; в) таза ауа.

### 5. Синонимдік қатарды анықта:

а) халық, жұрт, көпшілік; ә) қымбат, арзан;  
б) кәрі, қарт, жас; в) үлкен-кіші.

### 6. Диалект сөзді тап:

а) асаба, аймақ; ә) сүгірет, торлама;  
б) ханша, сарай; в) Ойсыл қара.

### 7. Эвфемизмді көрсет:

а) ит өлген жер; ә) Ойсыл қара;  
б) жан тәсілім етті; в) боқмұрын.

### 8. Тұрақты сөз тіркесін тап:



- а) Қас қаққанша;                    ә) Кең болсаң, кем болмайсың;  
б) Білімнің қайнар көзі;    в) Кітап – білім бұлағы.

### 9. Мақалды көрсет:

а) Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде;

ә) Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда;

б) Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек бекер мал шашпақ;

в) Көзді ашып-жұмғанша.

### 10. Табу сөздерді тап:

а) абысын-ажын;

ә) еркем, кенжем;

б) сыйға сый, сыраға бал;    в) үлкен-кіші.

### 11. Дисфемизмді анықта.

а) боғымен жасты баламен ойнау;

ә) ит үреді, керуен көшеді;

б) ел іші – өнер кеніші;

в) еркем, кенжем.

### 12. Ауыспалы мағынада жұмсалып тұрған сөз тіркесі

а) қалың дәптер;

ә) қалың қол;

б) үлкен үй;

в) таза бөлме.

### 13. Омонимді тап:

а) Алатаудың аясындағы балапанды аяп, ұясына  
апарып қойды

ә) Бұл жұмыс көпшілікке аян болды;

б) Хан – елдіктің ең жоғарғы қызметі;

в) Білімді мыңды жығар.

### 14. Кәсіби сөзді анықта:

а) биші;

ә) Қорқыт;

б) атауыз;

в) етікші.

### 15. Араб тілінен енген сөз

а) кәмпит, сөмке;

ә) мектеп, ғибрат;

б) Алтай, Зайсан;

в) бәтеңке.

### 16. Фразеологизмді анықта:

а) айы оңынан туды;

ә) ұялған тек тұрмас;

б) әділ төрелік;

в) қонаққәде.

**17. Қолдануға жаңадан енген сөз**

- а) лексика; ә) президент; б) жеделхат; в) патсайы.

**18. Синонимді анықта:**

- а) баспана, қора; ә) аяу, аяқтау;  
б) жалғыз, жалқы; в) кітап, қалам.

**19. Орыс тілінен енген кірме сөз:**

- а) кәмпит, сөмке; ә) пұл, ғибрат;  
б) Алтай, Зайсан; в) ұран, ұлан.

**20. «Қыздың жиған жүгіндей» тұрақты сөз тіркесінің**

**антонимі:**

- а) көрікті; ә) ретсіз; б) әдемі; в) таза.

**21. География ғылымының терминдері:**

- а) етіс, жалғау; ә) үдеу, рәміз;  
б) тамыр, жасуша; в) құрлық, түбек.

**22. Диалект болатын сөз:**

- а) шалбар, көйлек; ә) бекіре, шортан;  
б) жөткіру, сым; в) кітапхана.

**23. Көп мағынаға ие бола алатын сөз: *Бұлақ көрсең***

***көзін аш.***

- а) бұлақ көрсең; ә) көзін; б) аш; в) көр.

**24. Диалект болатын сөзді тап: *Оның баратын жері***

***алыстұғын***

- а) Оның; ә) баратын; б) жері; в) алыстұғын.

**25. Терминдерге тән белгілер:**

- а) көнерген сөздер;  
ә) Ғылым, техника саласындағы сөздер;  
б) кәсіпке байланысты сөздер;  
в) белгілі бір аймаққа тән сөздер.



# ҚОСАРЛАНУ ЖОЛЫМЕН ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – қосарлану жолымен жасалған туынды сөздерге түсінік беру, жасалу жолдарын ажырата білуді меңгерту, жаттығу жұмыстары арқылы білімін пысықтау; **дамытушылық** – танымдық қызығушылығын арттыру, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту, әдемі жазуға, көркемсөзге баулу, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, имандылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, үлестірмелі қағаз, оқулық. **Әдіс-тәсілдері:** ойын, топтастыру стратегиясы, топпен жұмыс. **Түрі:** жаңа сабақ. **Типі:** меңгерген білімдеріне шолу жасау. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

**Ұйымдастыру:** сәлемдесу, сыныпты түгелдеу, оқушылардың сабаққа деген көңіл-күйін көрнекілік бойынша білу.

**Үй тапсырмасын тексеру.** 375-жаттығу. Интерактивті тақта арқылы ұяшықтар ішіндегі сұрақтарға жауап беру.

**Өзектілендіру кезеңі.** Ребус арқылы сабақтың тақырыбын ашып, мақсатын анықтау.

**Жаңа сабақ.** Өзіндік жұмыс (топтастыру).

(Оқулықтың 168-бетіндегі мәліметтер түсіндіріледі).

381-жаттығу. Тақтамен жұмыс.

383-жаттығу. Мәтіннен қосарлану жолымен жасалған

сөздерді теріп жазу. Балықтар әлемі туралы қандай ертегі, кино, көркем шығармаларды білесіңдер?

**Терме диктант** (Интерактивті тақтадан теріп жазады)

*Алма, жиырма, жүгірді, бірқазан, бақа-шаян, батыр, сырға, жүрек, азды-көпті, кітап, ұрмай-соқпай, қалам, жүзік, тоғыз, үшін, ет, құрт-құмырсқа, көйлек-көншек, шаш, мақта, сары түс, апыл-ғұпыл, тау, алқа-салқа, он, оқушы, сандық, жоғары-төмен.*

**Бекіту кезеңі.** 382-жаттығу.

**Тұжырымдау кезеңі.** Қосарлану жолымен жасалған туынды сөзді «Алма жинау» ойынымен қорытындылау.



**Айғаным ҚҰРЕСҚЫЗЫ,**  
Атырау аграрлы-техникалық  
колледж мұғалімі.

## ӘДЕБИЕТТЕН ТЕСТ

**1. «Қалқаман-Мамыр» поэмасының авторы кім?**

- а) Ахмет Байтұрсынұлы;    ә) Мағжан Жұмабаев;  
б) Шәкәрім;    в) Міржақып Дулатов;  
г) Жүсіпбек Аймауытов.

**2. Ахмет Байтұрсынұлы қай жылдары бала оқытты?**

- а) 1895-1909;    ә) 1924-1926;    б) 1913-1918;  
в) 1918-1919;    г) 1914-1916.

**3. «Атақты ақын» сөзі «алтын Абайға» өлеңінің авторы**

- а) Ахмет Байтұрсынұлы;    ә) Бейімбет Майлин;  
б) Мағжан Жұмабаев;    в) Міржақып Дулатов;  
г) Сәкен Сейфуллин.

**4. «Бақытсыз Жамал» романы қай жылы, қай қалада басылып шықты?**

- а) 1912 жылы, Семейде;      ә) 1910 жылы, Қазанда;  
б) 1915 жылы, Алматыда;    в) 1918 жылы, Ақмолада;  
г) 1920 жылы, Орынборда.

**5. Міржақыптың анасының аты кім?**

- а) Зылиқа;                      ә) Қадиша;                      б) Тоты;  
в) Сәбила;                      г) Зәуреш.

**6. Ахмет Байтұрсынұлы қай жылы дүниеге келді?**

- а) 1896;                      ә) 1873;                      б) 1886;  
в) 1878;                      г) 1882.

**7. «Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса...» Бұл қай өлеңнен алынған?**

- а) Қырық мысал;      ә) Маса;                      б) Қазақ қалпы;  
в) Жиған-терген;      г) Бақ.

**8. «Серке» газеті қай жылы басылып шықты?**

- а) 1905;                      ә) 1907;                      б) 1906;  
в) 1904;                      г) 1908.

**9. «Бақытсыз Жамал» романының басты кейіпкері кім?**

- а) Шолпан;                      ә) Жамал;                      б) Сәрсенбай;  
в) Байжан;                      г) Нұрым.

**10. «Ғайша» қай романның кейіпкері?**

- а) «Еңлік-Кебек»;                      ә) «Қалың мал»;  
б) «Бақытсыз Жамал»;                      в) «Қамар сұлу»;  
г) «Кім жазықты?».

**11. Спандияр Көбеев Ыбырай мектебіне қай жылы орналасты?**

- а) 1901;                      ә) 1898;                      б) 1887;  
в) 1897;                      г) 1899.

**12. «Тіл – құрал» кітабын кім жазды?**

- а) Міржақып;  
ә) Мағжан Жұмабаев;

б) Сұлтанмахмұт Торайғыров;

в) Ахмет Байтұрсынұлы;

г) Бейімбет Майлин.

**13. «Мен кеттім, сендер елде қойдың қалып,  
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып»**

**Өлең жолдарының авторы кім?**

а) Ахмет Байтұрсынұлы;            ә) Мағжан Жұмабаев;

б) Бейімбет;    в) Шәкәрім;    г) Міржақып Дулатов.

**14. Шәкәрім қай жылы оңаша елсізге кетті?**

а) 1912-1917;    ә) 1912-1908;    б) 1909-1910;

в) 1907-1908;    г) 1908-1909.

**15. «Ел қалып Тобықтыда тұра алмаймын,**

**Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын». Қай**

**поэмадан үзінді?**

а) «Қамар сұлу»;            ә) «Қалқаман-Мамыр»;

б) «Еңлік-Кебек»;        в) «Қалың мал»;

г) «Бақытсыз Жамал».



## ҰТЫШ

Абылайдың бір баласы жаугершілікте қалмақтармен соғыста қаза табады. Ханнан қаймығып ешкім мұны естірте алмайды. Дағдарған көпшілік бұл жағдайды Ұтыш шешенге жеткізеді.

- Қаралыға қайғыны естірту – ата-бабамыздан келе жатқан мирас. Өлгенін жасырғанмен көмгенін көрмей ме?- деген Ұтыш Абылайдың алдына барып:

- Кім қуанар күннің ерте батқанына,

Кім қуанар аққуын атқанына?

Жайсаның жау қолында қазақ тапты

Ауылға жүремін деп жатқанында, -

деп естіртіпті.

(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988. 420-бет.)

# ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – тұрақты сөз тіркестерінен алған білімдерін пысықтау; тәрбиелік – оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру, сөз өнерін құрметтеуге баулу; дамытушылық – алған білімдерін өмірлік практикада қолдану дағдысын жетілдіру, көркем ойлау қабілетін дамыту.

**Түрі:** сайыс сабақ. **Оқыту формасы:** деңгейлеп оқыту, бірлескен ұжымдық әрекет. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, деңгейлік тапсырма, іздендіру. **Көрнекілігі:** үлестірмелі парақша, суретті парақша.

**Сабақтың барысы.** Ұйымдастыру: а) оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру: ә) сабақ тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

**Деңгейлік тапсырмалар:**

**1-деңгей тапсырмасы.** Еркін сөз тіркесі мен тұрақты сөз тіркесін ажырату. *Жүрек жұтқан, жүректі емдеу, жерге кіріп кете жаздау, үріп ауызға салғандай, ауызша айту, құлақ қою, үлгілі бала.*

**2-деңгей тапсырмасы.** Тұрақты сөз тіркестерінің сөйлемдегі қызметін анықтау. *Бұл жолы екі кәсіпкерді өзбек саудагерлері мұзға отырғызып кетті. Ұшақ аспанға көтерілгенде, екі өзен алақанға салғандай болып көрінді.*

*Ит байласа тұрғысыз баспананы тұрақ еткеніме – бүгін төртінші күн.*

**3-деңгей тапсырмасы.** Берілген тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрау.

*Қуанышы қойнына сыймау, арасынан қыл өтпейтін, ат төбеліндей, көңілін қалдыру, қол ұшын беру.*

**Топпен жұмыс.** «Суретіне қарап сөзін тап». Суретті бірнеше парақша үлестіріледі. Суреттегі нәрсеге байланысты тұрақты сөз тіркестерін тауып айту.

**1-топқа:** құлақ, көз (*құлақ аспау, көз шырымын алу...*)

**2-топқа:** қол, қабак (*қабагынан қар жауу, екі қолын төбесіне қою...*)

**3-топқа:** ауыз, бет (*аузын қу шөппен сұрту, ауызға ілігу, бетінен алу...*)

**Жасырын тұрақты тіркес.**

Үш топ бір-біріне жасырын сөз айтып, тұрақты тіркеспен оның баламасын табады.

1-топ 2 топқа: дауласу, өкіну, ұялу, таңырқау.

2-топ 3 топқа: араздастыру, тату дос, қатты сасқалақтау, мазасын алу.

3-топ 1 топқа: алыс, безу, үндемеу, мырза.

**Кубизм стратегиясы.**

Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызатын оқыту стратегиясы.

**Суреттеңіз.** Тұрақты сөз тіркесінің анықтамасы.

**Салыстырыңыз.** Тұрақты сөз тіркесін еркін сөз тіркесімен салыстырып, өзіндік ерекшелігін табу.

**Зерттеңіз.** Тұрақты сөз тіркесінің зерттелу аясы, сөйлеу мәдениетіндегі орны, маңызы.

**Қолданыңыз.** Тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып бірнеше сөйлем құрастыру.

Төмендегі ұғымдарды тұрақты сөз тіркестерімен бейнелеп айтқанда қалай айтады?



Үш топқа бес сұрақтан беріледі.

1. Мұғалім Айдын Омаровтың білмейтіні жоқ, бәрін де істей алады. Ол суретші де, жүргізуші де, ағаш шебері де, механик те. Музыка аспаптарында ойнап, үйіріліп билейді. Бейнелеп айтқанда, ондай адамды қалай атайды? *(Сегіз қырлы, бір сырлы; Он саусағынан өнер тамған)*

2. Болаттың Артеkte бірге болған жақсы досы бар екен. Ол үнемі сол досын айтып, әңгімелеп отырады. Сөйтіп үнемі айтып отыруды не дейді? *(Аузынан тастамайды)*

3. Жақан клубқа барса, онда адам өте көп, тығыз, отырарға орын жоқ екен. Жақан кіре алмай, үйіне қайтып кетеді. «Неге кіріп отырмадың?» деген інісіне ол не деді? *(Ине шаншар жер жоқ)*

4. Жөнімен істейтін істі бүлдіріп, қырып-жойып келетін адам *(Шаш ал десе, бас алады)*

5. Көрген-білгенінің бәрін жоққа сайып, бар да болса, жоқ деп тұратын адамдар туралы *(Аузын қу шөппен сүрту)*

6. Молшылыққа кездесіп, мол олжаға ие болу *(Шаш етектен бату)*

7. Бірдемені амалсыздан әзер істеу *(Қолының ұшымен гана)*

8. Біреудің жаман іс, мінезін әшкерелеуді (бет пердесін жұлып алу)

9. Біреудің кемшілігін бетіне айтып, қатты сынау *(Бетің бар, жүзің бар демейді)*

10. Екі бірдей қайғы қасіретті басынан кешіру жөнінде *(Екі оттың ортасында күйю)*

11. Қатты ұялғандық сезімі жөнінде *(Жерге кіріп кете жаздау)*

12. Болымсыз бірдемені сылтауратып, істі істегісі келмеу, бүлдіру *(Бүйректен сирақ шығару)*

13. Көре тұра бірдемеден айырылып қалу жағдайы *(Сақалды қолдан беру)*

14. Дос болып келіп, дұшпандық істеп кету немесе мақтап келіп дағтап кету туралы (Күле кіріп, күңіреніп шығу)

15. Біреуді біреудің өзіне тәуелді етіп алуы (*Ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында*).

**Үйге тапсырма:** 1-деңгей – 119-жаттығу; 2-деңгей – бір-бірімен синоним, антоним болатын тұрақты сөз тіркестерін топтап жазу; 3-деңгей – тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып өтірік әңгіме құрастыру.

**Оқушылардың білімін бағалау.**



Әсемгүл ӘБЕНОВА,  
Томар ауылындағы  
№22 орта мектептің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Қарқаралы ауданы.

## ТЕСТ

(7-сынып)

### Қазақ тілі

#### 1. Көптік жалғауын көрсетіңіз.

- |                |                |
|----------------|----------------|
| а) -лар, -лер; | ә) -ым, -ім;   |
| б) -сы, -сі;   | в) -мыз, -міз. |

#### 2. Септеліп тұрған зат есімді көрсет.

- |              |                |
|--------------|----------------|
| а) кітабым;  | ә) әні;        |
| б) Мараттың; | в) күнделігің. |

#### 3. Салыстырмалы шырайды табыңыз.

- |               |          |
|---------------|----------|
| а) жақсы;     | ә) кіші; |
| б) үлкенірек; | в) бір.  |

**4. Жинақтық сан есімді табыңыз.**

- а) қырықтан;                      ә) сексеніміз;  
б) бесеу;                              в) бір.

**5. Жіктеу есімдігін табыңыз.**

- а) менмін;                            ә) сол;  
б) анау;                                г) кімің.

**6. Өткен шақты білдіріп тұрған етістікті табыңыз.**

- а) келіп отыр;                      ә) ойнап жатыр;  
б) барған;                              в) шашпақ.

**7. Бұйрық райлы етістікті табыңыз.**

- а) айтпа;                                ә) барғым келді;  
б) оқытса;                            в) көрмесек.

**8. Есімше неше түрлі жолмен жасалады?**

- а) 2;                                      ә) 3;  
б) 6;                                      г) 4.

**9. Жіктеліп тұрған есімшені тап.**

- а) көргенмін;                      ә) берердің;  
б) айтқанымыз;                      в) бармас.

**10. Шартты райдың жұрнағын табыңыз.**

- а) -са, -се;                            ә) -ғай, -гей;  
б) -ғы, -гі;                              в) -қы, -кі.

**11. Қалау райлы етістікті көрсет.**

- а) Оқығым келеді;                      ә) айтпасаң да болады;  
б) бітсе екен;                            в) барсаңыз еді.

**12. Есімшенің жұрнағын тап.**

- а) -ған, -ген, -қан, -кен;                      ә) -са, -се;  
б) -ғы, -гі;                                в) -ғай, -гей.

**13. Жіктеліп тұрған көсемшені көрсет.**

- а) мен жазамын;                      ә) сен көргенсің;  
б) сіз бермессіз;                            в) ол айтқан.

**14. Көсемше қанша түрлі қызмет атқарады?**

- а) 2;                                      ә) 3;  
б) 4;                                      в) 5.

**15. Тұйық етістіктің септеліп тұрған түрін көрсет.**

- а) келуім;                      ә) баруы;  
б) сөйлеуге;                  в) келулері.

**16. Синтаксис нені зерттейді?**

- а) сөз тіркесі мен сөйлем;  
ә) тіл дыбыстары;  
б) сөздердің дұрыс айтылуын;  
г) сөздердің дұрыс жазылуын.

**17. Сөздердің байланысу тәсілдері нешеу?**

- а) 4;                              ә) 5;  
б) 3;                              в) 6.

**18. Сөз тіркесін көрсет.**

- а) баланың аты;              ә) ит арқасы қиянға;  
б) мұзға отырғызу;        в) төбе шашы тік тұру.

**19. Матаса байланысқан сөз тіркесі.**

- а) баланың жақсысы;      ә) қаладан қашық;  
б) балға бай;                в) зар еңіретті.

**20. Сөз тіркесі білдіретін синтаксистік қатынастар қанша түрге бөлінеді?**

- а) 4;                              ә) 2;  
б) 3;                              в) 5.

## Қазақ әдебиеті

**1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қай жырға жатады?**

- а) лиро-эпостық;  
ә) эпостық;  
б) тұрмыс-салт;  
в) наурыз.

**2. Дулат Бабатайұлының туған жылын көрсет.**

- а) 1802 ж.;                      ә) 1874 ж.;  
б) 1806 ж.;                      в) 1817 ж.

**3. Махамбет шығармасын көрсетіңіз.**

- а) «Аягөз, қайда барасың?»;
- ә) «Тарланым»;
- б) «Қараңғы түнде тау қалғып»;
- в) «Ақын ініме».

**4. «Соншама құны толық пұлды түйме**

**Артында қалдырмас па жақсы даңқын?!». Үзінді кімнің қай өлеңінен алынған?**

- а) «Бір адамға»;
- ә) «Шәкірт ойы»;
- б) «Екі шыбын»;
- в) «Тарланым».

**5. Мына үзіндіде көркем бейнелеудің қай түрі қолданылған? Таудан аққан бұлақтай күйін шерткен.**

- а) эпитет;
- ә) теңеу;
- б) антитеза;
- в) метафора.

**6. Абайдың өмір сүрген жылдарын көрсетіңіз.**

- а) 1804-1860 ж.;
- ә) 1845-1904ж.;
- б) 1810-1872 ж.;
- в) 1817-1880 ж.

**7. «Шәкірт ойы» кімнің шығармасы?**

- а) М.Өтемісұлы;
- ә) Ж.Аймауытұлы;
- б) А.Құнанбайұлы;
- в) С.Торайғыров.

**8. Тұрсын – қай шығарманың кейіпкері?**

- а) «Әнші»;
- ә) «Күн менікі»;
- б) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»;
- в) «Абайдың «Жиырма тоғызыншы қарасөзі».

**9. Сүйінбайдың шәкірті болған ақын.**

- а) Абай Құнанбайұлы;
- ә) Дулат Бабатайұлы;
- б) Ахмет Байтұрсынұлы;
- в) Жамбыл Жабаев.

**10. Сәкен Сейфуллин өмір сүрген жылдар.**

- а) 1894-1938 ж.;
- ә) 1804-1845 ж.;
- б) 1810-1875 ж.;
- в) 1880-1938 ж.

**11. «Әнші» кімнің шығармасы?**

- а) Ілияс Жансүгіров;
- ә) Сәкен Сейфуллин;
- б) Мағжан Жұмабаев;
- в) Мұхтар Әуезов.

**12. «Тұнжыраған торғын түн, төндім сұлу суына»**

**деген үзінді Ілиястың қай шығармасынан?**

- а) «Әнші»;
- ә) «Бөбек бөлеу»;
- б) «Күйші»;
- в) «Ағынды менің Ақсуым».

**13. Мағжан Жұмабаевтың өмір сүрген жылдары.**

- а) 1893-1938 ж.;
- ә) 1894-1938 ж.;
- б) 1897-1961 ж.;
- в) 1900-1973 ж.

**14. Мағжанның өлеңін көрсет.**

- а) «Сүйемін», «Толқын»;
- ә) «Бөбек бөлеу», «Әнші»;
- б) «Қамаудан», «Тұлпарым»;
- в) «Аттандыру».

**15. Лириканың неше түрі бар?**

- а) 3;
- ә) 4;

б) 2;

в) 5.

**16. Мұхтар Әуезовтің туған жерін көрсет.**

а) Семей облысы, Шыңғыс болысы;

ә) Солтүстік Қазақстан облысы;

б) Талдықорған өңірі;

в) Павлодар өңірі.

**17. Қасен мен Бейсенбай Әуезовтің қай шығармасының кейіпкері?**

а) «Көксерек»;

ә) «Қорғансыздың күні»;

б) «Жетім»;

в) «Оқыған азамат».

**18. «Есіл бойында» кімнің шығармасы?**

а) Сәбит Мұқанов;

ә) Ғабит Мүсірепов;

б) Сәкен Сейфуллин;

в) Мағжан Жұмабаев.

**19. Ана туралы көп жазған қай ақын?**

а) Шәкәрім Құдайбердіұлы;

ә) Ілияс Жансүгіров;

б) Ғабит Мүсірепов;

в) Сәкен Сейфуллин.

**20. «Ақын өлімі туралы аңыз» кімнің поэмасы?**

а) Әбділда Тәжібаев;

ә) Қалижан Бекхожин;

б) Қасым Аманжолов;

в) Тахауи Ахтанов.



**Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

**Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы  
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 24.08.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3986.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау  
бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта:** [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)

**Басылатын жері** – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық  
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8, 2011ж., 144 бет, Алматы.